«Бекітілді»

«KMF Банк» акционерлік қоғамының Басқармасымен
(2026 жылғы «18» наурыздағы № 17 хаттама)

«KMF Банк» акционерлік қоғамының Басқармасы бекіткен
өзгерістермен және толықтырулармен
(2026 жылғы «29» мамырдағы № 33 хаттама)

«KMF Банк» акционерлік қоғамының Басқармасымен
(2026 жылғы «08» қазандағы № 63 хаттама)

«KMF Банк» акционерлік қоғамының
БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫ
(жеке тұлғаларға арналған)

Алматы қ.,
2026 ж.

Мазмұны

«KMF Банк» АҚ банктік қызмет көрсету шартында (жеке тұлғаларға арналған) қолданылатын терминдер мен анықтамалар....3
1. БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫНЫҢ МӘНІ....13
2. БАНКТІК ШОТТАРДАҒЫ ҚАЛДЫҚ АҚШАНЫ ҚАЙТАРУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ....15
3. БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ....15
4. КАРТАНЫ ШЫҒАРУ/ҚАЙТА ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ....21
5. БАНКТІК ҚАРЫЗ БЕРУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ....24
6. ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕР....37
7. БАНКТІК ШОТТЫ АШПАЙ ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ....51
8. БҚКШ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ....55
9. БҚКШ БОЙЫНША ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ....61
10. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ (ФОРС-МАЖОР)....64
11. БҚКШ ШЕҢБЕРІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫ....65
12. БҚКШ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, БҰЗУ ТӘРТІБІ....66
13. БҚКШ ӨЗГЕ ДЕ ТАЛАПТАРЫ....66
14. «KMF Банк» АҚ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ....68

«KMF Банк» АҚ Банктік қызмет көрсету шартында (жеке тұлғаларға арналған) қолданылатын терминдер мен анықтамалар

№	Термин/Анықтама	Терминді/анықтаманы түсіндіру
1.	**Акционер**	Банк акцияларының меншік иесі болып табылатын тұлға/тұлғалар
2.	**Антифрод-орталық (алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығы (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің антифрод-орталығы)**	«Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі № 11-VI Қазақстан Республикасы Заңының 25-1-бабында көзделген тәртіппен алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларын және өзге де төлем транзакцияларын анықтауға және жол бермеуге бағытталған шараларды үйлестіруді және қабылдауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің заңды тұлғасы
3.	**Аутентификация**	қауіпсіздік рәсімдерінің талаптарына сәйкес электрондық құжаттың түпнұсқалығын және жасалу дұрыстығын растау
4.	**Аутентификация, соның ішінде көп факторлы аутентификация**	Клиент ұсынған сәйкестендіргіштің оған тиесілі екенін тексеру, сондай-ақ операцияның (транзакцияның) түпнұсқалығы мен дұрыстығын, Клиент аутентификаторының өзі ұсынған сәйкестендіргішке сәйкестігін тексеру арқылы электрондық құжаттың Банктің қауіпсіздік рәсімдерінің талаптарына сәйкес жасалғанын растау
5.	**Банк**	«KMF Банк» акционерлік қоғамы, бизнес сәйкестендіру нөмірі 061240001583, орналасқан мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 50, барлық филиалдары мен өзге де оқшауланған бөлімшелерімен бірге
6.	**Банктік шот/Шот**	Клиенттің Банктегі ақшасының қозғалысын, сондай-ақ Клиент пен Банк арасындағы Клиентке банктік қызмет көрсету бойынша шарттық қатынастарды көрсету және есепке алу тәсілі
7.	**Банкомат**	төлем картасын ұстаушыға төлем картасы арқылы қолма-қол ақша алуға және эмитенттің басқа да қызметтерін пайдалануға мүмкіндік беретін электрондық-механикалық құрылғы
8.	**Банктік қызметтер (оның ішінде электрондық банктік қызметтер)**	Клиенттің банктік шот(тар)ындағы ақша сомасы, банктік шот(тар) бойынша жүргізілген операциялар туралы ақпарат алу үшін өзінің банктік шот(тар)ына қол жеткізуіне, төлемдер мен ақша аударымдарын жасауға, есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуге, банктік шот(тарды) ашуға немесе жабуға, салым ашуға және салым бойынша операциялар жүргізуге, Банк телекоммуникация желілері, спутниктік байланыс немесе басқа байланыс түрлері арқылы ұсынатын банк операцияларының басқа түрлерін шығаруға

		және/немесе жүзеге асыруға байланысты Банктің көрсететін қызметтері
9.	**Бенефициар**	төлем және (немесе) ақша аударымы өз пайдасына жүзеге асырылатын тұлға;
10.	**Биометриялық аутентификация**	Клиенттің жеке басын анықтау мақсатында биометриялық деректерді салыстыру және сәйкестігін тексеру процесі
11.	**Веб-банкинг**	Интернет желісі арқылы электрондық банктік қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін бағдарламалық жасақтама
12.	**Салым**	салымшы Банкке номиналды мәнде қайтару шартымен, сыйақы мөлшері және оны төлеу талаптары алдын ала келісілген, бірінші талап ету бойынша немесе қандай да бір мерзімнен кейін, толығымен немесе бөліп салымшыға тікелей қайтарылуы немесе оның тапсырмасы бойынша үшінші тұлғаларға берілуі тиістігіне тәуелсіз беретін ақша
13.	**Ішкі нормативтік құжаттар** (бұдан әрі – ІНҚ)	Банктің уәкілетті органы бекіткен Банк, оның органдары, лауазымды тұлғалары, құрылымдық бөлімшелері, филиалдары, қызметкерлері, бизнес-процестері қызметінің тәртібі мен шарттарын реттейтін ішкі нормативтік құжат (кодекстер, саясаттар, ережелер, қағидалар, стандарттар, әдістемелер, нұсқаулықтар, регламенттер, нұсқаулар, лауазымдық нұсқаулықтар, жадынамалар және Банк қызметін реттейтін басқа да құжаттар)
14.	**Шот бойынша үзінді көшірме**	Банк белгілеген нысан бойынша белгілі бір уақыт кезеңі үшін шоттың жай-күйі мен ақша қозғалысы туралы мәліметтерді қамтитын, Банк құрастырған және Клиентке жіберген ақпараттық есеп (қағаз тасымалдағышта немесе электрондық түрде)
15.	**Верификация**	алынған бір реттік кодты енгізу арқылы электрондық банктік қызметтерді алу мақсатында ұялы байланыс құрылғысының ұялы абоненттік нөмірін растауға бағытталған Клиенттің бірізді әрекеттерінің жиынтығы
16.	**Қолданыстағы заңнама**	Қазақстан Республикасының (бұдан әрі – ҚР) қолданыстағы заңнамасы, сондай-ақ ҚР заңда белгіленген тәртіппен ратификациялаған халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар, меморандумдар және т.б.)
17.	**Карта ұстаушы**	Банктік қызмет көрсету шартына қосылған және Банкпен төлем картасын беру туралы шарт жасаған, осы талаптарға сәйкес Картаны пайдалануға құқығы бар жеке тұлға (яғни Клиент)
18.	**Серпінді сәйкестендіру**	Бір реттік (біржолғы) кодты пайдалану арқылы Клиенттің электрондық банктік қызметтерді алу құқығын бірыңғай растау мақсатында оның жеке басын растауды белгілейтін рәсім

19.	**Шарт**	егер өзгеше көзделмесе, шарттардың кез келгені: Ағымдағы шот шарты; Банктік қарыз шарты; Банктік салым шарты; Жеке тұлғаға арналған төлем картасын беру туралы шарт және т.б.
20.	**Банктік қызмет көрсету шарты** (қысқаша – БҚКШ)	Банктің интернет-ресурсында жарияланған, қосылу шарты нысанында жасалатын осы банктік қызмет көрсету шарты
21.	**Банктік қарыз шарты**	кредит желісін беру (ашу) туралы келісімді/банктік қарыз шартын білдіреді, оған сәйкес Банк Қарыз алушыға банктік қарыз береді, қайтару мерзімін, талаптарын, сыйақы мөлшерлемесін белгілейді, Қарыз алушы мен Банктің құқықтары мен міндеттерін реттейді.
22.	**Сенімді тұлға**	қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен және талаптармен банктік қызмет көрсету кезінде Клиенттің Банкпен өзара қарым-қатынасында оның мүдделерін таныту үшін Клиент қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен уәкілеттік берген тұлға
23.	**Қосымша үй-жай**	Клиенттерге қызмет көрсету бойынша банктік операциялардың белгілі бір спектрін жүзеге асыратын бір облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) шегінде Банк филиалының мекенжайынан өзгеше мекенжайда орналасқан Банк филиалының құрылымдық бөлімшесі
24.	**Дроппер**	құқыққа қарсы операцияларда санкциясыз пайдаланылуына әкелген, үшінші тұлғаға өзінің банктік шотына және (немесе) электрондық төлем құралына қолжетімділік берген, сол сияқты өзінің төлем құралдарын үшінші тұлғаға, оның ішінде материалдық сыйақы үшін пайдалануға берген тұлға
25.	**Қарыз алушы**	Банкпен Банктік қарыз шартын жасаған, банктік қарызды алатын және оны белгіленген мерзімде қайтару міндеттемесін өзіне қабылдайтын жеке тұлға (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмайтын/ ЖК тіркеусіз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын), кредиттік қатынастар тарабы
26.	**Берешек**	Банктік қызмет көрсету шарты, Шарт(тар) бойынша Клиенттің Банк алдындағы барлық және кез келген борышы, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, негізгі борыш сомасы, сыйақы сомасы, Банк көрсеткен қызметтер үшін комиссиялар, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл), Банктік қызмет көрсету шартының талаптарына сәйкес Клиентте Банкке қатысты туындайтын басқа да борыштар
27.	**Кепіл беруші**	жылжымайтын немесе жылжымалы мүлкі немесе ондағы үлесі Банктік қарыз шарты бойынша қамтамасыз ету болып табылатын тұлға
28.	**Сәйкестендіру**	банктік операцияларды жүзеге асыру немесе Клиенттің шоттары, Салымдары және Банктік

		қызмет көрсету шартында көзделген тәртіппен Клиентке ұсынылған басқа да қаржы өнімдері туралы ақпаратты алу үшін Клиент Банкке жүгінген кезде оның жеке басын анықтау
29.	**Сәйкестендіргіш**	Клиенттің оны басқа клиенттерден ажыратуға, яғни сәйкестендіруге мүмкіндік беретін бірегей белгісі
30.	**Сәйкестендіру құралы**	нұсқауды жөнелтушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы немесе әріптер, сандар немесе символдар комбинациясынан тұратын бірегей сәйкестендіргіш немесе төлем қызметін көрсетуші клиентті сәйкестендіру үшін белгілеген және онымен келісілген өзге де сәйкестендіргіш (дербес құпиясөз, бір реттік (біржолғы) сәйкестендіру коды, биометриялық аутентификация құралы);
31.	**Банктің Интернет-ресурсы**	бірегей желілік мекенжайы және (немесе) Банктің домендік аты бар және Интернетте жұмыс істейтін аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылған ақпарат (мәтіндік, графикалық, аудиовизуалды немесе өзге де түрде): https://kmf.kz/
32.	**Байланыс арналары**	Банк белгілеген тәртіппен және талаптармен қолданылатын Клиенттің электрондық поштасы (email), пошталық байланыс, Банктің Интернет-ресурсы, мобильді банкинг, SMS-хабарламалар, Push-хабарламалар, телефондар, банкомат, төлем терминалдары, POS-терминалдар, электрондық терминалдар, Мобильді қосымша арқылы Клиент пен Банк арасындағы ақпарат беру құралдары
33.	**Карта**	төлем картасы, оның ішінде электрондық төлем құралы болып табылатын цифрлық карта, ұстаушысына электрондық терминалдар немесе басқа Қашықтан қызмет көрсету арналары арқылы төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға не Банк айқындаған және оның шарттарымен басқа да операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін ақпарат қамтылған электрондық төлем құралы.
34.	**Клиент**	Банк қызметтерін пайдаланатын немесе пайдалануға ниет білдірген, сондай-ақ тиісті Өтінішке/Шартқа(-тарға) қол қою арқылы Банкпен Банктік қызмет көрсету шартын жасаған жеке тұлға
35.	**Негізгі ақпараттық құжат**	қаржы өнімінің ерекшеліктері, шарттары мен тәуекелдері туралы ақпаратты қоса алғанда, қаржы өнімі туралы негізгі ақпаратты қысқаша және қолжетімді нысанда қамтитын стандартталған құжат. Негізгі ақпараттық құжатты Банк клиентке: Банктік қарыз шарты жасалғанға дейін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес банктік қарыздар бойынша; Банктің ішкі нормативтік құжаттарында

		айқындалатын жағдайларда және тәртіппен өзге қаржы өнімдері бойынша ұсынады.
36.	**Банктің Байланыс орталығы**	Банк Клиенттерінің телефон қоңырауларына, электрондық өтініштеріне қызмет көрсететін Банк бөлімшесі. Клиенттерге тәулік бойы қызмет көрсететін Байланыс орталығы, телефондары: +7 (800) 080 58 00; 7474 – жедел желі
37.	**Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату)**	қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен табыстар болып табылатын мүлікті конверсиялау немесе аудару түрінде мәмілелер жасау арқылы қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңды айналымға тарту не мұндай мүлікті иелену және пайдалану, егер мұндай мүліктің қылмыстық құқық бұзушылықтардан түскен табыстар болып табылатыны белгілі болса, оның шынайы сипатын, шығу көзін, орналасқан жерін, оған билік ету, оны ауыстыру тәсілін, мүлікке құқықтарды немесе оның тиесілілігін жасыру немесе жасырып қалу, сол сияқты қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыруға делдалдық ету;
38.	**Логин**	әріптік белгілеумен көрсетілген Клиенттің есептік жазбасының атауы. Клиенттің логині Клиенттің ұялы телефонының нөмірі болуы мүмкін
39.	**БЕҚБТ**	ҚР заңнамасында айқындалған, Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға/байланысты тарап және/немесе мәміле жасауға мүдделі мәміле жасаушы тұлға
40.	**Мобильді қосымша**	ұялы телефон немесе Мобильді қосымшаны және Интернетке қолжетімділікті қолдайтын басқа құрылғы арқылы Клиенттің Жеке кабинетте электрондық банктік қызметтерді алуына арналған Банктің бағдарламалық жасақтамасы
41.	**Халықаралық төлем жүйесі** (қысқаша – ХТЖ)	MasterCard WorldWide халықаралық төлем жүйелерінің бірі / Visa International халықаралық төлем жүйесі / American Express Card / JCB / Diners Club және т.б. – белгілі бір ережелер мен талаптармен біріктірілген және төлем картасының технологиясын пайдалану негізінде қарым-қатынас құратын есеп айырысу қатысушылары мен олардың есеп айырысу агенттерінің жүйесі. ХТЖ қызмет ету ережелерін белгілейді және өз қатысушыларына ақпараттық қолдау көрсетеді.
42.	**Санкцияланбаған операция**	осы операцияны жасауға өкілеттігі жоқ тұлға жүзеге асырған, оның ішінде Картаны пайдалана отырып жүзеге асырған немесе ҚР заңнамасына қайшы келетін операция (төлем, аударым және өзге). Санкцияланбаған операция сондай-ақ Төлем құжатын және жалған төлем құралын пайдалану арқылы жүзеге асырылған операция болып

		табылады
43.	**Телефон нөмірі**	ҚР ұялы байланыс операторында тіркелген, Клиент Мобильді қосымшада Сәйкестендіру және/немесе Тіркеу кезінде ұсынған, Клиент жеке кабинетке кіру үшін, сондай-ақ SMS сұраулар жіберу және SMS-хабарламалар алу үшін пайдаланатын ұялы телефон нөмірі
44.	**Дербес деректерді өңдеу**	дербес деректерді жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған іс-әрекеттер
45.	**Операция**	банктік шоттарда көрсетілуге тиіс кез келген операция (транзакция), оның ішінде: Картаны (тауарды төлеу және қолма-қол ақша алу) немесе Клиенттердің басқа да төлем карталарын пайдалану арқылы қарыз операцияларын қоса алғанда, кіріс, шығыс, банктік шотқа ақшаны қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз салу; Қайтарылатын төлемдер; Банктің Берешекті өтеу үшін ақшаны есептен шығаруы; өтінішке, банктік қарыз шартына сәйкес банктік шоттардан есептелген төлемдерді, комиссияларды және сыйақыларды есептен шығару; Клиенттің әртүрлі банктік шоттары арасындағы және үшінші тұлғалардың пайдасына аударымдар, оның ішінде эмитенті Банк болып табылмайтын төлем карталарын пайдалану арқылы, Клиенттің банктік шоттарында міндетті түрде көрсетілуге жататын басқа операциялар
46.	**Операциялық күн**	Банк нұсқауларды, нұсқаулардың орындалуын тоқтата тұру немесе мұндай нұсқаулардың күшін жою туралы өкімдерді қабылдайтын және өңдейтін Банк белгілеген уақыт кезеңі. Операциялық күн туралы мәліметтер Банктің үй-жайларында/бөлімшелерінде, сондай-ақ Банктің ресми Интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру арқылы жарияланады
47.	**Негізгі борыш**	берілген банктік қарыз бойынша сыйақыны, комиссияларды және тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептемегенде, нақты берешек қалдығы
48.	**Ақша жіберуші**	төлем және (немесе) ақша аударымы өз есебінен жүзеге асырылатын тұлға
49.	**Құпиясөз**	электрондық банктік қызметтерді алу үшін банк жүйесіне кіру құқығын растау мақсатында жасалатын цифрлық, әріптік және басқа да символдар жиынтығы
50.	**Дербес деректер**	деректер, оның ішінде биометриялық деректер негізінде айқындалған немесе айқындалатын дербес деректер субъектісіне қатысты, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де

		материалдық жеткізгіште тіркеп-белгіленген деректер, оның ішінде биометриялық деректер
51.	**Төлем құжаты**	қағаз нұсқада жасалған не электрондық нысанда қалыптастырылған, оның негізінде немесе оның көмегімен төлем және (немесе) ақша аударымы жүзеге асырылатын құжат
52.	**Төлем құралы**	төлем және (немесе) ақша аударымы соның негізінде немесе ол пайдаланыла отырып жүзеге асырылатын төлем құжаты немесе электрондық төлем құралы
53.	**Сауда және сервис кәсіпорны (ССК)**	өздері жеткізетін тауарларға және/немесе қызметтерге ақы төлеу, оның ішінде Интернет арқылы төлеу бойынша қолма-қол ақшасыз төлемді жүзеге асыру үшін Банктің/эквайер-банктің төлем карталарын қабылдайтын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға
54.	**Қауіпсіздік рәсімдері**	Клиенттің электрондық банктік қызметтерді алуға құқықтарын белгілеу мен оның берілетін және алынатын электрондық құжаттарының мазмұнында қателерді және (немесе) өзгерістерді анықтау мақсатында электрондық құжаттарды жасау, беру және алу кезінде Клиентті сәйкестендіруге және анықтап тануға арналған, ақпаратты қорғау жөніндегі ұйымдастыру-құқықтық шаралар мен бағдарламалық-техникалық құралдар кешені
55.	**Ақша аударымы**	Банктің төлем жасауға немесе өзге мақсаттарға байланысты ақшаны жіберу туралы Клиенттің нұсқауларын ретімен орындауы
56.	**Төлем**	Клиенттің нұсқауын/тапсырмасын орындау және ақшалай міндеттеме бойынша төлемді аяқтау үшін қажетті бірізді операциялар (оның ішінде Клиенттің әртүрлі шоттары арасындағы) және өзге де әрекеттер (оның ішінде Клиенттің атына және Клиенттің ақшасы есебінен электрондық ақшаны пайдалану) жиынтығы
57.	**Төлем қызметі**	төлем қызметін көрсетуші «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі № 11-VI ҚР Заңының 12-бабына сәйкес клиентке көрсететін қызмет
58.	**Алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы**	алдау немесе сенімді теріс пайдалану арқылы клиенттің ақшасын жымқыруға бағытталған үшінші бір тұлғалардың әрекеттері нәтижесінде жүзеге асырылған төлем және (немесе) ақша аударымы (осындай төлемді және (немесе) ақша аударымын жасауға әрекеттенуді, орындалу процесіндегі төлемді және (немесе) ақша аударымын қоса алғанда);
59.	**Қолма-қол ақша беру пункті (АБП)**	пластикті пайдалана отырып (POS-терминал арқылы)/пластикті пайдаланбай төлем картасы бойынша қолма-қол ақшаны қабылдау және/немесе беру операцияларын жасайтын Банк/эквайер-банк филиалы/филиал бөлімшесі (касса).

60.	**Жұмыс күні**	Банк банктік операцияларды жүргізу үшін, сондай-ақ Клиенттің нұсқауларын/нұсқауларын орындауды тоқтата тұру туралы өкімдерін қабылдау және өңдеу үшін ашық болатын, ҚР қолданыстағы заңнамасында белгіленген мереке және демалыс күндерінен басқа кез келген күнтізбелік күн
61.	**Тіркелу**	Клиенттің Мобильді қосымшада Жеке кабинет құруға бағытталған іс-қимыл кешені
62.	**Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар**	мынадай шарттарға сәйкес келетін жеке тұлғалар (жеке кәсіпкерлер болып табылмайтын) - Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар танылады: 1) өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолдануға рұқсат етілген қызметтің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асырады. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимін қолдануға рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді; 2) жұмыскерлердің еңбегін пайдаланбайды; 3) күнтізбелік айдағы табысы тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 300 еселенген мөлшерінен аспайды.
63.	**Жинақ шоты**	Ақша қаражатын орналастыру және ҚР қолданыстағы заңнамасында және тиісті шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде ол бойынша сыйақы төлеу үшін Банк Клиентке теңгемен немесе басқа шетел валютасымен ашқан банктік шот
64.	**Ақша аудару жүйесі**	банк немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру туралы келісім жасаған осы жүйе операторының бағдарламалық жасақтамасын пайдалана отырып ақша аударымдары жүзеге асырылатын төлем жүйесі
65.	**Арнайы шот**	мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі – МӘСҚ) төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді; бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін; ҚР Мемлекеттік уәкілетті органынан төленетін тұрғын үй төлемдерін; кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларға төленетін алименттерді есепке жатқызуға арналған ағымдағы шот;
66.	**Электрондық төлем құралы**	төлемді және (немесе) ақша аударымын жасауға өкілеттігі бар ақша жөнелтушіге төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыруға бастамашы болуға, сондай-ақ ақша жөнелтуші мен

		электрондық төлем құралының эмитенті арасындағы шартта көзделген өзге де операцияларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпаратты қамтитын төлем картасы немесе өзге де электрондық жеткізгіш;
67.	**Шот**	Клиенттің Банкте ашылған банктік ағымдағы, соның ішінде Карта пайдаланатын шоты және/немесе жинақ шоты, өзін-өзі жұмыспен қамтушының ағымдағы шоты
68.	**Арнаулы салық режимі**	салық төлеуші ҚР Салық кодексінде белгіленген талаптарды сақтаған кезде салық төлеушілердің жекелеген санаттары үшін жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібінен өзгеше жекелеген салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді есептеу, төлеу, сондай-ақ олар бойынша салық есептілігін ұсыну тәртібі
69.	**Кредит желісін беру (ашу) туралы келісім (бұдан әрі - Кредит желісін ашу туралы келісім)**	Қарыз алушыға кредит желісін беру (ашу) туралы келісімнің ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылатын шартта (шарттарда) немесе өтініште (өтініштерде) немесе төлем картасын пайдалану арқылы қарыз алу сомасы мен уақытын өзі айқындауға мүмкіндік беретін талаптарда жасалған банктік қарыз шарты
70.	**Тарифтер**	Банктің уәкілетті органы бекіткен, Банк көрсететін банктік қызметтер үшін алынатын, осы Банктік қызмет көрсету шартында көзделген тәртіппен өзгертілуі мүмкін және Банктің ресми Интернет-ресурсында орналастырылатын Банк комиссияларының қолданыстағы мөлшерлері
71.	**Ағымдағы шот**	кәсіпкерлік қызметпен, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимі шеңберіндегі қызметпен, нотариаттық қызметпен, адвокаттық қызметпен, атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен, медиация тәртібімен дауларды реттеу бойынша қызметпен байланысты емес операцияларды атқару үшін Банк Клиентке теңгемен немесе өзге де шетел валютасымен ашатын/ашқан банктік шот
72.	**Өзін-өзі жұмыспен қамтығанның ағымдағы шоты**	өзін өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыруға арналған ағымдағы шот
73.	**Банктің ағымдағы бағамы**	валютаны айырбастау операциясын атқару сәтінде Банк дербес белгілеген валютаның айырбас бағамын білдіреді
74.	**Терминал**	төлем карталарын пайдалану және банктің, ҚР бейрезидент банк филиалының, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның цифрлық жүйесіне қосылу арқылы тауарлар немесе қызмет көрсетулер үшін, оның ішінде POS-терминал орнатылған банкке, ҚР бейрезидент банк филиалына, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге

		асыратын ұйымға ақы төлеу, сондай-ақ қолма-қол ақша беру жүзеге асырылатын электрондық-механикалық құрылғы
75.	**Техникалық овердрафт**	Төлем картасының шоты бойынша Банк санкцияламаған ақшалай техникалық артық шығын, бұл ретте Карта ұстаушының Банк алдында берешегі пайда болады (банктік қарыз ретінде қарастырылмайды)
76.	**Титул парағы**	банктік қарыздың сомасы мен мерзімі, сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің көлемі, өтеу әдісі мен тәсілі, Шарт бойынша міндеттемелерді бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері туралы ақпаратты, Банкке тиісті өтініш беру арқылы Қарыз алушының негізгі борышты ішінара немесе мерзімінен бұрын өтеу құқығы, банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындаудың мерзімін өткізу себептері, кірістері, оның Банктік қарыз шартының талаптарын өзгерту туралы өтінішіне себеп болған басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) көрсетілген жазбаша өтінішін Банкке ұсыну құқықтары туралы ақпаратты қамтитын құжат
77.	**Транзакция**	төлем картасын ұстаушы сатып алған тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді төлеу үшін төлем картасы арқылы жүзеге асырылатын операция, нәтижесінде Төлем картасы шотынан ақша дебеттеледі
78.	**Қашықтан қызмет көрсету арнасы**	клиенттерге қызмет көрсету жүзеге асырылатын банк қызметтеріне қашықтан қол жеткізу арнасы (телефон, интернет, Банкомат, төлем терминалы, Мобильді қосымша, Веб-банкинг, SMS-хабарлама)
79.	**Нұсқау**	төлем және (немесе) ақша аударымы бастамашысының Банкке төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асыру туралы өкімі, ол тапсырма, талап нысанында немесе электрондық төлем құралы немесе қашықтан қол жеткізу жүйесі пайдаланылған кезде клиенттің келісімі түрінде болады;
80.	**Уәкілетті орган**	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган
81.	**Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы (СДАО)**	клиенттерді сәйкестендіру, оның ішінде биометриялық аутентификациялау рәсімдерін жүргізу үшін клиенттердің қолжетімді көздерден алынған деректерімен алмасу бойынша қаржы және төлем ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз ететін цифрлық жүйе
82.	**Электрондық банктік қызметтер**	банктік шотты пайдалана отырып, төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын, шетел валютасымен

		айырбастау операцияларын жүзеге асыру және ақпараттық банктік қызметтерге байланысты емес банк операцияларының басқа да түрлерін жүзеге асыру бойынша Банк көрсететін қызметтер
83.	**Электрондық құжат**	ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және сәйкестендіру құралдарымен куәландырылған, жөнелтуші жасаған және оған жасалғаннан кейін енгізілген бұрмалануларды және (немесе) өзгерістерді қамтымайтын құжат
84.	**Электрондық-цифрлық қолтаңба** (қысқаша – ЭЦҚ)	Ұлттық куәландырушы орталық Клиентке шығарған, жабық (құпия) және ашық (жария) кілттен тұратын таңбалардың бірегей жиынтығы. ЭЦҚ Электрондық құжатқа ЭЦҚ-мен қол қойылғаннан кейін Электрондық құжаттың өзгермейтінін, сондай-ақ Электрондық құжаттың авторлығын растайды
85.	**OTP-құпиясөз/Қол жеткізу коды (код)**	Клиенттің сұрауы бойынша Банктің бағдарламалық-техникалық құралдарымен жасалатын және Клиентке Электрондық банктік қызметтерге қол жеткізуді ұсыну кезінде бір рет пайдалануға арналған электрондық цифрлық таңбалардың бірегей реттілігі. OTP-құпиясөз Клиентті Сәйкестендіру үшін Қашықтан қызмет көрсету арналарына кірген кезде, сондай-ақ Банкке берілетін сұраулар мен құжаттардың аутентификациясы мақсатында пайдаланылады және қолмен қол қоюға тең
86.	**POS-терминал**	(ағылшын тіліндегі Point of Sale сөз тіркесінің аббревиатурасы) бұл ССК-де Картаның көмегімен қолма-қол ақшасыз төлем жүргізу үшін және АБП-де қолма-қол ақша беру үшін қолданылатын электрондық құрылғы
87.	**Foreign Account Tax Compliance Act (қысқаша – FATCA)**	«Шетелдік шоттардың салық режимі туралы» Америка Құрама Штаттарының Заңы FATCA (Foreign Account Tax Compliance Act)

1. БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТЫНЫҢ МӘНІ

1.1. Осы «KMF Банк» АҚ Банктік қызмет көрсету шарты (бұдан әрі мәтін бойынша – БҚКШ) жеке тұлғаларға, соның ішінде БЕҚБТ-ға кешенді банктік қызмет көрсету шарты болып табылады, ҚР Азаматтық кодексінің 389-бабы шеңберінде әзірленген. БҚКШ шеңберінде Банк Клиентке жекелеген Шарттар жасау мүмкіндігін береді. БҚКШ талаптары Қолданыстағы заңнамаға және Банктің ІНҚ-ға сәйкес әзірленді.

1.2. БҚКШ шеңберінде Банк Клиентіне мынадай банктік қызметтер көрсетіледі:

- Шоттар ашу, жүргізу және жабу;
- төлем қызметтері (оның ішінде Карталарды шығару және қызмет көрсету бойынша; Шот ашпай ақша аударымдарын жүзеге асыру бойынша; банктік шот ашпай төлемді жүзеге асыру үшін қолма-қол ақшаны қабылдау бойынша);
- банктік қарыздарды ұсыну және беру;

– электрондық банктік қызметтер.

1.3. БҚКШ-ға қосыла отырып, Клиент Банктің Интернет-ресурсында орналастырылған Банк операцияларын жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидалармен танысқанын және келісетінін растайды.

1.4. БҚКШ-ға қосыла отырып, Клиент өзіне Банктің өнімдері мен қызметтері, БҚКШ немесе тиісті Шартты жасау үшін қажетті құжаттардың тізбесі туралы толық ақпарат берілгенін растайды. Клиент БҚКШ немесе тиісті Шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда жауапкершілік және ықтимал тәуекелдер туралы хабардар етілді. БҚКШ немесе тиісті Шартты жасағанға дейін Клиентке оның талаптарымен танысуға қажетті уақыт берілді.

1.5. БҚКШ-ға қосыла отырып, Клиент өзіне Банктің Тарифтері, Банктің өнімдері мен қызметтерін ұсыну талаптары, қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпарат берілгенін растайды және ол Банктің Интернет-ресурсында орналастырылған Банктің мөлшерлемелерімен және тарифтерімен өздігінен танысуға міндетті. Бұл ретте өнімдер мен қызметтер үшін Тарифтер төмендету/ұлғайту жағына қарай өзгертілуі және толықтырылуы, Банктің қызметтеріне жаңа тарифтер енгізілуі мүмкін және Клиент өнімдер мен қызметтерді ұсыну күнінде қолданыстағы Тарифтер бойынша қызметтерді төлеуге келіседі.

1.6. БҚКШ-ға қосыла отырып, Клиент көрсетілетін қызмет бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде өзінің Банкке, банк омбудсманына, уәкілетті органға немесе сотқа жүгінуге құқығы туралы хабардар етілгенін растайды. Осы мақсатта Клиентке Банктің, банк омбудсманының және уәкілетті органның орналасқан жері, пошталық, электрондық мекенжайлары және Интернет-ресурсы туралы ақпарат ұсынылды.

1.7. Егер ҚР заңнамасында өзгеше көзделмесе, Банк Клиент Банкке берген ақпараттың негізінде Клиентке қаржы өнімдері мен қызметтерін ұсыну туралы шешім қабылдайды. Клиент қаржы өнімдері мен банктік қызметтерді Банктің оң шешімі болған жағдайда ғана ала алатындығы жөнінде хабардар етілді және келіседі.

1.8. Банктің Клиентті, оның ішінде өзге де құжаттар, оқиғалар туралы: пошта жөнелтімдері арқылы, Клиент Банк үшін байланыс нөмірі ретінде жазбаша көрсеткен телефон арқылы, Қашықтан қызмет көрсету арнасы арқылы, SMS-хабарламалар, Push-хабарламалар, электрондық пошта арқылы және Клиенттерге ақпарат алуға және оның Банктен келгенін анықтауға мүмкіндік беретін өзге де тәсілдер арқылы хабардар етуге құқығы бар. Клиент БҚКШ және өзге де Шарт жасау арқылы ақпаратты БҚКШ осы тармағында сипатталған тәсілдермен алуға келіседі. Бұл ретте Клиент Банктің Клиентке жіберген ақпаратының үшінші тұлғаларға қолжетімді болу мүмкіндігіне байланысты барлық тәуекелді көтереді.

1.9. Банк және Клиент БҚКШ шеңберінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимылға бағытталған ҚР заңнамасының талаптарын, шет мемлекеттер заңнамасының, Қазақстан Республикасы жасаған/ратификациялаған халықаралық шарттардың, мемлекеттер мен үкіметтердің басшылары, банктік қадағалау органдарының және шет мемлекеттердің өзге де уәкілетті органдарының басшылары шығарған Банкке қолданылатын өкімдік құжаттардың, сондай-ақ Банк және шетелдік ұйымдар (оның ішінде кредиттік ұйымдар) арасында жасалған шарттардың талаптарын орындау үшін міндетті деп таниды.

1.10. Клиент БҚКШ-ға қосылу арқылы Банкке валюталық төлем және (немесе) ақша аударымы ҚР-дан ақша шығаруға бағытталған болса немесе ҚР валюталық заңнамасының талаптарын орындаудан жалтарумен байланысты болса, валюталық төлем және (немесе) ақша аудару туралы ақпаратты валюталық бақылау органдарына және құқық қорғау органдарына беруіне келісім береді.

2. БАНКТІК ШОТТАРДАҒЫ ҚАЛДЫҚ АҚШАНЫ ҚАЙТАРУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ

2.1. Банк депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады. «ҚР екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес Шотқа[1] орналастырылған ақша ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда ғана депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады.
2.2. Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі – ҚДКҚ) болып табылады. Кепілдік берілген өтем төлемін ҚДКҚ кепілдік берілген өтемді төлеу үшін агент-банктердің алдын ала тізбесінен таңдалған агент-банктер арқылы жүргізеді.
2.3. Кепілдік берілген депозиттер бойынша кепілдік берілген өтемді төлеу ҚР ұлттық валютасында жүргізіледі. Шетел валютасындағы депозиттер бойынша кепілдік берілген өтемді есептеу үшін Банктің барлық банктік операцияларды жүргізуге лицензиясынан айырылған күні анықталған валюта айырбастаудың нарықтық бағамы пайдаланылады.
2.4. Заңда көзделген Шот бойынша кепілдік берілген өтемді төлеу мерзімдері мен тәртібі туралы, оның ішінде депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның ҚР әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында көзделген тәртіппен ашылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алуға арналған жеке зейнетақы шотына талап етілмеген өтем сомасын аудару туралы ақпарат Клиентті осындай ақпараттандыру туралы Заңның талаптарын орындау үшін Банктің Интернет-ресурсында ҚДКБҚ басқару органы бекіткен хабарлама нысанында орналастырылған.

3. БАНКТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

Ағымдағы, Жинақ шоттарды және Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың ағымдағы шоттарын ашу, жүргізу талаптары мен тәртібі

3.1. БҚКШ шеңберінде Клиент Банкке Қолданыстағы заңнамаға және/немесе Банктің ІНҚ-ға сәйкес талап етілетін құрамда, нысанда және мазмұнда қажетті құжаттар тізбесін және Банк белгілеген нысандарға сәйкес жеке тұлғаның ағымдағы шот ашу туралы өтінішін және жеке тұлғаның өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимі шеңберінде қызметті жүзеге асыру үшін ағымдағы шот ашуға өтінішін (бұдан әрі мәтін бойынша – Шот шарты/Өтініш), жеке тұлғаның жинақ шотын ашу және салымға ақша орналастыру туралы өтінішін (бұдан әрі мәтін бойынша – Салым шарты/Өтініш) берген жағдайда Ағымдағы шот(тар), Жинақ шот(тар) және Өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың ағымдағы шоттарын ашуға құқылы.
3.2. Ағымдағы шот/Өзін-өзі жұмыспен қамтығанның ағымдағы шотын ашу туралы өтініш, оны әрі қарай Банк акцептеген жағдайда, осы БҚКШ-мен бірге жасалған Шот шарты болып табылады.
3.3. Салымға ақша орналастырылатын өтініш, Банк оны әрі қарай акцептеген жағдайда, осы БҚКШ-мен бірге жасалған Салым шарты болып табылады.
3.4. Осы БҚКШ талаптары кәсіпкерлік қызмет, нотариаттық қызмет, адвокаттық қызмет, атқарушылық құжаттарды жүзеге асыру жөніндегі қызмет, дауларды медиация тәртібімен реттеу бойынша қызмет шеңберінде Шот(тар) бойынша операцияларды жүзеге асыруға қатысты Шот(тарды) ашуға байланысты қатынастарды реттемейді.
3.5. Шот БҚКШ-ға сәйкес Клиент пен Банк арасында Шот шарты жасалған кезде ашылады. Салым шарты Банкте ашылған жинақ шотына салым сомасы (ақша) түскен күннен бастап жасалған болып саналады.

[1] банктік шот шартымен және (немесе) банктік салым шартымен куәландырылған банктік шоттардағы ақша

3.6. Клиенттің ақшасын есепке алу үшін Клиентке Шот ашу кезінде Банк Клиент Шотының нөмірі болып табылатын жеке сәйкестендіру кодын (бұдан әрі – ЖСК) береді және ҚР заңнамасына және осы БҚКШ-ға сәйкес Шот бойынша қызмет көрсетуді жүзеге асырады.
3.7. Клиенттің Интернетке және Мобильді қосымшаға қол жеткізу мүмкіндігі болған жағдайда, Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес Клиент сәйкестендіруден және аутентификациядан өткен жағдайда Мобильді қосымшаны пайдалана отырып, Шот ашуға болады.
3.8. Осы арқылы Клиент БҚКШ-да көзделген Клиенттің сәйкестендірілуі және аутентификациясы, сондай-ақ тиісті Өтінішке(терге) және/немесе Шартқа (тарға) қол қою тәсілі Шот шартын, Салым шартын жасау және Банктің Клиент нұсқауларын орындауы үшін жеткілікті екенін түсінеді және келіседі.
3.9. Клиент пен Банк арасындағы өзара қарым-қатынаста электрондық түрде пайдаланылатын, Клиент сәтті авторизациялаған құжаттар қағаз нұсқадағы тиісті құжаттарға болып танылады және Тараптардың осы БҚКШ бойынша ұқсас құқықтары мен міндеттерін туындатады (Қолданыстағы заңнамаға сәйкес тек қағаз нұсқада берілуге тиіс құжаттар мен шарттарды қоспағанда).
3.10. Осы БҚКШ талаптарына сәйкес Клиент Мобильді қосымша арқылы жасаған, Шот ашылатын Өтініш және/немесе Шарт акцептелген, сондай-ақ Банкпен жасалған болып саналады.
3.11. Осы БҚКШ-да көзделген негіздермен қатар, Банк Мобильді қосымша арқылы Шот ашудың техникалық мүмкіндігі болмаған жағдайда, Клиенттің сәйкестендірілуі және аутентификациясы теріс болған жағдайда, Банк Шот ашудан бас тартуға құқылы, бұл туралы Банк Клиентке Мобильді қосымша арқылы хабарлайды.
3.12. Банк бөлімшесіне жазбаша түрде жүгінген кезде Клиент Мобильді қосымша арқылы жасалған Салым шартының Шоттың ЖСК көрсетілген қағаз нұсқадағы данасын алуға құқылы.
3.13. Салым шартында мыналар айқындалады: салым түрі, оның сомасы, төмендетілмейтін қалдық сомасы (егер Салым шартының талаптарында көзделген болса), салымның ең аз сомасы, салымның ең жоғары сомасы (егер Салым шартының талаптарында қарастырылған болса), салым валютасы, салым мерзімі, салым бойынша сыйақы мөлшерлемесі және жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі, салым бойынша сыйақы есептеу талаптары, Клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірі, ЖСК, сондай-ақ Салымның басқа да талаптары.
3.14. Салым шарты бойынша сыйақы төлеу, Салым сомасын алу, оның ішінде ішінара алу және Салым шартында көзделген басқа жағдайларда Клиенттің Банкте ашылған Ағымдағы шотына жүзеге асырылады.
3.15. Шот шартында Ағымдағы шотқа орналастырылған ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу көзделуі мүмкін. Ақшаны орналастыру шарттары, төлеу тәртібі және сыйақы мөлшері Шот шартында және БҚКШ-да айқындалады.
3.16. Егер БҚКШ-ның қолданылу мерзімі ішінде Қолданыстағы заңнама осы БҚКШ-да белгілегеннен ерекшеленетін, Шоттарды ашудың және жүргізудің жаңа тәртібімен толықтырылса, БҚКШ-ға қажетті өзгерістер енгізілгенге дейін Шоттарды ашу және жүргізу Қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.
3.17. Шотты(тарды) толықтыру Қолданыстағы заңнамаға сәйкес қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз жүзеге асырылады. Егер тиісті Салым шартында және оның талаптарымен көзделген болса, Салымды толықтыруға болады. Банк Шотты(тарды) толықтыру үшін немесе Жинақ шотын толықтыру үшін шетел валютасындағы монеталарды қабылдамайды.
3.18. Шот аша отырып, Клиент шетел валютасындағы Шоттан ақша аудару бойынша операцияны жүзеге асырған кезде корреспондент-банк және/немесе бенефициар банк тиісті шет мемлекет заңнамасының талаптарын, халықаралық келісімдерді, өзге де талаптарды басшылыққа ала отырып, Банк:

- орындалатын операция туралы кез келген қажетті қосымша мәліметтерді алу мақсатында Клиенттің ақшасын аударуды белгісіз мерзімге тоқтата алатыны;

– шетел валютасындағы ақшаны аударуды аяқтаудан бас тарта алатыны, мұндай бас тартудың себептерін нақты көрсетпей ақшаны корреспондент-банк(тер) ұстаған комиссияны шегере отырып, Банкке қайтара алатыны туралы тиісті түрде хабардар етілгендігін растайды.

3.19. Банк ҚР резидент-клиентіне арнайы шотты тек ұлттық валюта - теңгемен ашады.

3.20. Банктің Клиенттің нұсқауларын және олардың күшін жою немесе оның орындалуын тоқтата тұру туралы өкімдерін қабылдауы Клиент Қолданыстағы заңнамада, осы БҚКШ-да көзделген талаптарды сақтаған жағдайда жүзеге асырылады.

3.21. Қолданыстағы заңнамада тек қағаз нұсқада ғана қолданылуы көзделген нұсқауды қоспағанда, Клиент нұсқауларын және олардың күшін жою немесе оның орындалуын тоқтата тұру туралы өкімдерін Банкке қағаз нұсқада немесе электрондық нысанда (Клиент Мобильді қосымшаға қосылған және Банкте осындай техникалық мүмкіндік болған жағдайда) ұсынады.

3.22. Банкке нұсқауды және оны кері қайтару немесе оның орындалуын тоқтата тұру туралы өкімді қағаз нұсқада тек Клиент немесе Клиенттің атынан жасалатын әрекеттерге тікелей өкілеттіктерді қамтитын Клиенттің нотариалды куәландырылған сенімхатының түпнұсқасы негізінде әрекет ететін басқа тұлға бере алады.

3.23. Егер Банктің пікірі бойынша қолтаңбалар сәйкес келмесе, Банк нұсқауды/өкімді қабылдаудан және орындаудан бас тартуға құқылы. Қолтаңбалар арасында сәйкессіздік болған жағдайда, сондай-ақ Клиенттің/Клиенттің сенімді өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттағы қолтаңбасы түсініксіз болған жағдайда, Банк санкцияланбаған төлем үшін жауапкершілік көтермейді.

3.24. Нұсқауды және оны кері қайтару немесе оның орындалуын тоқтата тұру туралы өкімді Мобильді қосымша арқылы ұсыну, егер Банкте осындай техникалық мүмкіндік болса, Мобильді қосымшада Клиенттің сәйкестендірілуі және аутентификациясы оң болғанда жүзеге асырылады.

3.25. Тапсырма, талап түрінде немесе электрондық төлем құралын не Мобильді қосымшаны пайдалану кезіндегі Клиенттің келісімі түрінде берілген Клиенттің нұсқауын және оны кері қайтару немесе оның орындалуын тоқтата тұру туралы өкімді Банк Операциялық күн ішінде қабылдайды.

3.26. Егер Клиенттің нұсқауын немесе оны кері қайтару не оның орындалуын тоқтата тұру туралы өкімін Банк Операциялық күн өткеннен кейін алса, онда Банк мұндай нұсқауды немесе өкімді келесі Операциялық күннің басында алған болып есептеледі.

3.27. Қолданыстағы заңнамада және БҚКШ талаптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Банк Клиенттің нұсқауын осындай нұсқау алынған бір Операциялық күн ішінде орындауды қамтамасыз етуге кепілдік береді. Халықаралық төлемдер және (немесе) ақша аударымдары ҚР валюталық заңнамасында белгіленген талаптарды сақтай отырып, нұсқауды алған күннен кейінгі 3 (үш) Операциялық күннен кешіктірілмей орындалады. Клиенттің Банкте ашылған банктік шоттары арасында ақша аудару бір Операциялық күн ішінде жүзеге асырылады.

3.28. Банктің ақша жөнелтуші алдындағы ақша аудару бойынша міндеттемесі ақша аудару аяқталған – бенефициардың банктік шоты немесе бенефициардың пайдасына ақша қабылдауды көрсететін өзге шот бойынша Банктің цифрлық жүйесінде бухгалтерлік жазба жасалған кезден бастап орындалған болып саналады.

3.29. Егер төлем қолма-қол ақшаны пайдалана отырып жүзеге асырылса, онда төлем бенефициар не бенефициар уәкілеттік берген тұлға ақшаны алған сәтте аяқталады.

3.30. Егер төлем қолма-қол ақшаны пайдаланбай төлем құжатын беру арқылы жүзеге асырылса, онда төлем бенефициар ақшаны алған сәтте аяқталады.

3.31. Егер төлем қолма-қол ақшаны пайдаланбай ақша аударымы арқылы жүзеге асырылса, онда төлем:

1) бенефициардың банктік шоты бойынша оның пайдасына ақша түскен кезде бухгалтерлік жазба жасау;

2) егер бенефициардың банктік шоты болмаса, бенефициардың банкі бенефициарға қолма-қол ақшаны нақты беруі;
3) осы «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» ҚР Заңының 46-бабының 9-тармағында көзделген есепке жатқызу;
4) бенефициардың пайдасына ақша қабылдауды көрсететін өзге шот бойынша бухгалтерлік жазба жасау арқылы ақша аудару аяқталған сәтте аяқталады.

3.32. Нұсқауды кері қайтару және нұсқаудың орындалуын тоқтата тұру ол орындалғанға дейін және (немесе) ақша жөнелтушінің банкі бенефициарға оның пайдасына төлемнің қабылданғаны туралы ақпаратты жібергенге дейін жүзеге асырылады.

3.33. Нұсқауды кері қайтару туралы өкім уақтылы алынған жағдайда, Банк осы нұсқау бойынша ақша аудармайды және оны осындай өкімді алған күннен кейінгі Операциялық күннен кешіктірмей қайтарады, сонымен бірге бастамашыға алынған өкімнің орындалуы туралы хабарлама жібереді.

3.34. Банк Қолданыстағы заңнамаға және БҚКШ талаптарына сәйкес нұсқауды/оны кері қайтару немесе оның орындалуын тоқтата тұру туралы өкімді орындаудан бас тартуға құқылы.

3.35. Төлем қызметін көрсету (Клиенттің нұсқауларын орындау) фактісін растау мақсатында Банк Клиенттің талабы бойынша қағаз нұсқада не электрондық форматта шот бойынша үзінді көшірме ұсынады. Шот бойынша Үзінді көшірмені бергені үшін Банктің қызметтеріне ақы төлеу Банктің бекітілген Тарифтеріне сәйкес айқындалады.

3.36. Шот бойынша үзінді көшірменің нысанын Банк Қолданыстағы заңнама талаптарын, БҚКШ талаптарын және Банктің ІНҚ ескере отырып дербес айқындайды.

Салымдар бойынша сыйақы есептеу талаптары мен тәртібі

3.37. Сыйақы мөлшерлемесі Салым шартында айқындалады және Салым сомасына, сондай-ақ Салым бойынша барлық қосымша жарналарға қолданылады және егер Салым шартында өзгеше көзделмесе, Салымның бүкіл мерзімі ішінде өзгеріссіз қалады.

3.38. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес есептеледі және Салым шартында көрсетіледі.

3.39. Егер тиісті Салым шартында өзгеше көзделмесе, Сыйақы күн сайын үтірден кейін екі ондық таңбаны дөңгелектеуді ескере отырып, ақша салымда немесе жарна салымда болған күндердің нақты саны үшін есептеледі.

3.40. Егер Салым шартында өзгеше көзделмесе, сыйақы сомасын есептеу кезінде бір айдағы күндер саны бір айдағы күндердің нақты санына тең, жыл 365 (үш жүз алпыс бес) күнге тең болып қабылданады. Салым сомасын орналастыру күні (ұзарту күні)/жарна сомасын Салымға енгізу күні және Салымнан ақшаны алу күні 1 (бір) күн болып есептеледі.

3.41. Қолданыстағы сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі туралы және Салымдардың жекелеген түрлерін қабылдауды тоқтату/тоқтата тұру туралы хабарламаларды Банк Банктің Интернет-ресурсында жариялайды немесе Клиенттерге SMS-хабарламалар, Push-хабарламалар жіберу арқылы хабарлайды. Хабарлау тәртібін таңдауды Банк Қолданыстағы заңнаманың талаптарын ескере отырып дербес айқындайды.

3.42. Егер Салым шартында Салым сомасынан ішінара алу көзделсе, онда Салым шартында көлемі айқындалған төмендетілмейтін қалдық сомасы сақталуы шартында ақшаны ішінара алуға жол беріледі. Бұл ретте алынатын ақша сомасы алдымен соңғы жарнаның сомасын, содан кейін оның алдындағы әрбір жарнаны ретімен азайтады.

3.43. Егер Клиентпен жасалған Салым шартында жол берілетін болса ішінара алу, және/немесе барлық салым сомасын алу Жинақ шоттан Ағымдағы шотқа ақша аудару арқылы жүзеге асырылады. Жинақ шоттан ақшаны Ағымдағы шоттың/Карта пайдаланылатын Ағымдағы шоттың валютасынан өзгеше валютада аударған жағдайда, аударым сомасы Банк операцияны орындау сәтінде белгілеген валюта бағамы бойынша айырбасталады, бұл ретте

Тарифтерде айқындалған мөлшерде айырбастау үшін Банктің комиссиясы бір мезгілде ұсталады.

3.44. Қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен мәжбүрлеп алу жағдайларын қоспағанда, Клиенттің Жинақ шоттан басқа екінші деңгейдегі банкте ашылған шотқа Салым сомасын аударып ішінара алуына немесе Салым сомасын толықтай алуына жол берілмейді.

3.45. Салымнан ақша ішінара алынған жағдайда, салымның алынған бөлігі бойынша есептелген сыйақы Салым шартында көзделген тәртіппен қайта есептеледі.

3.46. Қолданыстағы заңнамада көзделген негіздер бойынша Салым сомасын (оның бір бөлігін) мерзімінен бұрын ішінара немесе толық алған жағдайда, Салымда қалған ақша сомасы төмендетілмейтін қалдық сомасынан аз болса немесе Салым толық алынса, Салым шарты мерзімінен бұрын бұзылған болып саналады. Бұл ретте есептелген сыйақы Салым шартында көзделген тәртіппен қайта есептеледі, Салымның қалдығы (болған жағдайда) Жинақ шотта қалады.

3.47. Клиент Салым сомасын оның мерзімі өткеннен кейін талап етпеген жағдайда (егер Салым шартында автоматты түрде ұзарту көзделмесе), онда Салым сомасы мен есептелген сыйақы Клиенттің Ағымдағы шотына аударылады, бұл ретте сыйақы Салым мерзімі өткеннен кейін Салым шартының қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты есептелмейді.

3.48. Клиент Салым мерзімі аяқталған соң Салымды алмаған жағдайда, Салым шартында көрсетілген Салымды бастапқы орналастырған мерзімге ұқсас мерзімге Салым автоматты түрде ұзартылады, бұл ретте тиісті ұзарту күні Салымның осы түрі бойынша Банкте қолданылатын сыйақы мөлшерлемесі белгіленеді. Банк Салымның осы түріне ақша қабылдауды тоқтату туралы шешім қабылдаған сәтке дейін мерзімі шектеусіз ұзартылады. Бұл ретте мұндай Шарттың талаптары Салым мерзімі аяқталғанға дейін қолданысын жалғастырады. Егер Клиент Салым сомасын Салым шартының мерзімі аяқталғаннан кейін алмаса, ұзарту шарттарын ескере отырып, Салым сомасы мен ол бойынша тиесілі сыйақыны Банк Клиенттің бар Ағымдағы шотына/шоттарына, оның ішінде Салым шартында көрсетілген Ағымдағы шотқа аударады. Салым Жинақ шотынан Ағымдағы шотқа аударылғаннан кейін Салым шарты мерзімінің аяқталуына байланысты салым бойынша сыйақы есептелмейді.

3.49. Егер Салым шартында өзгеше көзделмесе, Салым шартының мерзімі ұзартылған жағдайда, Салым мерзімі ішінде есептелген сыйақы Салым сомасын ұлғайтпайды (капиталдандырылмайды).

3.50. Егер Салым шартында өзгеше көзделмесе, Салым бойынша есептелген сыйақыны төлеу есептеу жүргізілетін айдан кейінгі айдың бірінші жұмыс күні ай сайын жүзеге асырылады. Егер Салым шартында өзгеше көзделмесе, Жарна Салым бойынша есептелген сыйақыны кезекті төлеу күні Салымда 1 (бір) айдан аз болған жағдайда, мұндай жарна бойынша сыйақы кезекті сыйақы төлеу күні осы жарнаның Салымда нақты болған мерзімі ескеріле отырып төленеді.

3.51. Банк Салым сомасын және сыйақыны салымшының немесе Қолданыстағы заңнама талаптарына жауап беретін оның нотариалды куәландырылған сенімхатының түпнұсқасы негізінде әрекет ететін уәкілетті тұлғасының талабы бойынша қайтарады. Салым қайтарылған кезде сол сәтте оған тиесілі барлық сыйақы төленеді.

3.52. Клиенттің, Банктің немесе үшінші тұлғалардың талабы бойынша Салымның барлық сомасы, Салымға енгізілген қосымша жарналардың барлық сомасы толық қайтарылған және/немесе алынған және тиісті сыйақы төленген кезде Жинақ шоты жабылады, ал Салым шарты бұзылған болып саналады.

3.53. Салым сомасын қайтаруды және есептелген сыйақыны төлеуді Банк Клиенттің Ағымдағы шотына Салым шартында белгіленген мерзімде және талаптармен жүзеге асырады. Егер сыйақыны төлеу күні жұмыс істемейтін (демалыс/мереке) күнге сәйкес келсе, онда есептелген сыйақы жұмыс істемейтін күннен кейінгі бірінші жұмыс күні төленеді.

Банктік шоттарға орналастырылған ақшаны пайдаланғаны үшін есептелген сыйақы түрінде Клиенттердің кірістерінен төлем көзінен жеке табыс салығын (бұдан әрі – ЖТС) ұстап қалу

3.54. Егер ҚР заңнамасына сәйкес төленетін кіріс төлем көзінен салық салуға жататын болса, Банк Клиентке сыйақы төлеу кезінде Қолданыстағы заңнамаға сәйкес төлем көзінен ЖТС сомасын әрі қарай бюджетке аудару мақсатында ұстап қалады.
3.55. ҚР Салық кодексіне сәйкес ҚР жеке тұлғаларына олардың банктік шоттары бойынша төленетін сыйақы түріндегі кірістерден Банк салық агенті ретінде Клиенттің сыйақысынан ҚР Салық кодексінде белгіленген мөлшерлеме бойынша ЖТС ұстайды.
3.56. Егер Клиент ҚР резиденті деп танылған болса, Клиент Салым шартын жасау кезінде Банкке оның резиденттігін растайтын, ҚР заңнамасымен бекітілген нысан бойынша ҚР салық органы берген құжаттың (бұдан әрі - ҚР резиденттік сертификаты) түпнұсқасын ұсынуға міндетті.
3.57. Жеке тұлғаның резиденттігі әрбір күнтізбелік жыл үшін расталатынын назарға ала отырып, Клиент ҚР Резиденттік сертификатын жыл сайын жаңартуға және Банктің ЖТС мөлшерлемесін анықтауы мақсатында әрбір жаңа күнтізбелік жылдың басында (25 қаңтарға дейін) Банкке ұсынуға тиіс.
3.58. Клиент Банкке Клиент резидент болып табылатын шет мемлекеттің құзыретті органы куәландырған және Клиенттің жеңілдікті салық салынатын елдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы қосарланған салық салуды болдырмау және салық төлеуден жалтарудың алдын алу мәселелерін реттейтін халықаралық шарт жасаған шет мемлекеттің резиденті болып табылатынын растайтын ресми құжаттың түпнұсқасын (бұдан әрі – Растаушы құжат) ұсынған жағдайда, Банк салық агенті ретінде Клиентке халықаралық шартта (қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенция) көзделген төмендетілген салық мөлшерлемесін қолдануға құқылы. Халықаралық шарт Клиент табыстың түпкілікті (нақты) алушысы (иесі) болған жағдайда және ҚР Салық кодексінде белгіленген мерзімде Растаушы құжатты ұсынған кезде қолданылады.
3.59. Клиент Растаушы құжатта көрсетілген уақыт кезеңі ішінде Қазақстан Республикасы халықаралық шарт жасаған мемлекеттің резиденті болып танылады. Егер Растаушы құжатта резиденттіктің уақыт кезеңі көрсетілмесе, Клиент осындай құжат берілген күнтізбелік жыл ішінде Қазақстан Республикасы халықаралық шарт жасаған мемлекеттің резиденті болып танылады (шет мемлекеттің құзыретті органының Интернет-ресурсында орналастырылған).
3.60. Бұрын (Растаушы құжат ұсынылғанға дейін) ұсталған ЖТС сомасы Банк тарапынан қайтарылуға жатпайды. Бұл ретте Растаушы құжат алған Клиент халықаралық шарттың ережелері қолданылған кезде артық ұсталған және төленген ЖТС-ні бюджеттен қайтару үшін ҚР салық органына жүгінуге құқылы.

Банктік шоттарды жабу тәртібі мен талаптары

3.61. Банк Шотты(тарды) жабуды Банк анықтаған нысан бойынша Клиенттің өтініші негізінде немесе осы БҚКШ-да/Шартта көзделген тәртіппен Шот шартының, Салым шартының қолданысы тоқтатылған немесе орындаудан бас тартқан жағдайда дербес жүзеге асырады.
3.62. Клиенттің Шотында 1 (бір) жылдан аса ақшалай қаражат болмаса және Шотқа (-тарға) қойылған, оның ішінде Банкпен қойылған, үшінші тұлғалар алдындағы орындалмаған міндеттемелер болмаса, Шотты(-тарды) жабуға жол беріледі.
3.63. Банк ҚР бейрезидент банктерімен шартта көзделген жағдайларда Шот шартын немесе Салым шартын орындаудан бас тартуға құқылы.
3.64. Шотта 1 (бір) жылдан астам уақыт бойы ақша және ақша қозғалысы болмаса, Банк өз кезегінде Шот шартын немесе Салым шартын орындаудан бас тартуға құқылы. Оған Жинақ шотының және Арнайы шоттың ақшасы жатпайды.

3.65. Қолданыстағы заңнамада, осы БҚКШ-ның немесе Шарттардың талаптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, салым сомасы Клиентке қайтарылған және олар бойынша сыйақы төленген кезде Салым шарты күшін тоқтатады, ал Жинақ шоты жабылады.

3.66. Банк «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңында көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шот шартын немесе Шартты орындаудан бас тартады.

3.67. Банктің Шот шартын немесе Салым шартын орындаудан біржақты бас тартуына:

- Шот бойынша орындалмаған талаптар немесе мүлікке өкімдік етуді уақытша шектеу туралы жойылмаған актілер, уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) лауазымды тұлғалардың Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері, сондай-ақ Шоттағы ақшаға тыйым салу туралы актілер болған жағдайда (Шотта бір жылдан астам уақыт бойы ақша болмаған жағдайда Банктің Ағымдағы шот шартын немесе Салым шартын орындаудан біржақты бас тарту жағдайларын қоспағанда);
- ҚР валюталық заңнамасына сәйкес Клиент Банкке ұсынған, экспортты (импортты) көздейтін валюталық шарт бойынша орындалмаған талаптар болған жағдайда («Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес Банктің банктік шот шартын немесе Салым шартын орындаудан біржақты бас тарту жағдайларын қоспағанда) жол берілмейді.

3.68. Банк Шот шартын/Салым шартын орындаудан бас тартқан жағдайда, Банк Клиентке Шот шартын немесе Салым шартын орындаудан бас тарту туралы хабарламаны БҚКШ/Шот шартында/Салым шартында көзделген тәртіппен жібереді.

3.69. Банк Шот шартын немесе Салым шартын орындаудан біржақты бас тартқан жағдайда, Банк Шарттардың өзінде белгіленген сыйақы туралы талаптарды ескере отырып, көрсетілген Шарттарды орындаудан біржақты бас тартқан күнге сыйақы төлейді.

3.70. Клиенттің Шотында ақша қалдығы болса (мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақыларды, әлеуметтік төлемдерді немесе мемлекеттік бюджеттен және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан және (немесе) ерікті жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақыларды, сондай-ақ алименттерді (кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды қамтамасыз етуге арналған ақша) есепке жатқызуға арналған шоттарды қоспағанда) Банк ақша қалдығын ҚР заңдарына сәйкес нотариустың депозитіне аударуға және Шотты жабуға құқылы.

4. КАРТАНЫ ШЫҒАРУ/ҚАЙТА ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

4.1. Картаны шығару/қайта шығару Банктің оны шығару/қайта шығару туралы оң шешімі болғанда және Клиент Банк белгілеген үлгідегі Өтінішті (бұдан әрі - Өтініш) және ҚР заңнамасында және Банктің ІНҚ-де көзделген қажетті құжаттарды ұсынғанда Банк айқындайтын мерзімдерде жүзеге асырылады. Өтініштің және Жеке тұлғалар үшін төлем картасын беру туралы шарттың (бұдан әрі – Төлем картасын беру туралы шарт) және БҚКШ негізінде Банк Клиенттің атына Ағымдағы шот ашады, Карта шығарады және оны Клиентке ұсынады, сондай-ақ ҚР заңнамасына, Төлем картасын беру туралы шартқа, БҚКШ-ға сәйкес банктік қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

4.2. Банк шығарған Картаны пайдалану тәртібі мен шарттары ҚР заңнамасымен, Төлем картасын беру туралы шартпен, БҚКШ-мен, MasterCard Worldwide, Visa International ХТЖ жұмыс істеу қағидаларымен реттеледі.
4.3. Карта Банктің меншігі болып табылады және Карта ұстаушыға электрондық терминалдар немесе басқа Байланыс арналары арқылы төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға не қолма-қол ақша алуға, не валюта айырбастауға және Банк айқындаған және оның шарттарында басқа да операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін, Шотқа қол жеткізу құралы ретінде ғана беріледі. Карта шығарылғанға дейін Банк қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы ҚР заңнамасының Карта ұстаушыны тиісті түрде тексеру және сәйкестендіру бөлігіндегі талаптарын орындау үшін қажетті шараларды «KMF Банк» АҚ-ның Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында Ішкі бақылау қағидаларына сәйкес жүзеге асырады. Картаны шығару/қайта шығару Банк белгілеген тәртіппен Қашықтан қызмет көрсету арналары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.
4.4. Цифрлық картаны шығару/қайта шығару Банктің Клиентке оның деректемелері туралы ақпаратты беруі арқылы Банк белгілеген тәртіппен, нақты жеткізгішсіз электрондық түрде Мобильді қосымша арқылы жүзеге асырылады.
4.5. Белсенді мәртебесі бар цифрлық картаны шығару пластикалық картаны нақты берусіз Шоттың және/немесе Картаның деректемелерін ғана пайдалана отырып Операция жүргізуге жол береді.
4.6. Клиент Мобильді қосымшада PIN-кодты өз бетінше орнатады/ауыстырады және іске қосады.
4.7. ҚР бейрезидентіне Карта шығару ҚР заңнамасының талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады.
4.8. Картада оның жарамдылық мерзімі аяқталатын ай мен жыл көрсетіледі. Карта Төлем картасын беру және қызмет көрсету туралы шартта белгіленген тәртіппен іске қосылған сәттен бастап және онда көрсетілген жыл айының соңғы күні (қоса алғанда) аяқталғанға дейін жарамды. Қолданылу мерзімі өткен Карталар бойынша карталық операциялар жүргізілмейді
4.9. Карта ұстаушы Картаны пайдалануға қатысты барлық мәселе бойынша Банкке жүгінеді.
4.10. Карта жоғалған/ұрланған/ақшаның санкциясыз алынғаны анықталған, банкоматта тұтылған, PIN-код жария болған, Картаны пайдаланудан бас тартқан, бүлінген жағдайда, Карта ұстаушы Картаны дереу: Мобильді қосымша арқылы өз бетінше, Банктің Байланыс орталығына жүгініп, Картаны бұғаттау жөнінде ауызша хабарлау арқылы бұғаттауға міндетті. Карта ұстаушы Картаны бұғаттау күшіне енгенге дейін жасалған карталық операцияларға қатысты тәуекел көтереді және жауапты болады.
Клиент Картаны пайдаланудан бас тартқан жағдайда, берешек және Шотқа қойылатын орындалмаған талаптар болмаған жағдайда, Карта мен Шотты жабу Мобильді қосымшада қолжетімді болады.
4.11. Банк Картаға қызмет көрсетуді, тікелей бақылайтын жүйелер мен электрондық құрылғылардың үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және Банкке байланысты емес себептер бойынша қызмет көрсету тоқтатылған жағдайда оны қалпына келтіру үшін барлық мүмкін болатын шараны қабылдайды. Банк Карта ұстаушы Өтініште көрсеткен ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының нөміріне SMS-хабарлама және/немесе Мобильді қосымшада Push-хабарлама жіберу арқылы Карта ұстаушыны Шартта белгіленген тәртіппен осындай хабарлама үшін Банк Тарифтеріне сәйкес комиссия ала отырып (немесе алмай), Операция жүргізу қорытындысы бойынша Операциялар туралы хабардар етеді. Хабарлама кез келген күні (демалыс және мереке күндерін қоса) кез келген уақытта жіберілуі мүмкін. Бұл ретте Карта ұстаушы ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының, ұялы байланыс

абоненттік құрылғысының нөмірінің және Мобильді қосымшаның қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

4.12. Клиент Мобильді қосымшада Банк шығарған басқа бенефициардың Картасына ақша аударуды (1) бенефициардың ұялы телефон нөмірін енгізу арқылы немесе (2) ұялы байланыс абоненттік құрылғысының телефон кітапшасындағы байланыс тізімінен бенефициардың ұялы телефон нөмірін таңдау арқылы, сондай-ақ қолданыстағы Банк Тарифтеріне сәйкес Карта/Шот бойынша өзге де қолжетімді аударым операцияларын жүзеге асыра алады. Бұл ретте БҚКШ жасау арқылы Клиент Банкке өзінің ұялы байланыс абоненттік құрылғысының телефон кітапшасындағы байланыс тізіміне Мобильді қосымшада қолжетімділік беруге өзінің келісімін білдіреді.

4.13. Егер Операция бір валютада жүргізілсе, ал Шот басқа валютада жүргізілсе, Шоттан ақша алу Операция валютасын Шот валютасына айырбастағаннан кейін жүзеге асырылады. Операция валютасын Шот валютасына айырбастау ХТЖ қатысушылары арасында жасалған шарттарға сәйкес жүргізіледі. Операцияны Шот валютасынан басқа валютада жүргізген кезде Банк Операция жасалған күні Банк белгілеген шетел валютасының айырбастау бағамын қолдана отырып, жұппен көрсетеді.

4.14. Егер Операция ҚР шегінен тыс жерде жүргізілсе, онда Операция ХТЖ қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады. ХТЖ арқылы АҚШ долларынан/еуродан басқа валютада атқарылған Операция сомасы осы Операция бойынша Банкпен есеп айырысу күніндегі ХТЖ белгілеген бағам бойынша немесе ХТЖ белгілеген өзге тәртіпте АҚШ долларына/еуроға айырбасталады.

4.15. Банк Карта ұстаушының төлем картасының шотындағы Операция бойынша авторизация сомасын тиісті ХТЖ белгілеген мерзімге жүргізілген Операция бойынша растаушы құжаттарды алғанға дейін, оны Шоттан алғанға дейін немесе Банк авторизация сомасына төлемнің жасалмағанына растау алғанға дейін бұғаттауға құқылы. Бұл ретте Шоттағы бұғатталған сомаларды Банк Картаны бұғаттау туралы өтініш алғаннан кейін де алып қоя алады.

4.16. Карта бойынша жүргізілген Операция бойынша наразылықтар болса, Клиент Банкке өтінішпен жүгінуге құқылы, ол санкцияланбаған төлем немесе басқа наразылық талап бойынша өтінішті қабылдаған жағдайда ХТЖ-ға жүгінеді. Банк санкцияланбаған төлем бойынша өтінішті немесе авторизация жүзеге асырылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң Клиент қойған басқа да шағымды қарауға қабылдамайды.

4.17. Санкцияланбаған төлем немесе басқа наразылық талап бойынша өтінішті қарау мерзімі ХТЖ қағидаларына сәйкес айқындалады.

4.18. Карта ұстаушы POS-терминал арқылы сатып алған жағдайларда, Карта ұстаушы белгіленген жағдайларда жеке басты куәландыратын құжатты көрсетуі тиіс. Интернет ғаламторында тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу Картаны төлеуге қабылдайтын тиісті Интернет-дүкенде қолданылатын шарттармен және тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

4.19. Банк Операция жүргізбеген немесе жүргізу кезінде қате жіберген POS-терминал кассирлерінің әрекеттері үшін жауапкершілік көтермейді.

4.20. Банк Картаны бұғаттауға және/немесе Клиенттің Мобильді қосымшаға кіруіне шектеу қоюға ҚР заңнамасында белгіленген жағдайлардан бөлек мына жағдайларда да құқылы:

1) санкцияланбаған төлемдерді жүргізуге, Клиентке зиян келтіруге әкелуі мүмкін мән-жайлардың болуы;
2) Клиент техникалық овердрафттарды және оның Банк алдындағы кез келген міндеттемесі бойынша кез келген өзге де берешегін өтемеуі осындай берешек түзілген сәттен бастап берешек сомасы толық өтелгенге дейін, клиенттің Банк алдындағы кез келген өзге міндеттемесін орындамауы не тиісінше орындамауы;
3) Операцияны жүзеге асыру кезінде Клиенттің PIN-кодты қатарынан 3 (үш) рет дұрыс термеуі;

4) Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру, Шоттағы ақшаға тыйым салу туралы мемлекеттік органдардың және/немесе лауазымды адамдардың шешімдері/қаулылары негізінде;
5) Клиенттің Шотындағы ақша (барлығы немесе жекелеген) алаяқтық немесе өзге де заңсыз әрекеттердің нәтижесі болып табылады деген күдік болғанда және Клиентке, Банкке не оның өзге де клиенттеріне қатысты құқыққа қайшы іс-әрекеттер іске асырылуы мүмкін өзге де жағдайларда көрсетілген әрекеттер мен олардың салдарларының алдын алу, Клиенттің, Банктің не оның өзге де клиенттерінің ықтимал шығындарды қысқарту мақсатында ҚР заңнамасында және Банктің ІНҚ-де белгіленген мерзімге. Клиент жол берген техникалық овердрафт дереу өтеуге жатады.

4.21. Клиент техникалық овердрафтқа жол берген жағдайда Банк Шартқа сәйкес Картаны бұғаттайды және техникалық овердрафтқа жол берілген күннен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн өткен соң Клиент пайдаланылған техникалық овердрафтты Банк Тарифтеріне сәйкес уақтылы қайтармағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл/өсімпұл) есептейді. Клиент техникалық овердрафтқа жол берген әрбір жағдай Шартты елеулі түрде бұзу болып саналады және оны Банктің бұзуына әкелуі мүмкін. Клиент Шот бойынша ақшаның жұмсалуын бақылай отырып және Операцияларды атқару кезінде Банк комиссиясының сомасын ескеріп, техникалық овердрафтқа жол бермеуге міндеттенеді.

4.22. Клиенттің Банк алдында кез келген берешегі түзілген сәттен бастап Шотқа түсетін ақша ҚР заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, ағымдағы күнге берешектің жалпы сомасын өтеуге жіберіледі.

5. БАНКТІК ҚАРЫЗ БЕРУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

5.1. Осы БҚКШ талаптарымен Банктің Қарыз алушыларына банктік қарыз берудің жалпы тәртібі мен талаптары регламенттелген. Банк Қолданыстағы заңнамада және Банктің ІНҚ-да белгіленген тәртіппен қайтарымдылық, мерзімділік, төлемділік, кейбір жағдайларда қамтамасыз ету, мақсатты пайдалану талаптарында және әрі қарай банктік қарыз беру үшін халықаралық қаржы ұйымдарынан Банктің қарыз қаражаттарын тарту шарттарымен кредит берудің әртүрлі құралдарын ұсынады.

5.2. Егер Банктік қарыз шартында өзгеше көзделмесе, Банктің қарыз шартының мәнін беру банктік қарыз сомасын Қарыз алушының банктік қарызды алу және өтеу үшін Банкте ашылған банктік (ағымдағы) шотына аудару арқылы жүреді.

5.3. Қарыз алушы Банк талап ететін барлық тиісті түрде рәсімделген құжаттарды ұсынғаннан кейін Банк банктік қарыз береді.

5.4. Банк пен Қарыз алушы арасында Банктік қарыз шартын жасау, банктік қарыз беру Банк пен Клиент келіскен және Банктік қарыз шартында бекітілген ережелерге сәйкес, сондай-ақ Клиент барлық құжаттарды, келісімдерді, өтініштерді, сауалнамаларды ұсынған және Мобильді қосымшада сұралған барлық экран нысандарын толтырған кезде және БҚКШ 5.56-т. көрсетілген фактілер болмаған жағдайда мүмкін болады.

5.5. Қарыз алушы Банктік қарыз шартын жасағанға дейін ол банктік қарыздар бойынша мынадай ақпаратты жеткілікті түрде алғанын және ауызша танысқанын растайды:

1) банктік қарыз беру мерзімі;
2) банктік қарыздың шекті сомасы мен валютасы;
3) сыйақы мөлшерлемесінің түрі: бекітілген немесе құбылмалы, егер сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы болса, есептеу тәртібі;
4) жылдық пайыздардағы сыйақы мөлшерлемесінің көлемі және клиент өтініш берген күнгі оның шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі көлемі (нақты құн);

5) банктік қарызды алуға және оған қызмет көрсетуге (өтеуге) байланысты Банк пайдасына Банк комиссияларының, Тарифтерінің және басқа да шығыстардың толық тізбесі және мөлшері;
6) Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда Қарыз алушының жауапкершілігі мен тәуекелдері;
7) кепіл берушінің, кепілдік берушінің, кепілгердің және банктік қарызды қамтамасыз ету туралы шарт тарабы болып табылатын өзге де тұлғаның жауапкершілігі;
8) Банктік қарыз шартын жасау үшін қажетті құжаттардың тізбесі.

5.6. Қарыз алушы Банктік қарыз шарты жасалғанға дейін сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері (жылдық пайызбен не белгіленген сомада), сенімді жылдық тиімді салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері (нақты құны), сондай-ақ банктік қарыз бойынша артық төлем сомасы туралы хабардар етілгенін растайды.

5.7. Қарыз алушы Банктік қарыз шартын жасағанға дейін оған қарызды өтеу әдісін таңдау үшін Банктік қарызды өтеу кестелерінің жобалары ұсынылғанын растайды: аннуитеттік, сараланған және қосымша әдіс (осындай шарт Банктің ІНҚ-да болған жағдайда), Қолданыстағы заңнамада көзделген кредит берудің баламалы шарттары, сондай-ақ жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін қоса алғанда, банктік қарыз талаптары және Қарыз алушының банктік қарыз алуына байланысты тәуекелдер, оның ішінде Қарыз алушының Банктік қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы анық және толық ақпарат. Сондай-ақ, Қарыз алушы оған Банктік қарыз шартының талаптарымен және тиісті Өтеу кестелерімен танысуға жеткілікті уақыт берілгенін растайды.

5.8. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес жеке тұлғамен Банктік қарыз шарты жасалғанға дейін Банк жеке тұлғаға таңдау үшін кредит берудің баламалы шарттарын ұсынады, оларға сәйкес:

сыйақы мөлшерлемесінен басқа, Банктің банктік қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар және (немесе) өзге де төлемдер алуы көзделмеген;

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңының 53-бабы 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Банктің сыйақы мөлшерлемесінен басқа комиссия және (немесе) банктік қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдерді алу құқығы көзделген.

Жеке тұлға таңдаған кредит беру шарттары Банктік қарыз шартында көрсетілуге тиіс.

5.9. Жеке тұлғамен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес банктік қарыз шарты жасалғанға дейін Банк қызметкері (уәкілетті агент) жеке тұлғаға жазбаша нысанда мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қолданыстағы заңнамада көзделген талаптарды ескере отырып, негізгі ақпараттық құжат;

2) шарт жобасы - клиенттің қалауы бойынша.

Клиенттің көрсетілген құжаттармен танысуы оның қол қоюымен расталады.

5.10. Банк Қарыз алушылармен Банктік қарыз шартын жасағанға дейін оған уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген қаржы өнімінің жарамдылық критерийлерін негізге ала отырып, оған қарыз шарттарын ұсынады.

5.11. Осы арқылы Қарыз алушы Мобильді қосымшада Банктік қарыз шартын жасау кезінде Банктің электрондық-цифрлық қолтаңбасын/факсимиле пайдалануға және қол қоюға келіседі.

5.12. Банктік қарыз шарты, егер банктік қарыз шартында өзгеше көзделмесе, банктік қарыз алу және өтеу үшін Банкте ашылған Қарыз алушының банктік (ағымдағы) шотына банктік қарыз сомасын аударған сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

5.13. Банктік қарыз шартына қол қою арқылы Қарыз алушы (Қоса қарыз алушы) Банктік қарыз шарты бойынша құқықты (талаптарды) беруге, сондай-ақ дербес деректерді жинауға және өңдеуге, ол туралы ақпаратты кредиттік бюроларға беруге және кредиттік бюролардың ол туралы кредиттік есепті Банкке беруіне, сондай-ақ тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты, құпия және «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» ҚР Заңында көзделген теріс

ақпараттан бөлек, Қарыз алушыға қатысты кез келген басқа да теріс ақпаратты қоса алғанда, Қарыз алушыға қатысты өзге де ақпаратты, оның ішінде Банк өз қалауы бойынша қажет деп санайтын кез келген мақсатта, сондай-ақ FATCA талаптарын орындау мақсатында пайдалануға өзінің сөзсіз келісімін береді.

5.14. Егер банктік құпияны құрайтын мәліметтерді үшінші тұлғаларға беру және олардың пайдалануы Банктің өз қызметін, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, Банкпен шарттық қатынастарға түскен және Банкке қызмет көрсететін тұлғалардың жүзеге асыру қажеттілігінен туындаса, Банктік қарыз шартына қол қою арқылы Клиент Банкке осы БҚКШ және Шарт шеңберінде ҚР заңнамасында айқындалғандай банктік құпияны құрайтын ақпаратты «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңының ережелеріне және осы БҚКШ-ға сәйкес, тиісті үшінші/өзге тұлғаларға беруге/жария етуге өзінің сөзсіз келісімін береді.

5.15. Тараптардың жауапкершілігі Банктік қарыз шартында және БҚКШ-да көзделеді.

5.16. Банктік қарыз шартына өзгерістер мен толықтырулар Қолданыстағы заңнама талаптарына және БҚКШ шарттарына сәйкес Банктік қарыз шартына қосымша келісімдер жасау арқылы рәсімделеді.

Банктік қарызды өтеу талаптары мен тәртібі

5.17. Банктік қарызды/Берешекті өтеу тәртібі, талаптары, мерзімділігі, кезектілігі, күндері, Қарыз алушының Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Банк қабылдайтын шаралар, Берешекті, оның ішінде Негізгі борышты, Сыйақыны өтеу тәсілдері мен әдістері, Банктік қарыз шарты бойынша өтелетін ең төменгі сома Банктік қарыз шартының талаптарымен айқындалады.

5.18. Егер Банктік қарыз шарты бойынша кезекті төлемді төлеу күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, онда кезекті төлем тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлемей, демалыс немесе мереке күнінен кейінгі бірінші жұмыс күні жасалады.

5.19. Банктік қарызды мерзімінен бұрын толық немесе ішінара өтеу Қарыз алушының жазбаша өтініші, оның ішінде Банктің Мобильді қосымшасы арқылы берілген өтініші негізінде жүреді. Банктік қарыз сомасын мерзімінен бұрын ішінара өтеген жағдайда, Банк Өтеу кестесін қайта қарайды. Бұл ретте Қарыз алушы банктік қарызды мерзімінен бұрын ішінара өтеу Банктік қарыз шарты бойынша кемінде 2 (екі) төлем мөлшерінде өтеу сомасын төлеген кезде ғана жүзеге асырылатынын растайды және келіседі.

5.20. Мерзімінен бұрын толық/ішінара өтеу кезінде Қарыз алушы Банкке банктік қарызды пайдаланғаны үшін мерзімінен бұрын толық/ішінара өтеу күніне дейін (қоса алғанда) есептелген сыйақы төлейді.

5.21. Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және(немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге әкелетін Банктік қарыз шарты бойынша өтеу талаптары өзгерген жағдайда Банк Қарыз алушыға банктік қарызды өтеудің жаңа кестесін жасайды және береді. Өзгертілген Өтеу кестесі Банктік қарыз шартына қоса тіркеледі және бұрын қолданыста болғанды ауыстырады.

Қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) ұлғаюына, банктік қарыз мерзімінің ұлғаюына, сыйақы мөлшерлемесінің ұлғаюына, сондай-ақ банктік қарыз валютасының өзгеруіне әкелетін Банктік қарыз шартының талаптары өзгерген жағдайда, Банк жаңа талаптарды ескере отырып, жаңа титул парағын жасап, Қарыз алушыға береді.

5.22. Негізгі борышты және есептелген Сыйақыны қайтару бойынша кезекті төлем төленбесе немесе төлемдер Банктік қарыз шартының Өтеу кестесінде көрсетілген кезекті төлем сомасынан аз болса, төлем мерзімі өткен болып есептеледі.

5.23. Банктік қарыз шарты бойынша мерзімі өткен Берешек болып:

- Өтеу кестесінде белгіленген соманы уақтылы немесе толық өтемеу;
- комиссия сомасын уақытылы немесе толық өтемеу;

- тұрақсыздық айыбы сомасын (Банктік қарыз шартында белгіленген айыппұлдарды, өсімпұлдарды) уақытылы немесе толық өтемеу;
- Банктік қарыз шарты бойынша және/немесе Банктің талабы бойынша өтеуге қойылған өзге Берешек танылады.

5.24. Қарыз алушы банктік қарызды/Банктік қарыз шарты бойынша Берешекті өтеу шотына жасайтын барлық төлемдер банктік қарызды алу және өтеу үшін Банкте ашылған Шотқа қолма-қол ақшаны немесе қолма-қол ақшасыз тәртіппен енгізу арқылы жүзеге асырылуға тиіс, сондай-ақ Қолданыстағы заңнамаға қайшы келмейтін өзге де тәсілдер пайдаланылуы мүмкін. Банк Банктік қарыз шартының, БҚКШ негізінде және Қарыз алушының Банк алдындағы Берешегін өтеу үшін Қарыз алушының қандай да бір қосымша келісімінсіз Қарыз алушының Шотын және басқа/өзге шоттарын дебеттеуге уәкілетті.

5.25. Жеке тұлғамен жасалған Банктік қарыз шарты бойынша Қарыз алушы жүргізген төлем сомасы, егер ол Банктік қарыз шарты бойынша Қарыз алушының міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болса, Қарыз алушының берешегін мынадай тәртіппен өтейді:

1) негізгі борыш бойынша берешек;
2) сыйақы бойынша берешек;
3) осы БҚКШ-ның 9.4-тармағына сәйкес анықталған мөлшердегі тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
4) ағымдағы төлем кезеңіндегі негізгі борыш сомасы;
5) ағымдағы төлем кезеңі үшін есептелген сыйақы;
6) банктік қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдер бойынша берешек;
7) орындауды алу бойынша Банктің шығындары.

5.26. Осы арқылы Қарыз алушы Банкке Банкте және/немесе басқа банктерде және/немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған Қарыз алушының банктік шоттарын тікелей дебеттеу жолымен Банктік қарыз шарты бойынша Қарыз алушы төлеуі тиіс кез келген валютадағы және сомадағы ақшаны алып қоюға, осылайша өндіріп алынған сомаларды Қарыз алушының орындалмаған міндеттемелерінің валютасына есептен шығару сәтіндегі айырбастау күні Банкте қолданылатын теңгеге валюта бағамы бойынша айырбастауға қайтарымсыз келісімін береді.

5.27. Банктік қарыз алуға арналған өтініш, БҚКШ талаптары, Негізгі ақпараттық құжат, Өтеу кестесі, Титул парағы, қосымша келісімдер, сондай-ақ Банктік қарыз шартына барлық қосымшалар және Банктік қарыз шартының талаптарын өзгерту жөніндегі міндеттемеге әкелетін өзге де өтініштер Банктік қарыз шартының ажырамас бөлігі болып табылады және Қарыз алушыға Мобильді қосымшада қарау үшін қолжетімді болады, осыған байланысты Қарыз алушы жасалған өзгерістер туралы хабардар етілген болып есептеледі.

Қарыз алушы Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Банк қабылдайтын шаралар

5.28. БҚКШ-да, Банктік қарыз шартында және ҚР қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен, төлем талаптарын беру арқылы және/немесе төлем (операция) ордерлері негізінде Қарыз алушының, Қоса қарыз алушының (егер ол кредиттік мәміленің құрамында бар болса) Банкте, басқа банктерде, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банктік шоттарын тікелей дебеттеу арқылы кез келген берешек сомасын кез келген валютада алу/есептен шығару (даусыз тәртіппен өндіріп алу). Осы арқылы Қарыз алушы Банкке, қолданыстағы заңнамада белгіленген жағдайларды қоспағанда, Банкте және/немесе басқа банктерде және/немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған Қарыз алушының кез келген банктік шоттарынан Банктік қарыз шарты бойынша Қарыз алушының ағымдағы және мерзімі өткен Берешегінің сомасын тікелей дебеттеу тәртібімен кез келген валютада ақша алуға, осылайша өндіріп алынған сомаларды айырбастау күнге есептен шығару сәтінде Банкте қолданыстағы бағамдар бойынша Қарыз алушының орындалмаған міндеттемелерінің валютасына айырбастауға құқық береді;

5.29. тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеуді талап ету;
5.30. Қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда Банктік қарыз шарты бойынша барлық міндеттемені мерзімінен бұрын орындауды талап ету;
5.31. соттан тыс өткізу арқылы және/немесе сот тәртібімен кепілге қойылған мүліктің құнынан қанағаттандыруды алу;
5.32. Берешекті өндіріп алу туралы талап арызбен сотқа жүгіну;
5.33. үшінші тұлғалар жүргізетін өндіріп алуға қосылу;
5.34. Банктік қарыз шартының талаптарына сәйкес және/немесе ҚР қолданыстағы заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілдермен Банктік қарыз шарты бойынша Қарыз алушының берешегін өндіріп алуды үшінші тұлғаларға тапсыру, сондай-ақ Банктік қарыз шарты бойынша құқықты (талаптарды) Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Банктің талаптары мен қарауы бойынша үшінші тұлғаларға беру, оның ішінде берешекті сотқа дейінгі өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беру.

Қарыз алушының құқықтары:

5.35. банктік қарызды нақты пайдаланған уақыт үшін сыйақы төлей отырып және Банктік қарыз шартында көзделгеннен басқа, тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлемей, банктік қарызды мерзімінен бұрын өтеу;
5.36. егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны тұрақсыздық айыбын және айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлемей, одан кейінгі жұмыс күні төлеу;
5.37. өтініш бойынша 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, ақысыз, айына бір рет Банктік қарыз шарты бойынша берешекті өтеу шотына түсетін ақшаны (негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының өзге де түрлеріне, сондай-ақ төленуге жататын басқа да сомаларға) бөлу туралы ақпаратты жазбаша нысанда алу;
5.38. Банк Банктік қарыз шарты бойынша берген банктік қарызды мерзімінен бұрын ішінара немесе толық қайтару туралы өтініш бойынша ақысыз, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының өзге де түрлеріне, сондай-ақ төленуге жататын басқа да сомаларға бөлінген, қайтарылуға тиісті соманың мөлшері туралы мәліметті жазбаша нысанда алу;
5.39. банктік қарыз бойынша берешек толық өтелгеннен кейін өтініш бойынша өтініш берілген күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімде берешектің жоқтығы туралы анықтаманы жазбаша нысанда ақысыз алу;
5.40. Банктік қарыз шартының талаптарын Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай өзгерту туралы хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде Банк ұсынған жақсартатын талаптардан бас тарту және өз шешімі туралы Банкке Банктік қарыз шартында айқындалған тәртіппен және (немесе) цифрлық объектілер арқылы хабарлау;
5.41. алынатын банктік қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаса Банкке жазбаша жүгіну және Қолданыстағы заңнамада көзделген мерзімде жауап алу;
5.42. БҚКШ 5.77-тармағында көзделген хабарламаны Банк Қарыз алушыға жіберген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Банкке бару және (немесе) Банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістер, соның ішінде:

- Банктік қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай өзгертуге;
- банктік қарыз шарты бойынша ай сайынғы төлемді Банктік қарыз шартында белгіленген мөлшерден кемінде елу пайызға азайтуға;
- шетел валютасымен берілген банктік қарыз бойынша негізгі борыштың қалдық сомасының валютасын ұлттық валютаға өзгертуге;
- негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлем мерзімін кейінге қалдыруға;
- берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгертуге;

- банктік қарыздың мерзімін өзгертуге;
- мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіруге, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың), комиссиялардың және банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты өзге төлемдердің күшін жоюға;
- «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» ҚР Заңында көзделген тәртіппен кепіл берушінің ипотека мәні болып табылатын жылжымайтын мүлікті өзі сатуына;
- Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындаудың орнына Банкке кепіл және (немесе) өзге мүлікті беру арқылы бас тарту төлемін ұсынуға;
- сатып алушыға Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені бере отырып, ипотека мәні болып табылатын жылжымайтын мүлікті сатуға байланысты өзгерістер енгізу туралы өтінішін негіздейтін Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алудың туындау себептері, кірістер және басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтінішті жазбаша нысанда, сондай-ақ цифрлық объектілер арқылы немесе Банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен ұсыну.

5.43. Банктік қарыз шартының талаптарын өзгертуден бас тарту туралы Банк шешімін алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде, осындай бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін көрсете отырып немесе Банктік қарыз шартының талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізбеген кезде бір мезгілде Банкті хабардар ете отырып, банк омбудсманына жүгінуге құқылы.

Банк омбудсманы Қарыз алушы өзінің Банкке жүгінгеніне және Банкпен Банктік қарыз шартының талаптарын өзгерту туралы өзара қолайлы шешімге қол жеткізбегеніне дәлелдемелер ұсынғанда оның өтінішін қарайды.

Қарыз алушының міндеттері:

5.44. Банктік қарыз шартында көзделген мерзімде және мөлшерде банктік қарызды толық өтеу, тиесілі сыйақыны және өзге де төлемдерді төлеу;

5.45. Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындамаудың нақты не ықтимал жағдайлары туралы Банкті уақтылы хабардар ету, сондай-ақ Банкке:

- қарыздың нысаналы мақсатта пайдаланылуына әсер етуге қабілетті кез келген оқиғалар туралы;
- Банктік қарыз шартының талаптарын кез келген бұзу туралы дереу хабарлау;

5.46. банктік қарызды нысаналы мақсаты бойынша пайдалану;

5.47. кепіл беруші, кепілдік беруші, кепілгер ретінде әрекет ететін немесе Қарыз алушының Банк алдындағы міндеттемелерін басқаша қамтамасыз ететін үшінші тұлғаларға негізгі міндеттеме сомасы, оны орындау мерзімі, сыйақы мөлшері және Банктік қарыз шартын орындамаудың және Банк пайдасына өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған жағдайда, кепіл, кепілдік, кепілгерлік шарттарын орындаудың салдары туралы хабарлау. Қажет болған жағдайда кепіл, кепілдік, кепілгерлік шарттарын және/немесе Қарыз алушының Банк алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз ететін өзге де шарттарды жасағанға дейін осы тұлғаларды Банктік қарыз шартының мазмұнымен таныстыру;

5.48. Қарыз алушының жеке басына байланысты өзгерістер болған жағдайда, атап айтқанда: тұрғылықты жерін өзгертсе, тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілсе) ауыстырса, жеке басын куәландыратын құжаттарды ауыстырса, қарыз алушымен байланысу үшін пайдаланылатын байланыс ақпаратын және байланысу тәсілін өзгертсе, осындай өзгерістер орын алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Банкке жаңа мәліметтерді хабарлау;

5.49. БҚКШ 5.50-тармағының талаптары орындалмаған жағдайда, Қарыз алушыға осы талапты орындамаудың барлық салдары жүктеледі және Банктік қарыз шартында көрсетілген мекенжай бойынша Қарыз алушыға жіберілген барлық хат-хабарды Тараптар Қарыз алушы алған деп таниды. Егер Қарыз алушы ақпараттың тиісінше (осы Банктік қарыз шартында

көрсетілген мекенжай бойынша) жіберілгенін дәлелдесе, Қарыз алушыдан оның жеке басына байланысты барлық өзгерістер туралы ақпаратты алмау туралы Банктің мәлімдемесі Қарыз алушы тарапынан осы баптың талаптарын бұзу болып табылмайды;

5.50. Банкке Банктік қарыз шартын және БҚКШ орындау шеңберінде Банк сұрата алатын кез келген ақпаратты беру;

5.51. Банктен алған банктік қарыздың есебінен сатып алынатын мүлік сатушысын Банкпен алдын ала келісу;

5.52. Қоса қарыз алушымен Банктік қарыз шартын жасаған жағдайда, ол:

- алынған банктік қарызды, оның ішінде сыйақыны және банктік қарыз бойынша басқа да төлемдерді толық төлеу және қайтару міндеттемелерін орындау үшін ортақ жауапкершілік көтеруге міндеттенеді;
- осы арқылы Қоса қарыз алушы Банкке Қарыз алушының Банктік қарыз шарты бойынша банктік қарыз алуына және Банктік қарыз шарты бойынша Қарыз алушының барлық берешегінің сомасын Банктік қарыз шартының, БҚКШ негізінде және Қоса қарыз алушының тарапынан кез келген нысандағы қандай да бір қосымша келісімінсіз Қоса қарыз алушының банктік шоттарынан тікелей дебеттеу арқылы, оның ішінде төлем құжаттары бойынша есептен шығаруына сөзсіз және қайтарымсыз келісімін береді;
- Банктік қарыз шарты бойынша Қарыз алушының берешек сомасын ҚР аумағындағы немесе одан тысқары жерлердегі басқа қаржы мекемелеріндегі Қоса қарыз алушының банктік шоттарынан төлеу туралы Банктің барлық және кез келген талабы Банктік қарыз шартының көшірмесімен (Қолданыстағы заңнамада белгіленген жағдайларда және тәртіппен) қоса жүреді, ол Банктік қарыз шарты бойынша Қоса қарыз алушының міндеттемелерінің болуын, сондай-ақ Банктік қарыз шартында көрсетілген тәртіппен, мерзімде, тәсілдермен және сомада берешекті өтеу міндеттемелерінің болуын тиісті түрде растайды;
- банктік қарыз алу құқығын қоспағанда, Қарыз алушының құқықтарына ұқсас құқықтарға ие.

5.53. Банк әрі қарай банктік қарыз беру үшін қарыз қаражаттарын алған халықаралық қаржы ұйымдарының өкілдеріне, сондай-ақ Еуропалық Одақтың уәкілетті органдарына (Еуропалық комиссияны, OLAF және Еуропалық Одақтың Есеп палатасын қоса алғанда):

- банктік қарыз пайдаланылатын объектілер мен үй-жайларға;
- банктік қарыз қаражаты есебінен сатып алынған жабдықтар мен активтерге;
- банктік қарызды нысаналы мақсатта пайдалануға қатысты бухгалтерлік және жобалық құжаттамаға кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету.

5.54. Тексеру жүргізу кезінде БҚКШ 5.55-тармағында көрсетілген тұлғаларға көмек көрсету, қажетті ақпарат пен көмек беру.

5.55. БҚКШ 5.54-тармағында көрсетілген тұлғаларға ақпаратты ашуға келісім беру.

5.56. Халықаралық санкция салынған тұлғалармен іскерлік қатынас жасамау және банктік қарыз қаражатын олардың мүдделерінде пайдаланбау.

5.57. Банктік қарыз қаражатын салынған санкцияларды бұза отырып пайдалануға жол бермеу.

5.58. Оның қызметі Банк қызметінің ерекше түрлерінің тізіміне енгізілген қызмет түрлеріне жатпайтынын растау, және Банктік қарыз шартының бүкіл мерзімі ішінде осындай қызмет түрлерін жүзеге асыру үшін банктік қарыз қаражатын пайдаланбауға міндеттенеді.

5.59. Экологиялық, әлеуметтік талаптарды және адам құқықтары саласындағы талаптарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, өз қызметін жүзеге асыруға және банктік қарыз қаражатын пайдалануға, сондай-ақ осы заңнамада көзделген барлық қажетті рұқсаттарды алуға және күшінде ұстауға міндеттенеді.

5.60. Банктік қарызды нысаналы мақсатта пайдалану үшін талап етілетін барлық қажетті экологиялық, санитарлық, әлеуметтік және өзге де рұқсаттарды алу және сақтау және қажет

болған жағдайда экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді талдау қорытындылары бойынша Банкпен бірлесе әзірленген түзету іс-шараларының жоспарын сақтау.

5.61. Банктік қарыз есебінен сатып алынған мүлікті тиісті техникалық қалыпта ұстау және қызмет көрсету.

5.62. БҚКШ-ны орындауға және банктік қарызды пайдалануға байланысты барлық құжаттаманы қаржыландыру аяқталған сәттен бастап кемінде 7 (жеті) жыл сақтау.

Банктің құқықтары:

5.63. Банктік қарыз шартының талаптарын Қарыз алушы үшін жақсарту жағына қарай немесе «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңында көзделген өзге жағдайларда біржақты тәртіппен өзгерту. Осы тармақтың мақсаттарында Қарыз алушы үшін Банктік қарыз шартының талаптарын жақсарту деп мыналар түсініледі: банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты қызметтер көрсеткені үшін комиссиялар мен өзге де төлемдердің азаю жағына қарай өзгеруі немесе толық жойылуы; тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) азаю жағына қарай өзгеруі немесе толық жойылуы; банктік қарыз шарты бойынша сыйақы мөлшерлемесінің азаю жағына қарай өзгеруі; өтеу мерзімін кейінге қалдыру, соның ішінде мерзімді әскери қызметті өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейін күнтізбелік 60 (алпыс) күнді қамтитын кезеңге кейінге қалдыру және (немесе) Банктік қарыз шарты бойынша төлемдерді бөліп төлеу; шетел валютасында берілген ипотекалық қарыз бойынша ақшалай міндеттемені қарыздың шетел валютасын ҚР ұлттық валютасына ауыстыру кезінде азайту жағына өзгерту;

5.64. Қарыз алушы банктік қарыздың кезекті бөлігін қайтару және (немесе) сыйақы төлеу үшін белгіленген мерзімді күнтізбелік 40 (қырық) күннен астам бұзған кезде банктік қарыз сомасын және ол бойынша сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды талап ету;

5.65. мынадай негіздер бойынша банктік қарыз беруден бас тарту (оның ішінде Банктік қарыз шартына қол қойылғаннан кейін, егер банктік қарыз іс жүзінде берілмеген болса):

- Қарыз алушының жауапкер және/немесе жауапкер тарапынан өз бетінше талаптар қоймайтын үшінші тұлға ретінде сот процесіне тартылуы;
- Қарыз алушының мүлкіне және оның шоттарына тыйым салынуы және/немесе мүлкіне өндіріп алудың қолданылуы немесе осындай жағдайлардың туындауына шынайы қауіптің болуы;
- Қарыз алушының банктік қарыздың қамтамасыз етілуінің болуы (жай-күйі) туралы күмәнді мәліметтерді ұсынуы;
- Қарыз алушының Банк алдындағы Банктік қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерін бұзуы, Қарыз алушының Банк пен үшінші тұлғалар алдындағы басқа кредиттік және өзге де міндеттемелері бойынша мерзімі өткен берешегінің болуы. Қарыз алушының Банктік қарыз шартының және БҚКШ талаптарына сәйкес Банкке комиссия төлемеуі;
- Банкте бос кредиттік ресурстардың болмауы, сондай-ақ заңнамалық органдардың, ҚР Үкіметінің, ҚР Ұлттық Банкінің шешіміне байланысты, сонымен қатар Банктің ҚР-да және шетелде ресурстарды алуының жалпы шарттарының өзгеруіне, инфляция қарқынының өзгеруіне, девальвация қарқынының өзгеруіне байланысты және онымен шектелмей, Банктің кредит беру саясатында және/немесе рәсімдерінде өзгерістер орын алған және/немесе Банктің банктік қарыз беру және оған қызмет көрсету қабілетіне және/немесе мүмкіндігіне теріс әсер ететін оқиғалар орын алған ресурстарды қалыптастыру шарттары өзгерген жағдайда, отандық және шетелдік қаржы нарықтарындағы тұрақсыз ахуал (нәтижесінде Банктің банктік қарызға әрі қарай қызмет көрсетуі мүмкін болмайтын және/немесе банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты Банк көтеретін (көтеруі мүмкін) шығыстар айтарлықтай асып кеткен (асып кетуі мүмкін), соның нәтижесінде Банк бастапқыда күткен кірісті ала алмайтын өзгерістер, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей, ақша нарығындағы

және/немесе капитал нарығындағы өзгерістер; Банктің қысқа мерзімді және/немесе ұзақ мерзімді ресурстарын қалыптастыру шарттарының өзгеруі; қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің, валюта бағамдарының, инфляция, девальвация көрсеткіштерінің өзгеруі).

- уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес Банк жүргізетін мониторинг нәтижелері бойынша анықталған Қарыз алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауы;
- қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы ҚР заңнамасында көзделген, санкциялық және өзге де шектеулер болған жағдайларда;
- Банктің Банктік қарыз шартын тиісінше орындауына әсер ететін ҚР заңнамасы талаптарының өзгеруі.

5.66. мына жағдайларда берілген банктік қарыз сомасын және есептелген, бірақ өтелмеген сыйақыны мерзімінен бұрын өндіріп алу не қамтамасыз етуді өндіріп алу не үшінші тұлғалардың қамтамасыз ету міндеттемелерін орындауын талап ету не үшінші тұлғалар жүзеге асыратын өндіріп алуға қосылу:

- банктік қарызды нысаналы мақсаты бойынша пайдаланбауы;
- Қарыз алушының (Кепіл беруші болып табылатын) және/немесе Кепіл берушінің Кепіл шартының талаптарын бұзуы және/немесе кепіл мәні қалдырылған Кепіл берушінің иелігінен Банк жауап бермейтін мән-жайлар бойынша шығуы, жоғалуы;
- ҚР Азаматтық кодексінде көзделген өзге де жағдайлар.

5.67. Банктік қарыз шартының қолданылу мерзімі ішінде банктік қарыздың нысаналы мақсатта пайдаланылуын және оның қамтамасыз етілуін тексеру;

5.68. ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда Негізгі борыш пен есептелген Сыйақы сомаларын төлеу мерзімдерін бұзу нәтижесінде банктік қарыз бойынша мерзімі өткен берешек пайда болғанда және Қарыз алушыға берілген банктік қарызды күмәнді санатқа жатқызғанда, банктік қарыз бойынша сыйақыны есептеуді біржақты тәртіппен тоқтата тұру. Банктік қарыз шарты күшіне енгеннен кейін кез келген сәтте Қарыз алушының Банк алдындағы кез келген міндеттемелерін Банктің Қарыз алушы алдындағы кез келген міндеттемелеріне қарсы есепке алуды жүргізу;

5.69. Банктік қарыз шартының, осы БҚКШ ережелеріне сәйкес Банктік қарыз шарты бойынша құқықтардың (талаптардың) барлығын немесе бір бөлігін үшінші тұлғаларға беру. Банк Банктік қарыз шарты бойынша құқықты (талаптарды) үшінші тұлғаға берген кезде ҚР заңнамасында Банктің Банктік қарыз шарты және БҚКШ шеңберінде Қарыз алушымен өзара қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулер Қарыз алушының құқық (талап) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына қолданылады;

5.70. Қарыз алушы «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңында көзделген, хабарламада көрсетілген Банктік қарыз шарты бойынша мерзімі өткен төлемдерді енгізу туралы Банктің талаптарын қанағаттандырмаған жағдайда, қарыз алушының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңында белгіленген өз құқықтарын пайдаланбауы шартында, Банк сондай-ақ:

1) Банктің проблемалық активтерді басқару жөніндегі саясатына сәйкес Қарыз алушыға қатысты шаралар қолдануға;
2) құқықтарды (талаптарды) сенімгерлік басқару шарты бойынша Қарыз алушының берешегін сервистік компанияның сенімгерлік басқаруына беруге;
3) Қарыз алушының берешегін сотқа дейінгі өндіріп алу және реттеу үшін коллекторлық агенттікке беруге құқылы.

5.71. Банктік қарыз шарты бойынша ақшалай міндеттемелерді орындау мерзімі өтіп кеткен жағдайда, Қарыз алушыға хабарлама жіберу үшін коллекторлық агенттікті тарту;

5.72. Банк Қарыз алушының өзге қаржы ұйымының алдындағы міндеттемелерін өтеу есебіне (банктік қарыз (микрокредит) бойынша берешекті сырттай қайта қаржыландыру) бұрын

аударған сомаларды қайтарған жағдайда, оларды Қарыз алушының қосымша келісімін алмай, Банктік қарыз шарты бойынша берешекті ішінара не толық мерзімінен бұрын өтеуге жіберу.

Банк міндеттенеді:

5.73. Қарыз алушының өтініші бойынша айына кем дегенде 1 (бір) рет, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, ақысыз, Банктік қарыз шарты бойынша берешекті өтеу шотына түсетін ақшаны (мерзімі өткен төлемдерді көрсете отырып, негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының өзге де түрлеріне, сондай-ақ төленуге жататын басқа да сомаларға) бөлу туралы ақпаратты жазбаша нысанда беруге;

5.74. Қарыз алушының Банктік қарыз шарты бойынша берілген банктік қарызды Банкке мерзімінен бұрын ішінара немесе толық қайтару туралы өтініші бойынша – ақысыз, 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде негізгі борышқа, сыйақыға, комиссияларға, тұрақсыздық айыбына және айыппұл санкцияларының өзге де түрлеріне, сондай-ақ төленуге жататын басқа да сомаларға бөлінген, қайтарылуға тиісті соманың мөлшері туралы хабарлауға; Осы тармақшаның ережесі Банктік қарыз шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн өткен соң Негізгі борышты мерзімінен бұрын қайтару жағдайларына қолданылады;

5.75. банктік қарыз бойынша Берешек толық өтелгеннен кейін Қарыз алушының өтініші бойынша өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімде берешектің жоқтығы туралы анықтаманы жазбаша нысанда ақысыз беруге;

5.76. жақсартатын шарттар қолданылатын күнге дейін алдын ала 20 (жиырма) жұмыс күні бұрын Қарыз алушыға Шартта көзделген кез келген тәсілмен Банктік қарыз шарты бойынша жақсартатын шарттардың қолданылуы туралы хабарлама жіберуге;

5.77. Қарыз алушы - жеке тұлғаны Банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен, сондай-ақ цифрлық объектілер арқылы Банктік қарыз шарты бойынша ақшалай міндеттемелерді орындау мерзімінің өткені туралы өтеу мерзімі өткен күнінен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

Көрсетілген хабарлама мыналарды қамтуы тиіс:

1) хабарламада көрсетілген күнге Банктік қарыз шарты бойынша мерзімі өткен төлемдердің мөлшері;
2) Банктік қарыз шарты бойынша мерзімі өткен төлемдерді енгізу туралы талап;
3) қарыз алушының Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындамауының салдарын түсіндіру;
4) қарыз алушының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңында айқындалған тәртіппен Банктік қарыз шартына өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен Банкке жүгіну құқығына нұсқау;
5) Банктің қарауы бойынша өзге де мәліметтер.

5.78. хабарламадан туындайтын талаптар қанағаттандырылмаған жағдайда Банк Қарыз алушы Банктік қарыз шартында және БҚКШ-да көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде қабылданатын шараларды қолдануға құқылы;

5.79. Қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзімде Қарыз алушының жазбаша өтінішін қарауға және оған жазбаша жауап дайындауға;

5.80. Қарыз алушының жазбаша өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Банктік қарыз шартының талаптарына Қарыз алушы ұсынған өзгерістерді қарауға және Қарыз алушыға Банктік қарыз шартында/БҚКШ-да көзделген тәсілмен, сондай-ақ цифрлық объектілер арқылы Банк қабылдаған мынадай шешімдердің бірі:

1) Қарыз алушы банктік қарыз шартының талаптарына ұсынған өзгерістерді енгізуге келісетіні туралы;
2) Банктің Қарыз алушыға Банктік қарыз шартына өзгерістер енгізу туралы өз ұсынысы туралы;

3) осындай бас тарту себептерінің уәжді негіздемесін көрсете отырып, банктік қарыз шартының талаптарына қарыз алушы ұсынған өзгерістерді енгізуден бас тарту туралы жазбаша хабарлауға міндеттенеді.

Хабарлама, егер ол Қарыз алушыға мынадай тәсілдердің бірімен:

- Банктік қарыз шартында көрсетілген электрондық пошта мекенжайына;
- Банктік қарыз шартында көрсетілген тұрғылықты жері бойынша табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен жіберілген болса, оның ішінде көрсетілген мекенжай бойынша тұратын қарыз алушының кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алған болса;
- қарыз алушының хабарламаны алуын тіркеуді қамтамасыз ететін өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып жіберілген болса, жеткізілген болып есептеледі.

Хабарлама адресатқа, алушыға оны табыс ету мүмкін болмағаны туралы белгісімен немесе оны қабылдаудан бас тартуға байланысты қайтарылған жағдайда, сондай-ақ осы тармақшада көрсетілген өзге байланыс құралын пайдалану кезінде оның қабылданғаны расталмауына байланысты қайтарылған жағдайда хабарлама тиісті түрде жіберілді деп есептеледі.

5.81. Банктік қарыз шарты бойынша Банк құқығының (талаптың) үшінші тұлғаға өту талаптары қамтылған шартты (бұдан әрі – Талап ету құқығын басқаға беру шарты) жасау кезінде Қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін):

- Талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін көрсетілген Банктік қарыз шарты бойынша Банктің құқықтарын (талаптарын) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес үшінші тұлғаға жоспарланып отырған беру мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты Қарыз алушының дербес деректерін Банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен, сондай-ақ цифрлық объектілер арқылы өңдеу (беру) туралы;
- Банктік қарыз шартында/БҚКШ-да көзделген тәсілмен, сондай-ақ цифрлық объектілер арқылы Банктік қарыз шарты бойынша әрі қарайғы төлемдердің үшінші тұлғаға тағайындалуын (Банктік қарыз шарты бойынша құқығы (талабы) өткен тұлғаның атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері), берілген талап ету құқықтарының толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдықтарын және төленуге жататын басқа да сомаларды көрсете отырып, Талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Банктік қарыз шарты бойынша талап ету құқығының үшінші тұлғаға өткені туралы хабардар етуге.

Талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғаннан кейін Банктік қарыз шарты бойынша берешекті өтеу есебіне алынған ақшаны Банктік қарыз шарты бойынша құқықтары (талаптары) берілген тұлғаның банктік шотына әрбір Қарыз алушы бойынша төлемдердің толық жазылуын ұсына отырып аударуға.

5.82. Басқаға беру шарты жасалғанға дейін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес Банктік қарыз шарты бойынша қарыз алушы-жеке тұлғаны Банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен, сондай-ақ цифрлық объектілер арқылы кредитордың көрсетілген банктік қарыз шарты бойынша құқықтарын (талаптарын) үшінші тұлғаға берудің жоспарланып отырғаны туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты қарыз алушының дербес деректерінің өңделетіні (берілетіні) туралы хабардар етуге;

5.83. Қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) Банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен, сондай-ақ цифрлық объектілер арқылы Банктік қарыз шарты бойынша құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өткені туралы Талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Банктік қарыз шарты бойынша әрі қарайғы төлемдерді үшінші тұлғаға (Банктік қарыз шарты бойынша құқықтар (талаптар) берілген тұлғаның не Банктік қарыз шарты бойынша құқықтар (талаптар) сенімгерлік басқаруға берілген жағдайда – сервистік компанияның атауы, орналасқан жері және банктік деректемелері) жүзеге асыру қажеттілігін, Банктік қарыз шарты бойынша берілген

құқықтардың (талаптардың) көлемін, Банктік қарыз шарты бойынша берешектің көлемін және құрылымын (негізгі борыш, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) және төленуге жататын басқа да сомалар) көрсете отырып хабардар етуге;

5.84. Қарыз алушы сақтандыру шартын жасау көзделген банктік қарыз бойынша міндеттемені мерзімінен бұрын толық орындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қарыз алушыны Банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен оның осындай сақтандыру шартын бұзуға және пайдаланылмаған сақтандыру кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін ҚР Азаматтық кодексінің 842-бабы 2-тармағының төртінші бөлігінде көзделген тәртіппен қайтаруға құқығы туралы хабардар етуге міндеттенеді;

5.85. Қарыз алушы - жеке тұлғаның сұрау салуы бойынша Банк 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Қарыз алушыға оның биометриялық аутентификациясын жүргізу процесі туралы, оның ішінде оны жүргізу күні мен тәсілі, ол туралы ақпараттың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және банктің антифрод-орталығының деректер базасында болуы тұрғысынан салыстырып тексеру, сондай-ақ өтінішті қарау және тұтынушылық банктік қарыз шартын жасау кезінде пайдаланылған борыштық жүктеме коэффициентінің мәні туралы мәліметтер береді.

5.86. Егер мына:

1) «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңына сәйкес халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын;

2) төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен

Қарыз алушылардың кез келгені Банкке көрсетілген өзгерістер енгізу туралы ұсыныспен өтініш жіберсе, Банк «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңының 61-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында және (немесе) 4) тармақшасында көрсетілген Банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістерді «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңы 61-бабының 5-тармағында көзделген жағдайларда кемінде 3 (үш) ай мерзімге енгізуге міндетті.

Банктік қарыз шартының талаптарына аталған өзгерістердің енгізілуіне байланысты банк қарыз алушыдан комиссиялар төлеуді және (немесе) өзге де төлемдерді жасауды талап етуге құқылы емес.

5.87. Клиентпен банктік қарыз беру шеңберінде өзара іс-қимыл жасау кезінде мынадай талаптарды сақтауға:

1) Қарыз алушыға жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін қоса алғанда, банктік қарыздың шарттары және Қарыз алушының банктік қарыз алуына байланысты тәуекелдер, оның ішінде Қарыз алушының Банктік қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары туралы анық және толық ақпарат беру;
2) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңында көрсетілген уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жағдайларда Қарыз алушының қаржылық жағдайы туралы ақпарат негізінде оның кредит төлеу қабілетін (төлем қабілеттілігін) бағалау;
3) «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» ҚР Заңына сәйкес кредиттік бюроға ақпарат беру;
4) оффшорлық аймақтарда тіркелген тұлғаларға қарыз бермеу, олардың тізбесін уәкілетті орган белгілейді;
5) қарызды мерзімінен бұрын ішінара өтеген немесе мерзімінен бұрын толық өтеген жағдайда Қарыз алушының қарызды пайдаланған күнтізбелік күндерінің нақты саны үшін ғана сыйақы есептеу.

5.88. жеке тұлғамен Банктік қарыз шартының талаптары өзгергенде және (немесе) жеке тұлғаның қарызын өтеу мақсатында жаңа қарыз берген кезде негізгі борыш сомасына капиталдандырылған (жиынтықталған) мерзімі өткен сыйақыға, тұрақсыздық айыбына (айыппұлдарға, өсімпұлдарға), комиссияларға және қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдерге сыйақы есептеуге жол бермеуге;

5.89. қарыз бойынша берешекті сыртқы қайта қаржыландыру мақсатында банктік қарыз беру кезінде қайта қаржыландыратын қарыз (микрокредит) берген банктің (микроқаржы ұйымының) банктік шотына банктік қарыз сомасын есепке жатқызуға Қарыз алушының келісімін алуға және төлем мақсатында Қарыз алушы туралы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі), сондай-ақ банктік қарыз шарттарының (микрокредит беру туралы шарттардың) нөмірлері мен күндері туралы мәліметтерді көрсете отырып, көрсетілген банктің (микроқаржы ұйымының) банктік шотына ақша аударуға;

5.90. Банктің банктік шотына басқа банктен (микроқаржы ұйымынан) қарыз алушы туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі), сондай-ақ банктік қарыз шарттарының (микрокредит беру туралы шарттардың) нөмірлері мен күндері көрсетілген төлем түскен жағдайда, көрсетілген сома банктік шотқа есептелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, Қарыз алушыдан мерзімінен бұрын ішінара не толық өтеу туралы жеке өтініш алмай, ақшаны нұсқауда көрсетілген қарыз (қарыздар) бойынша берешекті өтеу есебіне жіберуге міндеттенеді.

Қарызды мерзімінен бұрын толық өтеу үшін сома жеткіліксіз болса, Банк БҚКШ-да немесе Банктік қарыз шартында белгіленген тәртіппен оның банктік шотына түскен сомаға тең сомада қарызды мерзімінен бұрын ішінара өтеуді жүзеге асырады.

Осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген мерзімде Банк БҚКШ-да немесе Банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен және цифрлық объектілер, соның ішінде Мобильді қосымша (бар болса) арқылы Қарыз алушыны Негізгі борыш, есептелген Сыйақы және тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұлдар) бөлінісінде берешектің қалдығын көрсете отырып, берешекті мерзімінен бұрын толық не ішінара өтеу туралы хабардар етеді.

Банк үшін шектеулер мыналарға тыйым салуды көздейді:

5.91. Қарыз алушымен Банктік қарыз шартын жасау күніне белгіленген тарифтердің, комиссиялық сыйақылардың және банктік қарызға қызмет көрсету бойынша өзге де шығыстардың мөлшерін және есептеу тәртібін ұлғайту жағына қарай біржақты тәртіппен өзгертуге;

5.92. жасалған Банктік қарыз шарты шеңберінде комиссиялардың жаңа түрлерін және өзге де төлемдерді біржақты тәртіппен енгізуге;

5.93. егер қарыз беру шарттарында қамтамасыз ету болып табылатын мүліктің нарықтық құнын айқындау мақсатында сақтандыру шарттарын жасау туралы және (немесе) бағалау жүргізуге қойылатын талаптар көзделсе, Қарыз алушыны, Кепіл берушіні сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдауда шектеуге, сондай-ақ Қарыз алушыға өмірі мен денсаулығын сақтандыру міндетін жүктеуге;

5.94. кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес жеке тұлғаның банктік қарызын мерзімінен бұрын өтегені үшін комиссия, тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін алуға;

5.95. егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен болса, тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін өндіріп алуға, бұл ретте сыйақыны немесе негізгі борышты төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі;

5.96. Банктік қарыз шартын орындау талаптары өзгерген немесе банктік қарызды өтеу мақсатында жаңа банктік қарыз берген кезде негізгі борыш сомасына капиталдандырылған (жиынтықталған) мерзімі өткен сыйақыға, тұрақсыздық айыбына (айыппұлдарға, өсімпұлдарға), комиссияларға және банктік қарызды беру және оған қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдерге сыйақылар есептеуге;

5.97. мына жағдайларды қоспағанда, жасалған Банктік қарыз шартының (шарттарының) шеңберінде жаңа банктік қарыздарды беруді біржақты тәртіппен тоқтата тұруға:

– Банкте жаңа банктік қарыздар беруді жүзеге асырмау құқығы туындайтын Банктік қарыз шартында көзделген жағдайлар;

– Қарыз алушының Банк алдындағы банктік қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерін бұзуы;

– уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінің талаптарына сәйкес Банк жүргізетін мониторинг нәтижелері бойынша анықталған Қарыз алушының қаржылық жай-күйінің нашарлауы;

– Банктің Банктік қарыз шартын тиісінше орындауына әсер ететін ҚР заңнамасы талаптарының өзгеруі.

5.98. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес жеке тұлғамен жасалған Банктік қарыз шарты бойынша Банкке ипотекалық қарыздарды қоспағанда, негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу міндеттемесін орындауды кешіктірген бірізді күнтізбелік тоқсан күннен кейін есептелген сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұлдар, өсімпұлдар), сондай-ақ қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдерді төлеуді талап етуге тыйым салынады.

5.99. Банкке жеке тұлғаның ипотекалық қарызын беруге және (немесе) оған қызмет көрсетуге байланысты негізгі борыштың және (немесе) көрсетілген қарыз бойынша сыйақының сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу міндеттемелерін орындау мерзімін өткізіп алған күнтізбелік бір жүз сексен күннен кейін есептелген сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды), сондай-ақ комиссияларды және өзге де төлемдерді төлеуді талап етуге тыйым салынады.

5.100. жеке тұлғамен жасалатын Банктік қарыз шартында кез келген валюталық немесе өзге баламаға байланыстыра отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында берілетін банктік қарыз бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеуді көздейтін шарттарды белгілеуге;

5.101. басқа банктегі (микроқаржы ұйымындағы) қарызды (микрокредитті) сыртқы қайта қаржыландыру мақсатында берілген қарызды қарыз (микрокредит) бойынша берешек өтелуге жататын банктің (микроқаржы ұйымының) банктік шотынан басқа шотқа аударуға тыйым салынады.

6. ЭЛЕКТРОНДЫҚ БАНКТІК ҚЫЗМЕТТЕР

Электрондық банктік қызметтерді көрсетудің жалпы ережелері

6.1. Электрондық банктік қызметтер ҚР заңнамасында көзделген сәйкестендіру құралдарын қолдану арқылы және белгіленген тәртіпті сақтай отырып ұсынылады. Банк уәкілетті мемлекеттік орган берген лицензияда көзделген банктік операциялар бойынша ғана Электрондық банктік қызметтерді ұсынады.

6.2. Банк Мобильді қосымша/Веб-банкинг, төлем терминалдары арқылы Шотқа қолма-қол ақшаны есептеу, төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүргізу, қарыз, кредит берілгеннен кейінгі операциялар және Банктің өзге де операциялары бойынша Электрондық банктік қызметтер көрсетеді.

6.3. Электрондық банктік қызметтерді көрсету кезінде клиентпен іскерлік қатынастар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 маусымдағы № 140 қаулысымен бекітілген, Қаржы мониторингі субъектілері іскерлік қатынастарды қашықтықтан орнатқан жағдайда клиенттерді тиісті түрде тексеруге қойылатын талаптарға сәйкес қашықтықтан орнатылады.

6.4. Электрондық банктік қызметтерді пайдалану үшін Клиентте Банктің талаптарына сәйкес келетін нұсқадан төмен емес нұсқадағы операциялық жүйесі бар және Интернет желісіне қосылған мобильді құрылғы/дербес компьютер болуы тиіс.

6.5. Мобильді қосымшаны Play Маркет-тен (Android платформасы үшін) және App Store-дан (iOS платформасы үшін) жүктеуге болады.

6.6. Банктер Электрондық банктік қызметтерді көрсету кезінде Клиенттің жеке басын сәйкестендіру мақсатында мына жағдайларда биометриялық аутентификацияны ұсыну бойынша СДАО қызметтерін пайдаланады:

1) банктік шот ашу арқылы клиентпен қашықтан іскерлік қатынастар орнату;

2) осы тармақтың екінші бөлігінде көзделген жағдайларда Банктің электрондық цифрлық қолтаңба жасауы және Клиентке электрондық цифрлық қолтаңба сертификатын беруі;
3) банктік қарыз сомасының қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген мөлшерден асып кетуі;
4) КЖ/ТҚ/ЖҚҚТҚҚ туралы Заңға сәйкес банктің Клиенттің деректерін уақтын-уақтын жаңартуды жүргізуі;
5) Банктің ішкі саясатына және Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган бекіткен, екінші деңгейдегі банктерге, Қазақстан Республикасының бейрезидент банктерінің филиалдарына және Ұлттық пошта операторына арналған Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында Ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптарға сәйкес өзге жағдайларда.

6.7. Егер Клиент бұрын Банкте жеке өзі болған кезде немесе СДАО арқылы биометриялық аутентификацияны қолдана отырып сәйкестендірілмеген болса, онда Банк Клиенттің электрондық цифрлық қолтаңбасын жасауды және электрондық цифрлық қолтаңба сертификатын беруді Клиент СДАО арқылы биометриялық аутентификациядан өткен кезде жүзеге асырады.

6.8. Клиенттің электрондық цифрлық қолтаңба кілттерін жасауға және электрондық цифрлық қолтаңба сертификатын беруге, оның ішінде клиенттің Банкте жеке болуы кезінде алынған келісімі Клиенттің бұрын берілген келісімдерді кері қайтарып алу мүмкіндігімен СДАО-да сақталады.

6.9. СДАО арқылы алынған Клиенттің келісімі, сондай-ақ СДАО биометриялық аутентификациясының нәтижелері оларды алған және өңдеген сәттен бастап кемінде 5 (бес) жыл СДАО-да сақталуға тиіс.

6.10. Банк Клиенттердің келісімдері туралы ақпаратты, Клиентпен бейнеконференция сеансын жазып алу және қозғалысты анықтау технологиясын пайдалана отырып, Клиенттің фотобейнелерін, сондай-ақ Электрондық банктік қызметтерді көрсету кезінде пайдаланылатын биометриялық аутентификация нәтижелері туралы ақпаратты Клиентпен іскерлік қатынастар тоқтатылған күннен бастап кемінде 5 (бес) жыл бойы сақтауды қамтамасыз етеді.

6.11. БҚКШ осы бөлімі бойынша Банк Тарифтерін белгілеу, алу және өзгерту, толықтыру тәртібі БҚКШ-ның басқа бөлімдерімен немесе Шарттармен реттеледі.

6.12. Банктік қызметтер сонымен бірге Банктің Байланыс орталығы арқылы да көрсетілуі мүмкін. Бұл ретте қызмет көрсету көлемі мен тәртібін Банк дербес айқындайды.

6.13. Банктің Байланыс орталығына жүгінген кезде Банк Клиентті сәйкестендіреді, соның ішінде:
1) Клиенттің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
2) Клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірі;
3) Клиенттің жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі;
4) Клиенттің байланыс телефон нөмірі/пошталық мекенжайы/электрондық мекенжайы (бар болса).

6.14. Қызмет көрсетудің жалпы шарттары мен тәсілдері:
1) Техникалық жұмыстарды жүргізу уақытын қоспағанда, Мобильді қосымша/Веб-банкинг/Банкомат және өзге де ресурстар Клиент үшін тәулік бойы қолжетімді;
2) Операцияларды жүргізу БҚКШ-ның осы бөлімінде, сондай-ақ Қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады;
3) Мобильді қосымшада/Веб-банкингте/төлем терминалында/Банкоматта және өзге де ресурстарда Шот бойынша Операциялар жүргізілгенін растау Операция жүргізілгеннен

кейін операциялар тарихы бар бетте көрсетіледі. Растау жүргізілген Операция бойынша негізгі ақпаратты қамтиды;

4) Мобильді қосымшаның/Веб-банкингтің жұмысына қатысты барлық мәселе бойынша Клиент Банктің Байланыс орталығының телефондары бойынша жүгіне алады не болмаса чатты Мобильді қосымшада және өзге де ресурстарда пайдалана алады;
5) Электрондық банктік қызметтерді ұсыну көлемін Банк дербес айқындайды.

Электрондық банктік қызметтерді көрсету кезіндегі құпиялылық

6.15. Құпиялылық саясаты Банктің Мобильді қосымшасында/Веб-банкингінде тіркелу кезінде, қызметтерге тапсырысты рәсімдеу кезінде немесе Мобильді қосымшаны/Веб-банкингті кез келген басқа пайдалану кезінде сұрау салу бойынша Клиент беретін дербес деректерді жария етпеу және құпиялылығын қорғау режимін қамтамасыз ету бойынша Банктің міндеттемелерін белгілейді.

6.16. Дербес деректерді Клиент Мобильді қосымшада/Веб-банкингте тіркелу кезінде биометриялық аутентификация немесе Қолданыстағы заңнамада көзделген өзге де тәсілдер арқылы дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісімге қол қою арқылы ұсынады және мынадай ақпаратты қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) Клиенттің аты-жөні;
2) Клиенттің байланыс телефоны;
3) электрондық пошта мекенжайы (e-mail);
4) ЖСН;
5) Клиенттің тұрғылықты жері;
6) биометриялық деректер;
7) Клиенттің ЭЦҚ.

6.17. Банк Мобильді қосымша/Веб-банкинг арқылы қашықтан қызмет көрсету процестерінде автоматты түрде берілетін деректерді қорғайды.

6.18. Жоғарыда айтылмаған кез келген басқа дербес ақпарат (қызмет көрсету тарихы, пайдаланылатын браузерлер мен операциялық жүйелер және т.б.) сенімді сақталуы және таратылмауы тиіс.

6.19. Клиент:

1) Мобильді қосымшаны/Веб-банкингті пайдалану үшін қажетті дербес деректер туралы ақпарат беруге;
2) ұсынылған дербес деректер туралы ақпарат өзгерген жағдайда осы ақпаратты жаңартуға, толықтыруға міндетті.

6.20. Банк:

1) алынған ақпаратты тек БҚКШ-да және Шартта көзделген банктік операцияларды/қызметтерді көрсету мақсаттары үшін пайдалануға;
2) құпия ақпараттың құпия сақталуын қамтамасыз етуге, Клиенттің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз жария етпеуге, сондай-ақ Клиенттің берген дербес деректерін сатуды, айырбастауды, жариялауды немесе өзге де ықтимал тәсілдермен жария етуді жүзеге асырмауға;
3) Клиенттің дербес деректерінің құпиялылығын қорғау үшін сақтық шараларын, әдетте, қолданыстағы іскерлік айналымда осындай ақпаратты қорғау үшін пайдаланатын тәртіпке сәйкес қабылдауға;
4) қате дербес деректер немесе заңсыз әрекеттер анықталған жағдайда, тексеру кезеңіне Клиент немесе оның заңды өкілі не Дербес деректер субъектілерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті орган өтініш жасаған немесе сұрау салған сәттен бастап тиісті Клиентке қатысты дербес деректерді бұғаттауға міндетті.

Клиенттің дербес ақпаратын жинау мақсаттары. Дербес ақпаратты өңдеу тәсілдері мен мерзімдері

6.21. Банк Клиенттің дербес деректерін мына мақсаттарда пайдалана алады:

1) Электрондық банктік қызметтерді көрсету үшін Мобильді қосымшада/Веб-банкингте тіркелген Клиентті сәйкестендіру;
2) Клиенттің жеке ресурстарға қол жеткізуін қамтамасыз ету;
3) Мобильді қосымша/Веб-банкинг арқылы хабарламаларды, сұрауларды, операцияларды бағыттауды қоса алғанда Клиентпен кері байланыс орнату, қызмет көрсету, Клиенттің сұраулары мен өтінімдерін өңдеу;
4) қауіпсіздікті қамтамасыз ету, алаяқтықтың алдын алу үшін Клиенттің орналасқан жерін анықтау;
5) Клиент ұсынған дербес деректердің дұрыстығы мен толықтығын растау;
6) Банк қызметтерін алу үшін есептік жазба құру. Бұл ретте Клиент Мобильді қосымшада/Веб-банкингте жеке кабинет құру арқылы есептік жазба құруға келісім береді;
7) Клиентке Банк қызметтерін рәсімдеу күйі туралы хабарлау;
8) Банктің көрсетілетін қызметтеріне сәйкес Клиентке хабарлау;
9) төлемдерді, аударымдарды өңдеу және алу, Шоттар ашу, банктік қарыз алу және т.б.;
10) Мобильді қосымшаны пайдалануға байланысты проблемалар туындаған кезде Пайдаланушыға тиімді клиенттік және техникалық қолдау көрсету;
11) Клиентке өнім жаңартуларын, арнайы ұсыныстарды, өнімдер, Тарифтер туралы ақпаратты, жаңалықтар таратылымын және Банктің атынан немесе Банк серіктестерінің атынан өзге де мәліметтерді ұсыну;
12) СДАО пайдалана отырып Клиенттің биометриялық аутентификациясын жүргізу;

6.22. Банк Электрондық банктік қызметтерді көрсеткен кезде Клиент:
оның дербес деректерін, оның ішінде биометриялық деректерін жинауға, өңдеуге;
СДАО пайдалана отырып клиенттің биометриялық аутентификациясын жүргізуге;
ЭЦҚ кілттерін жасауға және тіркеу куәлігін, оның ішінде клиент Банкте жеке болған кезде алған тіркеу куәлігін беруге келісім береді.

6.23. Клиенттің дербес деректерін өңдеу кез келген заңды тәсілмен, оның ішінде автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе мұндай құралдарды пайдаланбай дербес деректердің цифрлық жүйелерінде дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісіммен белгіленген мерзімде жүзеге асырылады.

6.24. Клиент Банктің Клиентке банктік қызмет көрсету мақсатында ғана дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге құқылы екендігімен келіседі.

6.25. Клиенттің дербес деректері ҚР уәкілетті мемлекеттік билік органдарына ҚР заңнамасында белгіленген негіздер және тәртіп бойынша ғана берілуі мүмкін.

6.26. Дербес деректер жоғалған немесе жария етілген жағдайда Банк Клиентке дербес деректердің жоғалғаны немесе жария етілгені туралы хабарлайды.

6.27. Банк Клиенттің дербес ақпаратын заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, таратудан, сондай-ақ үшінші тұлғалардың өзге де заңсыз әрекеттерінен қорғау үшін қажетті ұйымдық және техникалық шараларды қабылдайды.

6.28. Банк Клиентпен бірлесіп Клиенттің дербес деректерін жоғалтудан немесе жария етуден туындаған залалдардың немесе өзге де теріс салдарлардың алдын алу бойынша барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Тараптардың құқықтары мен міндеттері

6.29. Банк:
1) Клиентке Мобильді қосымшаға/Веб-банкингке, Банкоматқа және өзге де ресурстарға кіру үшін Қол жеткізу кодын өз бетінше белгілеу мүмкіндігін беруге;
2) Клиент сәйкестендіру құралдарын растауды көздейтін операцияларды жүргізуі үшін Клиентке Қолданыстағы заңнамада көзделген Сәйкестендіру тәсілдерін ұсынуға;
3) Клиент өзін тіркеу үшін барлық қажетті әрекеттерді орындағаннан кейін Клиентті Мобильді қосымшаның/Веб-банкингтің және Банктің өзге де ресурстарының пайдаланушысы ретінде тіркеуге. Бұл ретте пайдаланушыны Мобильді қосымшада

тіркеу Клиентті Сәйкестендіру жүргізілетін белгілі бір Мобильді құрылғыда ғана жүзеге асырылады. Мобильді құрылғы ауысқан жағдайда Клиентті Мобильді қосымшада тіркеу қайта жүргізіледі;

4) Мобильді қосымша/Веб-банкинг, Банкомат және өзге де ресурстар арқылы БҚКШ-да көзделген тәсілмен (Банктің қалауы бойынша) қызметтерге қол жеткізуді тоқтата алатын және пайдалануға кедергі келтіретін жүргізілетін техникалық жұмыстар туралы Клиентке хабарлауға;
5) Клиенттен ЭЦҚ/ОТР-құпиясөзді ұрлау, жоғалту, санкцияланбаған қол жеткізу немесе қол жеткізуге әрекет жасау туралы хабарлама алған кезде Мобильді қосымшада/Веб-банкингте Операцияларды дереу тоқтата тұруға;
6) электрондық банктік қызметтерді ұсыну кезінде ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етуге;
7) Мобильді қосымшаның/Веб-банкингтің технологиялық мүмкіндіктеріне сәйкес БҚКШ-да/Шартта және Қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімде Клиентке қызмет көрсетуге;
8) Клиент БҚКШ талаптарын, сондай-ақ ҚР заңнамасын сақтаған жағдайда Клиенттің нұсқауларын орындауға міндеттенеді.
9) Қолданыстағы заңнамада көзделген негіздер бойынша Электрондық банктік қызметтер көрсетуді тоқтата тұрған немесе тоқтатқан жағдайда, Банк «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Төлемдер және төлем жүйелері туралы», «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңдарында, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (ерекше бөлім) және Шартта көзделген негіздер бойынша Электрондық төлем қызметтерін ұсынуды тоқтата тұру немесе тоқтату жағдайларын қоспағанда, Клиентке Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде хабарлайды.
10) Клиенттің Электрондық банктік қызметтерді алу құқығын тоқтата тұруға әкелген себептер жойылғанда, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Төлемдер және төлем жүйелері туралы», «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңдарында, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (ерекше бөлім) және Шартта көзделген негіздер бойынша электрондық төлем қызметтерін көрсетуді тоқтата тұру немесе тоқтату жағдайларын қоспағанда, Банк Клиентке Электрондық банктік қызметтерді көрсетуді оған жазбаша не электрондық нысанда хабардар ете отырып қайта бастайды.

6.30. Банк:

1) мына жағдайларда Клиентке хабарламай Клиенттің Мобильді қосымша/Веб-банкинг арқылы қол жеткізуін уақытша немесе толығымен тоқтата тұруға және/немесе банктік қызмет көрсетуді бұғаттауға:
    a. егер Банктің пікірінше, мұндай шара Мобильді қосымшаның/Веб-банкингтің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және/немесе Санкцияланбаған операцияларды, оның ішінде Клиент тарапынан да, оған қатысты да құқыққа қайшы әрекеттерді жүргізуді болдырмау үшін қажет болса;
    b. Клиенттің ҚР заңнамасын немесе БҚКШ талаптарын бұзуы немесе ықтимал бұзу мүмкіндігі;
    c. БҚКШ-да және Шартта көзделген өзге жағдайларда.
2) егер Банк құжаттар мен тапсырмалардың сенімділігі мен дұрыстығына күмән келтірсе, Клиенттің құжаттары мен тапсырмаларын қабылдамауға;

3) Банкте Клиенттің Шоттарына санкцияланбаған қол жеткізу әрекетіне күдік туындаған жағдайда, барлық қажетті мән-жайлар анықталғанға дейін Клиенттің тапсырмаларын қабылдауды және өңдеуді тоқтатуға;
4) Мобильді қосымшада/Веб-банкингте Клиенттің операцияларына шектеулер қоюға;
5) Клиенттің Операцияны орындау туралы тапсырмасын мына жағдайларда орындамауға:
    a. егер Шоттағы ақшаға тыйым салынса немесе ол бойынша Операциялар тоқтатылса;
    b. Шотта жасалатын Операция сәйкес келмесе;
    c. жүргізілген операция үшін Банктің сыйақысын төлеу үшін тиісті Шоттағы ақша жеткіліксіз болған жағдайда;
    d. жүргізілетін Операцияның деректемелерін Клиент толық немесе дұрыс көрсетпесе, оны жүргізу кезеңін сақтамаса;
    e. Карта/Шот бұғатталған/жабылған болса;
    f. Банкке уәкілетті мемлекеттік органдардың және/немесе лауазымды тұлғалардың Шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру, Шотта орналастырылған ақшаға тыйым салу туралы шешімдері/қаулылары, сондай-ақ ҚР заңнамасына сәйкес ақшаны алып қоюға құқығы бар үшінші тұлғалардың нұсқаулары келіп түскен жағдайда;
    g. Клиенттің Банк алдындағы кез келген міндеттемелері бойынша берешегі болған кезде;
    h. аударымдар мен төлемдерді жүзеге асыруға Банк белгілеген лимиттерден асып кеткен жағдайда;
6) БҚКШ-да көзделген тәртіппен Банктің Тарифтеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге бастама жасауға;
7) алаяқтық операцияларды болдырмау және Клиенттің Шотына рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау мақсатында үшінші тұлғалардың, оның ішінде тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді жеткізушілердің пайдасына ақша аударымдарына шектеулер (сомасы бойынша) белгілеуге және Мобильді қосымшада/Веб-банкингте, төлем терминалында, интернет-банкингте, телебанкингте, Банкоматта, жеке кабинетте, интернет-бөлімшеде және өзге де Интернет-ресурстарда осындай операцияларды растау үшін аутентификация әдістерін дербес айқындауға;
8) 12 (он екі) ай ішінде Мобильді қосымшаға/Веб-банкингке, Банкоматқа, жеке кабинетке және өзге де ресурстарға кірмесе, Мобильді қосымшадағы/Веб-банкингтегі, Банкоматтағы, жеке кабинеттегі және өзге де ресурстардағы есептік жазбаны бұғаттауға немесе жоюға;
9) Клиенттен ҚР заңнамасына сәйкестігін тексеру мақсатында жүргізілетін операцияға қатысты қосымша мәліметтер мен құжаттарды ұсынуын талап етуге, операцияларды жүргізуді тоқтата тұруға/жүргізуден бас тартуға, ҚР заңнамасында, ІНҚ-да және осы БҚКШ-да көзделген тәртіппен Клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтатуға;
10) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда, оның ішінде егер Банкте Клиент Банкпен іскерлік қатынастарды Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасында көзделген қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында, сондай-ақ өзге де заңға қарсы және (немесе) қылмыстық мақсаттарда пайдаланады деген күдік болса, Электрондық банктік қызметтерді көрсетуді тоқтата тұруға немесе тоқтатуға;
11) БҚКШ-да көзделген жағдайларда осы БҚКШ-ны әрі қарай орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға;

12) осы БҚКШ талаптарына сәйкес төленуге жататын комиссиялар мен басқа да сомаларды Банкте ашылған Клиенттің Шотынан (Шоттарынан) акцептісіз тәртіппен есептен шығаруға;
13) осы БҚКШ-да көзделген тәртіппен Клиентті алдын ала хабардар ете отырып, Мобильді қосымшада/Веб-банкингте Клиенттерге қызмет көрсетуге арналған Банктің Тарифтеріне біржақты тәртіппен өзгерістер енгізуге;
14) Клиент Мобильді қосымшаның өзекті емес нұсқасын пайдаланған жағдайда Клиентке Электрондық банктік қызметтер көрсетуден бас тартуға;
15) операциялық жүйенің тұтастығын бұзу және (немесе) қорғаныс механизмдерін айналып өту белгілерін анықтаған, қашықтан басқару процестерін анықтаған жағдайда Мобильді қосымшаны бұғаттауға;
16) Мобильді қосымшаны жаңартуды мәжбүрлеп орнатуға немесе қауіпті осалдықтарды жою қажет болған жағдайда оларды орнатқанға дейін Мобилді қосымшаның функционалын бұғаттауға;
17) Клиентке Электрондық банктік қызметтерді ұсынуды мына жағдайларда:
1) клиент Шартта көзделген Электрондық банктік қызметтерді алу тәртібі мен талаптарын бұзғанда;
2) Электрондық банктік қызметтердің көрсетілуін қамтамасыз ететін техникалық құралдар ақауланғанда;
3) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Төлемдер және төлем жүйелері туралы», «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңдарында, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (ерекше бөлім) және Шартта көзделген өзге де негіздер бойынша тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқылы.

6.31. Клиент:
1) Мобильді қосымшада/Веб-банкингте Банктің Интернет-ресурсында орналастырылған Банктің БҚКШ-да және ІНҚ-да көзделген шарттарда және тәртіппен операциялар атқаруға;
2) Банктен БҚКШ бойынша міндеттемелердің тиісінше орындалуын талап етуге;
3) Қол жеткізу кодын дербес өзгертуге;
4) Электрондық банктік қызметтерді пайдаланбауға;
5) БҚКШ талаптарына сәйкес осы БҚКШ-ны бұзуға құқылы.

6.32. Мобильді қосымшада/Веб-банкингте техникалық (бағдарламалық) және операциялық сипаттағы мәселелер туындаған кезде осы мәселелерді шешу үшін Банкке БҚКШ-да немесе Банктің Интернет-ресурсында көрсетілген телефондар мен мекенжайлар бойынша жүгінуге құқылы.

6.33. Клиент:
1) Мобильді қосымшаға/Веб-банкингке қатысты Қол жеткізу кодын және өзге де мәліметтерді кез келген үшінші тұлғалардың оларға қол жеткізуін болдырмайтын сенімді жерде сақтауға;
2) Мобильді қосымшаға/Веб-банкингке санкцияланбаған қол жеткізу қаупінің туындағаны туралы, оның ішінде мынадай жағдайларда:
    a. Мобильді қосымшаға/Веб-банкингке қатысты Қол жеткізу кодын және өзге де мәліметтерді сенімсіз еткен немесе оның жария етілуіне күдік болған жағдайда;
    b. телефон нөмірін, мобильді құрылғыны жоғалтқан/өзгерткен, Қол жеткізу кодтарын жоғалтқан немесе үшінші тұлғалардың оларды көшіруіне күдік болған жағдайда Банкті кез келген қолжетімді тәсілдермен дереу хабардар етуге;
3) БҚКШ-да және Банк Тарифтерінде көзделген Банкке тиесілі барлық сомаларды төлеуге;

4) Мобильді қосымшаға/Веб-банкингке қатысты Қол жеткізу кодын және өзге де мәліметтерді тек Мобильді қосымша/Веб-банкинг және Банктің өзге де ресурстары үшін пайдалануға міндетті.

6.34. OTP-құпиясөзді жіберу үшін Push-хабарламаларды/SMS-хабарламаларды пайдаланған кезде Клиент OTP-құпиясөз қорғалмаған арна арқылы берілетінін түсінеді және келіседі, OTP-құпиясөзді пайдалану қауіпсіздігі Клиенттің ағымдағы сеанста OTP-құпиясөзді өндіру, олардың әрекет ету уақыты шектеулі болуы, OTP-құпиясөзді тек ағымдағы сессия үшін пайдалану мүмкіндігі есебінен іске асырылады.

Электрондық банктік қызметтердің мазмұны

6.35. Банк Клиенттің тиісті түрде рәсімделген және расталған нұсқауларын Мобильді қосымша/Веб-банкинг арқылы орындауға қабылдайды. Қашықтан берілген нұсқау Клиент сәйкестендіруден сәтті өткен жағдайда Клиент берген және Банк орындауға қабылдаған болып есептеледі. Сәйкестендіру тәсілін Банк Қолданыстағы заңнамаға сәйкес өз қалауы бойынша анықтайды.

6.36. Электрондық банктік қызметтер Мобильді қосымша/Веб-банкинг арқылы көрсетіледі, электрондық төлем қызметтері мен ақпараттық банктік қызметтердің мынадай тізбесін қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) Электрондық төлем қызметтері:
   a. Клиент жасаған төлемдер мен ақша аударымдарын қабылдау, өңдеу және жүргізу бойынша қызметтер (соның ішінде үшінші тұлғалардың пайдасына төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асыру: коммуналдық қызметтер үшін; телекоммуникация байланысы қызметтері үшін; өзге де қызметтер үшін);
   b. Банктің бағдарламалық жасақтамаларында олардың қолжетімділік режиміне байланысты мынадай операцияларды жүзеге асыру:
      – Клиенттің Картасынан басқа эмитент-банктер шығарған кез келген Картаға аудару, ҚР басқа эмитент-банкі шығарған Картаны пайдалана отырып, Картаға (Картаны пайдалана отырып Операциялар көрсетілетін Шотқа) теңгемен ақша аудару;
      – Банкоматта код бойынша Шотты толықтыру/қолма-қол ақша алу (Картаны пайдаланбай);
      – Банкоматта ұялы телефон нөмірі бойынша Шотты толықтыру (Картаны пайдаланбай).
2) Ақпараттық банктік қызметтердің тізбесі:
   a. Шоттар бойынша ақша қалдықтары және (немесе) қозғалысы туралы, осы Шоттар бойынша жүзеге асырылған төлемдер және (немесе) ақша аударымдары туралы ақпаратты және Мобильді қосымшада/Веб-банкингте, Банкоматта Картаны пайдалана отырып, Шоттар бойынша өзге ақпаратты көрсету;
   b. Банкте ашылған Клиенттің Картасын пайдалана отырып, банктік шоттардың болуы және нөмірлері туралы ақпарат беру;
   c. Мобильді қосымшада/Веб-банкингте, Банкоматта қолжетімді Карта бойынша толық ақпарат көрсету;
   d. Банк жүйесінде жүзеге асырылған төлемдер мен аударымдардың тарихын қарау;
   e. Картаны бұғаттау/бұғаттан шығару;
   f. Интернет арқылы операциялар жүргізуге лимит белгілеу/өзгерту; ақша алуға лимит белгілеу/өзгерту.
   g. Банктік қарауы бойынша өзге де қызметтер.

6.37. Көрсетілетін қызметтер көлемін Банк операция жүргізілген кезде Мобильді қосымшада/Веб-банкингте, төлем терминалында, Банкоматта айқындайды. Банк БҚКШ 8.2.1-т. белгіленген мерзімде Банктің Интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру арқылы Электрондық банктік қызметтердің тізбесіндегі өзгерістер туралы және Тарифтер туралы хабарлайды.

6.38. Электрондық банктік қызмет ҚР заңнамасында, төлем жүйелерінің қолданылатын қағидаларында, Банктің қауіпсіздік рәсімдерінің талаптарында, Банктің ІНҚ-да көзделген тәртіппен көрсетіледі.
6.39. Банк Клиентке Push-хабарламалар/SMS-хабарламалар/Мобильді қосымшадағы/Веб-банкингтегі ақпарат арқылы осындай қызметті көрсету нәтижесі туралы хабарлама шығару арқылы Электрондық банктік қызметті көрсету нәтижесі туралы хабарлайды. Карталар арасында ақша аударған кезде эмитенті Банк болып табылмайтын Картаға ақшаны есепке жатқызу мерзімі төлем картасының эмитент-банкіне байланысты болады.

Электрондық банктік қызметтерді көрсету тәртібі мен мерзімдері

6.40. Мобильді қосымшаға/Веб-банкингке қол жеткізу Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, Банктің белгіленген рәсімдері бойынша Сәйкестендіру тәсілімен Клиентті тиісті түрде сәйкестендіргеннен кейін беріледі.
6.41. Операция жүргізуге нұсқауды Банк Клиент сәйкестендірілгенде орындайды. Бұл ретте Мобильді қосымша/Веб-банкинг арқылы операциялар Банктің Тарифтерінде көзделген комиссия сомасын (бар болса) ескере отырып, сұратылған операцияға осындай арналардың талаптарына және Клиенттің Шоттарында жеткілікті қаражаттың болуына сәйкес жүзеге асырылады.
6.42. Мобильді қосымша/Веб-банкинг арқылы жүргізілетін операциялардың сомалары мен санын Банк өз қалауы бойынша шектеуі мүмкін.
6.43. Клиенттің Электрондық төлем қызметтері бойынша нұсқауын Банк орындайтын немесе Банк оны орындаудан бас тартатын мерзім (Мобильді қосымша/Веб-банкинг ақаусыз жұмыс істегенде):

1) Электрондық төлем қызметтері бойынша – егер ҚР заңнамасында, БҚКШ-да немесе Шартта өзгеше көзделмесе, тиісті нұсқау келіп түскен Банктің операциялық күні ішінде;
2) ақпараттық банктік қызметтер бойынша – егер ҚР заңнамасында, БҚКШ-да немесе Шартта өзгеше көзделмесе – 5 (бес) жұмыс күнінен аспайды.

6.44. Қызметтерге ақы төлеу бойынша комиссияны Банк Банктің Тарифтеріне сәйкес ұстайды.
6.45. Мобильді қосымшаны/Веб-банкингті пайдалану арқылы Клиент қажетті құпиялылық режимін қамтамасыз еткенін, барлық қажетті, оның ішінде зиянды компьютерлік және өзге де бағдарламалардан қорғау үшін техникалық және бағдарламалық ресурстарға иелік ететінін растайды.
6.46. Банк Клиентке Электрондық банктік қызметтерді ұсынуды мына жағдайда:

1) егер Банкте мұндай қызметті ұсыну мүмкіндігі болмаса;
2) егер Клиенттің БҚКШ шеңберінде де, Банк пен Клиент арасында жасалған кез келген өзге Шарт шеңберінде де Банк алдында орындалмаған міндеттемелері бар болса;
3) егер Клиенттің жабдығы және/немесе құрылғысы және/немесе бағдарламалық жасақтамасы Банктің техникалық шарттары мен талаптарына сәйкес келмесе.
4) егер Клиент Электрондық банктік қызметтерді алу үшін техникалық және өзге де мүмкіндіктері бар екенін растамаса;
5) Банктің пікірінше, санкцияланбаған төлем белгілері анықталған болса;
6) Егер Клиент сәйкестендірілмесе;
7) егер Шоттардағы ақша сомасы операцияларды жүргізу және Банк Тарифтерінде көзделген комиссияларды есептен шығару үшін жеткіліксіз болса;
8) ұсынылатын құжаттар ҚР заңнамасының талаптарына және Банктің ІНҚ-на сәйкес келмесе;
9) Клиент ҚР заңнамасына сәйкес күдікті операцияларға жататын Операцияларды жасаса немесе жасауға талаптанса;
10) Клиент БҚКШ немесе Клиентпен жасалған өзге де Шарттардың талаптарын бұзса;
11) Карта/Шот бұғатталған/жабылған жағдайда;

12) ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда, соның ішінде нұсқауды орындаудан бас тарту үшін;
13) қызметті өшіру туралы Клиент хабарламасы болғанда. Банк қызметті өшіру туралы Клиенттің хабарламасын алған күні қызмет көрсетуді тоқтатуға құқылы.
14) Мобильді қосымшада/Веб-банкингте техникалық жұмыстар жүргізілгенде; Электрондық банктік қызметтердің ұсынылуын тоқтата тұруға әкелген себептер жойылған кезде Банк Клиентке Электрондық банктік қызметтерді көрсетуді жалғастырады;
15) қызметтердің көрсетілуі тоқтатылатын не тоқтатыла тұратын БҚКШ талаптары өзгергенде;
16) Клиент БҚКШ-да көзделген Электрондық банктік қызметтерді алу тәртібі мен талаптарын бұзғанда;
17) Электрондық банктік қызметтердің көрсетілуін қамтамасыз ететін техникалық құралдар бұзылса;
18) Электрондық банктік қызметтерді алу үшін пайдаланылатын Клиенттің жеке мобильді және өзге құрылғыларында зиянды компьютерлік бағдарламалар және (немесе) үшінші тұлғаларға Клиенттің осындай құрылғыларын басқару мүмкіндігін беретін бағдарламалар анықталғанда;
19) ҚР заңнамасында тікелей тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, Банк дербес айқындайтын өзге де негіздер бойынша, оның ішінде «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Төлемдер және төлем жүйелері туралы», «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңдарында, ҚР Азаматтық кодексінде, БҚКШ-да және Шартта көзделген негіздер бойынша тоқтата тұруға/тоқтатуға/бас тартуға құқылы.

6.47. Клиент Электрондық банктік қызметтерді алу тәртібі мен талаптарын бұзса, Электрондық банктік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ететін техникалық құралдар бұзылса, ақау анықталған және/немесе қызмет көрсетуді тоқтата тұрған немесе тоқтатқан сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Банк Клиентке Электрондық банктік қызметтердің көрсетілуін тоқтата тұру немесе тоқтату туралы БҚКШ-да көзделген тәсілдердің бірімен хабарлайды. Клиенттің Электрондық банктік қызметтерді алу тәртібі мен талаптарын бұзу себептерін, Электрондық банктік қызметтерді алуды тоқтата тұруға әкелген Электрондық банктік қызметтердің көрсетілуін қамтамасыз ететін техникалық құралдардың ақауын жойған кезде Банк Клиентке Электрондық банктік қызметтер көрсетуді әрі қарай хабарлай отырып, қайта бастайды. Банк Клиентке ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес, банктік қызметтердің қолжетімділігіне әсер ететін цифрлық жүйелердің өзгерістері (жаңартулары) туралы, кез келген тоқтап қалулар мен іркілістер туралы Байланыс арнасы арқылы хабарлайды.

6.48. Банк Электрондық банктік қызметтерді ұсынған кезде Клиентке Электрондық банктік қызметтердің ұсынылуына негіз болған хабарларды/хабарламаларды жіберу және/немесе алу туралы растау Банкте қалады. Электрондық құжатты Клиенттің жібергенін және/немесе Банктің алғанын растау Электрондық құжаттың тиісті мәртебесін көрсету болып табылады (өңдеуге қабылданған, төленген және т.б.). Электрондық құжатты жөнелтуді, алуды растау мерзімі Мобильді қосымшаның/Веб-банкингтің жұмысымен айқындалады, ол дұрыс жұмыс істеген жағдайда 1 (бір) жұмыс күнінен аспайды.

6.49. Мобильді қосымшада/Веб-банкингте Карталар/Шоттар бойынша Операцияларды жүргізу кезінде Банк Операция жүргізген кезде әрекет ететін Тарифтер қолданылады.

6.50. Мобильді қосымшада/Веб-банкингте Операцияларды жүргізу туралы ақпарат Шот бойынша үзінді көшірмеде көрсетіледі.

6.51. Тараптар QR-код технологиясын Клиентті (сатып алушыны) және/немесе төлемді алушыны (сатушыны) сәйкестендіру және төлем жасауды, оның ішінде тауарларға Мобильді қосымшада ақы төлеуді қамтамасыз ету мақсатында қолданады. Мобильді қосымшаны

қолдана отырып QR кодын сканерлеу Клиенттің (сатып алушының) шығыс операциясын жүргізуге нұсқауы болып табылады.

6.52. Банк төлем жасағаннан кейін, оның ішінде тауарға ақша төлеген не ақшаны қайтарған кезде Клиентке төлем сомасын көрсете отырып SMS-хабар немесе Мобильді қосымшада Push-хабарлама жібере алады.

6.53. Клиент тауар үшін QR-код арқылы төлеген сома сәйкес болмаған жағдайда, төлемді алушы Клиентке бұрын төленген соманы қайтаруды жүзеге асырады. Төлемді алушы мен Клиент арасындағы соманы реттеу соңғысымен дербес, Банктің қатысуынсыз жүзеге асырылады.

Тіркеу куәліктерін шығару тәртібі мен талаптары

6.54. Тіркеу куәліктерін шығару үшін (электрондық құжаттарға ЭЦҚ арқылы қол қою кезінде әрі қарай пайдалану мақсатында) Клиент Банктің мобильді қосымшасында тіркелуі қажет.

6.55. Шығарылған Тіркеу куәліктерін Клиенттер Банктің қаржылық өнімдерін/банктік қызметтерін алған кезде ғана пайдалана алады.

6.56. Клиент Сәйкестендіргішті және/немесе Аутентификаторды дұрыс көрсетпеген жағдайда, сондай-ақ егер Банктің пікірінше осындай шара сервистердің, Клиент ақпаратының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет болса және/немесе Клиент қауіпсіздік рәсімдерін және/немесе БҚКШ талаптарын бұзған жағдайда, Қолданыстағы заңнаманың талаптарын, Банктің ІНҚ сақтау мақсатында, Банктің қарауы бойынша өзге жағдайларда Банктің кез келген уақытта Клиенттің ЭЦҚ арқылы электрондық құжаттарға қол қою мүмкіндігін уақытша немесе толық тоқтата тұруға және/немесе Клиентке Электрондық банктік қызметтерді және өзге де қосымша қызметтерді ұсынуды уақытша немесе толық тоқтата тұруға немесе тоқтатуға құқығы бар. Банк Клиентке Электрондық банктік қызметтерді ұсыну тоқтатыла тұрғаннан/тоқтатылғаннан кейін күнтізбелік 15 (он бес) күннің ішінде тиісті хабарлама жіберу арқылы Клиентке сервистерге қол жеткізуді тоқтата тұру немесе тоқтату туралы хабарлайды, бұл ретте Банк тоқтата тұрудың/тоқтатудың себептерін/негіздерін ашуға міндетті емес.

Санкцияланбаған операция. Қауіпсіздік рәсімдері, Клиенттің Электрондық банктік қызметтерді алуға құқықтарын аутентификациялау және растау тәртібі

6.57. Мобильді қосымшада/Веб-банкингте қызмет көрсету үшін Клиентті сәйкестендіру қажет – сәйкестендіру нәтижесінде алынған ақпарат шынайы болуы керек.

6.58. ҚР заңнамасында және БҚКШ-да белгіленген талаптарды сақтамай жүзеге асырылған төлем санкцияланбаған болып табылады.

6.59. Егер төлемді жүзеге асыру кезінде Карта/Шот бұғатталмаса, оның қолданылу мерзімі аяқталмаса және Карта/Шот БҚКШ-ға, Шартқа сәйкес пайдаланылса, төлем санкцияланған болып табылады.

6.60. Санкцияланбаған төлемдерден қорғау іс-әрекеттері БҚКШ-да, Шартта айқындалған қауіпсіздік рәсімдерін орындау болып табылады. Банктік құпияны құрайтын ақпаратқа санкцияланбаған қол жеткізуден қорғау және осы ақпараттың тұтастығы ақпаратты деректерді беру арналары арқылы жіберу кезінде оған қол жеткізуді бақылау және шифрлау арқылы қамтамасыз етіледі.

6.61. Банктік құпияны құрайтын ақпаратқа санкцияланбаған қол жеткізу, оны санкцияланбаған өзгерту, санкцияланбаған төлемді немесе ақша аударымын, төлем қызметтерін және Банк қызметтерді ұсынған кезде туындайтын өзге де санкцияланбаған әрекеттерді жүзеге асыру анықталған кезде Банк бұл туралы Клиентке олар анықталғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлайды.

6.62. БҚКШ 6.61-т. көрсетілген санкцияланбаған әрекеттер туындаған жағдайда, Банк олардың салдарын жою және болашақта оларға жол бермеу үшін барлық қажетті шараларды дереу қабылдайды.

6.63. Клиенттің келісімінсіз Картаны пайдалана отырып/Шот бойынша Операция жүргізілген жағдайда, Клиент Санкцияланбаған операция туралы дереу, бірақ ол анықталғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, мұндай Операция жүргізілген сәттен бастап есептелетін талап қою мерзімі шегінде хабарлауға міндетті.
6.64. Банк сәйкестендіру құралдарын пайдалана отырып жүргізілген Операциялар сомасы мөлшеріндегі ақшаны Банк Клиенттің тиісті өтінішін алған сәтке дейін және/немесе Клиент Картаны/Шотты бұғаттаған сәтке дейін Шоттан есептен шығарады.
6.65. Банк Клиенттен Клиенттің келісімінсіз Картаны/Шотты пайдалана отырып Операция жүргізілгені туралы ақпаратты алғаннан кейін және егер Банк санкцияланбаған төлем жасау немесе оларды жасауға талпыну әрекетін анықтаған жағдайда Картаны/Шотты бұғаттауға құқылы.
6.66. Банк Клиенттің өтініштерін, оның ішінде санкцияланбаған төлем бойынша өтініштерін, сондай-ақ өзге де даулы жағдайлар туындаған кезде ХТЖ-да және/немесе Қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзім ішінде қарайды.
6.67. Банк негізделген кінәрап-талап бойынша ақшаны Клиентке Банктің Қолданыстағы заңнаманың талаптарын және/немесе ХТЖ қағидаларын сақтай отырып, Банкке ақша қайтарылғаннан кейін ғана қайтарады.
6.68. Санкцияланбаған төлемді жүзеге асырып, Клиентке залал келтірілген жағдайда, Клиент санкцияланбаған төлемді жасауда Банктің кінәсін растайтын құжаттарды ұсынуы шартында, Банк Клиенттің тиісті талабын алған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде санкцияланбаған төлем мөлшерінде келтірілген залалды өтеуге міндеттенеді.
6.69. Мобильді қосымша/Веб-банкинг Байланыс арналары арқылы берілетін ақпараттың қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз етеді.
6.70. Алаяқтық белгілерін анықтау мақсатында Банк Интернет арқылы Банктік қарыз шартын жасау материалдарының (операцияларды жүргізу уақыты, сәйкестендіру барысында алынған цифрлық жүйелер туралы деректер, жасалған транзакциялар туралы деректер, Клиентке жіберілген хабарламалар (SMS, push-хабарламалар, Байланыс орталығынан жасалған қоңыраулар) Интернет арқылы Банктік қарыз шарты бойынша тараптардың міндеттемелері тоқтатылғаннан кейін кемінде 5 (бес) жыл сақталуын қамтамасыз етеді. Клиенттің биометриялық аутентификациясы кезінде Клиенттің биометриялық деректерін қолдан жасау үшін статикалық кескінді немесе бейнежазбаны пайдаланудан қорғау қамтамасыз етіледі.
6.71. Электрондық құжаттар олардың тұтастығы мен өзгермеуін сақтай отырып құрылған, жіберілген немесе алынған форматта сақталады және сақтау мақсатында Электрондық құжаттың мазмұнын қағаз нұсқада басып шығаруды немесе өзге де көрсетуді талап етпейді. Электрондық құжаттарды сақтау тәртібі мен мерзімдері «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» ҚР Заңына және «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына сәйкес әзірленген Банктің ІНҚ-да айқындалады.
6.72. Егер Банктің белгілі бір қызметтерді ұсыну қағидаларында өзгеше көзделмесе, Клиент Банктің өз үй-жайларында және өз құрылғыларында Клиенттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тиісті қызмет көрсету мақсатында фото/бейнебақылауды, сондай-ақ телефон жазбасын жүзеге асыруға құқылы екендігімен келіседі. Бейнежазбалар және телефонмен сөйлесу жазбалары іс жүргізу әрекеттерінде дәлел ретінде пайдаланылуы мүмкін.
6.73. Банк санкцияланбаған төлемдерден қорғайтын қауіпсіздік деңгейін жоғарылату, алаяқтық әрекеттердің алдын алу, құпия ақпаратты жария етуге немесе өзге де құқыққа қайшы әрекеттерге жол бермеу мақсатында Клиент жүргізетін Операциялардың түпнұсқалығын, дұрыстығын, сенімділігін тексеру үшін және қызмет көрсетуге қажетті қосымша шарттарды, талаптарды көздеуі мүмкін.

6.74. Мобильді қосымшада/Веб-банкингте Клиенттің аутентификациясы Қол жеткізу кодын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Қол жеткізу коды тұрақты болып табылады және оны Клиенттің өзі орнатады.
6.75. Мобильді қосымшаға/Веб-банкингке кіру Қол жеткізу кодын қатарынан 3 (үш) рет дұрыс енгізбеген кезде бұғатталады. Бұғаттан шығару Банк белгілеген тәртіпке сәйкес жүреді.
6.76. Банктің Электрондық банктік қызметтерін ұсынуы Банкпен және БҚКШ-да белгіленген қауіпсіздік рәсімдеріне сәйкес жүргізіледі.
6.77. Қауіпсіздік рәсімдері:

1) Клиенттің дұрыс сәйкестендірілуін және оның тиісті Электрондық банктік қызметтерді алу құқығын;
2) Клиентке Электрондық банктік қызметтердің ұсынылуы негізделетін электрондық құжаттардың мазмұнында бұрмаланулардың және (немесе) өзгерістердің болуы Банк тарапынан анықталуын;
3) банктік құпияны құрайтын ақпаратқа санкцияланбаған қол жеткізуден қорғауды және осы ақпараттың тұтастығын қамтамасыз етеді.

6.78. Банктің Электрондық банктік қызметтерді көрсетуі Клиент БҚКШ-да белгіленген қауіпсіздік рәсімдерін орындаған жағдайда санкцияланған болып табылады.
6.79. Банк Клиентке Электрондық банктік қызметтердің берілуі негізделетін хабарларды/хабарламаларды жіберу және (немесе) алу туралы растаудың сақталуын қамтамасыз етеді.
6.80. Клиенттің сұрау салуы бойынша Банк оған БҚКШ-да көзделген тәртіппен және мерзімде Электрондық банктік қызметтерді ұсынуды (алуды) растайтын Электрондық құжаттарды жіберу және (немесе) алу туралы растауды береді.

Электрондық банктік қызметтер көрсетудің өзге де талаптары

6.81. Тараптар ҚР заңнамасына және БҚКШ-ға сәйкес өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік көтереді.
6.82. Банк Шот бойынша қате жүргізілген Операция үшін жауапкершілік көтереді.
6.83. Бұл жағдайда Банктің жауапкершілігі қате жүргізілген операцияның күшін жоюмен шектеледі.
6.84. Банк мыналар үшін жауапкершілік көтермейді:

1) Клиентті сәйкестендіру құралдарын үшінші тұлғалардың санкцияланбаған пайдалануы салдарынан, егер осындай пайдалану Банктің кінәсінен болмаса, туындаған залал;
2) құжаттарды рәсімдеген кезде Клиенттің жіберген қателері және Электрондық банктік қызметтерді пайдалану кезінде телефон нөмірлерінің, деректемелердің дұрыс көрсетілмеуі;
3) Клиентке хабарлама, оның ішінде Push-хабарламалар жіберудің және Клиенттен SMS-сұрау алудың (SMS-хабарламалар жіберу мүмкін болмағаны үшін), Мобильді қосымшада/Веб-банкингте сұрау жасаудың мүмкін болмауы, егер мұндай мүмкін болмау Клиенттің және/немесе байланыс операторының олардың арасындағы құқықтық қатынастар шеңберіндегі әрекеттерінен не әрекетсіздігінен туындаған болса, сондай-ақ Клиенттің, байланыс операторының және өзге де үшінші тұлғаның өзге де әрекеттерімен байланысты болса, және байланыс операторының не өзге де үшінші тұлғаның әрекеті немесе әрекетсіздігі нәтижесінде Клиентке келген кез келген залал үшін жауапты болмайды;
4) Клиенттің БҚКШ талаптары мен ҚР нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын бұзуы нәтижесінде және Банкке тәуелді емес басқа да себептер бойынша электр энергиясын сөндіру, байланыс желілерінің зақымдануы, сондай-ақ Клиенттің түсініксіз, толық емес немесе дәл емес нұсқаулықтары, үшінші тұлғалардың төлемдерді орындамауы немесе орындауындағы кідірістер салдарынан туындайтын қателіктер,

дұрыс түсінбеу және т.с.с. нәтижесінде орын алған төлемдердің орындалмауы немесе орындалуының кешігуі;

5) Банкке байланысты емес себептер бойынша туындаған және Клиенттің Банк хабарламаларын және Клиенттің шоттары бойынша Үзінді көшірмелерді алмауына немесе уақтылы алмауына әкелген Интернет, пошта, байланыс желілерінің жұмысындағы іркілістер үшін жауапкершілік көтермейді. Банк Банктің БҚКШ талаптарын орындамауына әкелген техникалық іркілістер (электркоректің және байланыс желілерінің ажыратылуы/зақымдалуы, бағдарламалық жасақтамада орын алған іркілістер, төлем жүйелеріндегі техникалық іркілістер) жағдайында мүліктік жауапкершіліктен босатылады;

6) Егер Шот, құпиясөз, логин, ОТР-құпиясөз немесе Клиент жүргізген операциялар/төлемдер туралы ақпарат оларды пайдалану кезінде байланыс арналарын тыңдау немесе ұстап қалу, Клиент пайдаланатын құрылғының операциялық жүйесін бұзу, Клиенттің құпия ақпаратты жария етуі, оның ішінде Клиенттің қызметтерге қол жеткізу, Клиенттің Аутентификациясы және Верификациясы жүзеге асырылатын ұялы телефонды, планшетті немесе өзге де жабдықты, бағдарламалық жасақтаманы жоғалтуына немесе үшінші тұлғаларға беруіне байланысты жария етуі, сондай-ақ ақаулы жабдықты, вирустық бағдарламалық жасақтама бар жабдықты пайдалануына нәтижесінде, Мобильді қосымша арқылы қызметтерді алу кезінде бөгде тұлғаларға белгілі болған жағдайда жауапкершілік көтермейді.

6.85. Клиент Қол жеткізу коды туралы ақпаратты және Мобильді қосымшаға/Веб-банкингке қатысты өзге де мәліметтерді жария етуі нәтижесінде Клиенттің білуімен немесе білмеуімен өзге тұлғалар жүргізген Мобильді қосымшадағы/Веб-банкингтегі барлық операциялар үшін жауапкершілік көтереді.

6.86. Электрондық банктік қызметтерді көрсету кезінде қолданылатын валюта айырбастау бағамы Банк Тарифтеріне сәйкес айырбастау үшін комиссияны ұстап қалу мүмкіндігімен операция жүргізілген күні Банк белгілеген бағамға сәйкес айқындалады.

6.87. Клиенттен алынған ақпаратты Банктің жария етпеуі туралы талап, сондай-ақ кінәрат-талап қою тәртібі және Банктің Электрондық банктік қызметтерді ұсынуы кезінде туындайтын даулы жағдайларды шешу тәсілдері БҚКШ-ға сәйкес айқындалады.

6.88. Электрондық банктік қызметтерді көрсетуге байланысты мәселелер бойынша Банкке жүгінуге арналғанды қоса алғанда, байланыс телефондары мен мекенжайлары Банктің деректемелерінде көрсетілген.

6.89. Клиент Электрондық банктік қызметтерді алудан бас тартқан жағдайда, бас тарту туралы жазбаша өтініш негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте Тараптардың барлық қаржылық және өзге де міндеттемелері толық көлемде орындалуы тиіс.

Кінәрат-талап. Электрондық банктік қызметтерді беруге байланысты мәселелер бойынша даулы жағдайларды шешу.

6.90. Электрондық банктік қызметтерді ұсынуға байланысты мәселелер бойынша Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар БҚКШ-да көзделген тәртіппен шешеді.

6.91. Жанжал және/немесе даулы жағдайлар туындағанда Тараптар мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:

1) Клиент өзінің дербес деректерін (аты-жөнін, ЖСН, жеке басты куәландыратын құжат нөмірін), пошталық мекенжайын/телефон нөмірін/электрондық мекенжайын, кінәрат-талаптың мазмұнын және өзге де ақпаратты көрсете отырып, Банкке (филиалға, Банктің қосымша үй-жайына) не Банктің Байланыс орталығына жүгіну арқылы өтініш жібереді;
2) Банк Қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзімде Клиенттің өтінішін қарайды;
3) Банк Клиентке Қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен Банкке жіберілген хабарламада көрсетілген мекенжайға жазбаша түрде жауап береді.

6.92. Электрондық банктік қызмет бойынша даулы жағдайлар туындаған жағдайда Клиент бұл туралы даулы жағдай анықталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде кінәрат-талаптың негізділігін (болған жағдайда) растайтын құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда Банкке хабарлайды. Банктің көрсетілген мерзім ішінде Клиенттен мұндай хабарламаны алмауы төлем қызметін жасаудың дұрыстығын растау болып саналады.
6.93. Банк санкцияланбаған төлемдер тәуекелін төмендету мақсатында даулы жағдай бойынша тексеру жүргізген кезде Банк Клиенттің мүддесінде, өз қалауы бойынша Шотқа нұсқауларды қабылдауды уақытша тоқтата тұруды қоса алғанда, Клиенттің залалдары мен шығыстарының алдын алу үшін шаралар қабылдай алады.
6.94. Егер даулы жағдай бойынша Клиенттің кінәрат-талабын Банк негізді деп таныған болса, Банк шығыс операциясының сомасын не оның баламасын қайтаруға құқылы.
6.95. Банк Банктің және/немесе төлем жүйесінің ішкі құжаттарының нормалары мен ережелерін сақтай отырып, Банкке қайтарылғаннан кейін ғана негізделген кінарат-талап бойынша Клиентке ақшаны қайтарады.
6.96. Егер даулы жағдайға қатысты Клиенттің өтініші бойынша жүргізілген тексеру нәтижесінде Клиенттің кінәрат-талабы негізсіз деп танылса, Банк Клиенттен Банктің осындай даулы жағдай бойынша тексеру жүргізуіне байланысты барлық шығыстарын нақты құны бойынша төлеуді талап етуге құқылы.
6.97. Орындаудан негізсіз бас тарту не нұсқаудың тиісінше орындалмағаны анықталған жағдайда Банк Клиентке Клиент тартқан, құжатпен дәлелденетін шығыстар сомасынан аспайтын нақты залал сомасын өтейді. Мұндай төлемді жүзеге асыру Банкті осындай нұсқауды орындаудан босатады, бұл ретте Клиент жаңа нұсқау беруге құқылы.
6.98. Төлем Банкке нұсқауды орындаудан негізсіз бас тартылғанын не тиісінше орындалмағанын растау үшін жеткілікті құжаттарды ұсынған күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күн ішінде жүзеге асырылады.

7. БАНКТІК ШОТТЫ АШПАЙ ТӨЛЕМ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ

7.1. БҚКШ Банктің төлем қызметтерін жүзеге асыру шарттары мен тәртібін айқындайды:
1) банктік шот ашпай төлем жасау үшін қолма-қол ақшаны қабылдау бойынша;
2) банктік шотты ашпай Клиенттің ақша аударымдарын (бұдан әрі – ақша аударымы) жүзеге асыру бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ІНҚ-ға сәйкес, сондай-ақ Тараптардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін, сонымен бірге Банк пен Ақша жіберуші арасындағы құқықтық қатынастардың өзге де ерекшеліктерін белгілейді.

7.2. Банк БҚКШ-да көзделген төлем қызметтерін Клиент қол қойған Қосылу туралы өтініш пен Клиенттің нұсқауы негізінде жүзеге асырады.
7.3. Банк Клиенттің нұсқауларына сәйкес, оның ішінде ақша аудару жүйелері арқылы ұлттық және шетел валютасындағы төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырады.
7.4. Банк ақша аударымы жүйелерінің форматтары мен ережелеріне сәйкес бенефициардың пайдасына ақша аударымын жүзеге асырады.
7.5. Банк Клиенттің қағаз түрінде берілген нұсқаулары негізінде төлемдерді және(немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырады.
7.6. Нұсқауларда Банктің Клиент нұсқауларын тиісінше орындауы үшін қажет, Қолданыстағы заңнамада, ақша аударымы жүйелерінің қағидаларында көзделген барлық ақпарат қамтылуы тиіс.
7.7. Банк Қолданыстағы заңнамада және(немесе) ақша аударымы жүйесінің қағидаларында көзделген талаптарға сәйкес рәсімделген нұсқауларды ғана қабылдайды.
7.8. Банк ақша аударымы жүйесінің форматтары мен қағидаларына сәйкес бенефициардың пайдасына ақша аударымын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

7.9. Сәйкессіздіктер, кемшіліктер, ескертулер болса, Банк Қолданыстағы заңнамада көзделген мерзімде нұсқауды Клиентке орындамай қайтарады.
7.10. Банк Клиент қол қойған және Банк қабылдаған (Банктің тиісті белгісін қою арқылы) осы БҚКШ-ға қосылғанын растайтын қосылу туралы өтініштің (бұдан әрі – өтініш), Қазақстан Республикасының заңнамасына, ақша аударымы жүйелерінің қағидаларына сәйкес, ақша аударымы жүйелерінде белгіленген нысан бойынша өтініштің және(немесе) төлем құжатының негізінде осы БҚКШ-да көзделген төлем қызметтерін жүзеге асырады.
7.11. Банк Банктің Интернет-ресурсында орналастырылған қолданыстағы Банк Тарифтеріне сәйкес осы БҚКШ-да көзделген төлем қызметтерін көрсетеді.
7.12. Осы БҚКШ-да көзделген төлем қызметтері туралы ақпарат Банктің Интернет-ресурсында, сондай-ақ Банк филиалдарының операциялық залдарында және олардың қосымша үй-жайларында көруге қолжетімді жерде орналастырылған.

Төлем қызметтерін көрсету тәртібі

7.13. Клиентке осы БҚКШ-да көзделген төлем қызметтерін көрсету бойынша банктік қызмет көрсету Операциялық күн ішінде жүргізіледі, оның ұзақтығын Банк Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес дербес айқындайды.
7.14. Клиент Банкке өтінішті және(немесе) төлем құжатын береді және осы БҚКШ-да көзделген тиісті операцияны жүргізу үшін ақша енгізеді. Банк БҚКШ-да көзделген төлем қызметін Клиент енгізген сома шегінде көрсетеді.
7.15. БҚКШ жасалған сәттен бастап Клиентте туындайтын талап ету құқықтарын Клиент үшінші тұлғаларға бере алмайды.
7.16. Клиент өтініш және(немесе) төлем құжаты негізінде енгізген ақша оның тапсырмасы бойынша:

- Банк Тарифтеріне сәйкес (бар болса) осы БҚКШ-да көзделген төлем қызметін көрсеткені үшін Банкке тиесілі комиссиялық сыйақыны алуға;
- жеке тұлғаның ақша аударуға өтінішінде және (немесе) төлем құжатында Клиент көрсеткен деректемелерге сәйкес бенефициардың пайдасына банктік шотты ашпай төлемді және(немесе) ақша аударымын жүзеге асыруға арналған.

7.17. Қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда БҚКШ-да көзделген төлем қызметтерін көрсетуді тоқтату және төлем қызметтерін көрсеткен кезде ақшаны қайтару қолма-қол ақшалай да, Клиент ұсынған деректемелер бойынша да жүргізіледі.
Клиент жеке тұлғаның ақша аударымына берген өтінішінде және(немесе) төлем құжатында көрсетілген ақпараттың дұрыстығы үшін жауапты және өтініште және(немесе) төлем құжатында қате деректер көрсетілген жағдайда Банктің БҚКШ бойынша өз міндеттемелерін орындауына байланысты Банкке қандай да бір кінәрат-талап қоюға құқылы емес.
7.18. Банк төлем қызметін көрсету кезінде мынадай шарттардың сақталуын қамтамасыз етеді:

1) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Клиентті тиісті түрде тексеру және сәйкестендіру;

2) Қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, төлем және (немесе) ақша аударымы туралы төлем құжатында «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ақша жіберуші және бенефициар бойынша деректемелердің болуы және төлемге және (немесе) ақша аударымына қатысушыға берілуі;

3) төлем қызметі көрсетілгеннен кейін 5 (бес) жыл бойы ақша жіберушіні және (немесе) бенефициарды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін мәліметтерді сақтау;

4) Клиентті сәйкестендіру құралдарына үшінші тұлғалардың қол жеткізуінен сақтау.

7.19. Клиенттің құқықтары мен міндеттері:

7.19.1. Клиент:

1) ҚР заңнамасында, Банктің ІНҚ мен БҚКШ-да белгіленген тәртіппен және шарттарда ақшамен операциялар жүргізуге;
2) Банктен қабылданған төлемдер және (немесе) аударымдар бойынша ақпарат алуға;
3) БҚКШ-да көзделген тәртіппен және жағдайларда БҚКШ-ны бұзуға;
4) БҚКШ-да көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.

7.19.2. Клиент:

1) Банк Тарифтерімен танысуға;
2) Банкке бенефициар туралы шынайы және толық мәліметтерді (аты-жөні, әкесінің аты (бар болса), байланыс телефоны, егер ол бейрезидент болса, бенефициардың резиденттік елі, аударымды алушы ел) беруге;
3) аударым сомасы мен валютасын көрсетуге;
4) аударым сомасын және Банк комиссиясын қолданыстағы Банк Тарифтеріне сәйкес төлеуге;
5) Банктен аударымның жіберілгеніне аударымның бірегей сәйкестендіру нөмірі (бақылау нөмірі) көрсетілген растауды алуға;
6) Қазақстан Республикасының заңнамасына, Банктің ІНҚ мен осы БҚКШ-ға сәйкес Банк талап ететін, тиісті түрде ресімделген, оның ішінде сәйкестендіру үшін құжаттарды ұсынуға;
7) егер аударым Банкке байланысты емес себептер бойынша жүзеге асырылмаса, ақшаны қайтару бойынша шараларды уақтылы қабылдау үшін Банкті дереу хабардар етуге;
8) ақша аударымдары жүйесінің қағидаларында көзделген немесе Клиентке қолданылатын заңнаманың өзге де міндеттемелері мен талаптарын орындауға;
9) БҚКШ-да көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

7.19.3. Клиент осы БҚКШ талаптарында БҚКШ жасауға байланысты туындаған, Банкке қойылатын талап ету құқықтарын үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

7.20. Банктің құқықтары мен міндеттері:

7.20.1. Банк:

1) төлем қызметін көрсету кезінде Қолданыстағы заңнамада және Банктің ІНҚ-де көзделген кез келген құжаттарды талап етуге құқылы.
2) ақпаратты Банктің Интернет-ресурсында, Банк филиалдарының операциялық залдарында және олардың қосымша үй-жайларында көру үшін қолжетімді жерде орналастыру арқылы БҚКШ-да белгіленген мерзімде БҚКШ-ға және Банк Тарифтеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге бастамашылық жасауға құқылы. Төлемдер және аударымдар бойынша комиссиялар мен тарифтер ұлғайған жағдайда Банк оларды өзгертудің болжамды күніне дейін кемінде 3 (үш) ай бұрын Клиенттерді хабардар етеді;
3) Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасында және БҚКШ-да көзделген жағдайда және тәртіппен БҚКШ-да көзделген төлем қызметтерін жүзеге асыру бойынша операцияны жүргізуден бас тартуға, операцияларды тоқтата тұруға;
4) Клиент ұсынған мәліметтердің дұрыстығын тексеру мүмкін болмаған не Клиент туралы деректерді жаңарту үшін қажетті мәліметтер мен ақпаратты Клиент ұсынбаған жағдайда, сондай-ақ Клиентке қызмет көрсету барысында Клиент іскерлік қатынастарды «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға),

терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңында көзделген қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік туындаған жағдайда Клиентпен іскерлік қатынастарды орнатпауға, сондай-ақ тоқтатуға;

5) Клиентке «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңында көзделген негіздер бойынша мен тәртіппен төлем қызметін көрсетуден бас тартуға құқылы. Банк Банкке жүгінген және өтінішті және(немесе) төлем құжатын ұсынған сәтте төлем қызметін көрсетуден бас тарту туралы хабарлайды не өтініштің және(немесе) төлем құжатының деректемелерінде көрсетілген Клиенттің мекенжайына БҚКШ-ны орындаудан бас тарту туралы хабарламаны электрондық нысанда немесе пошта арқылы (Банктің қарауы бойынша) бас тарту себебін көрсете отырып, өтінішті және(немесе) төлем құжатын алған күннен кейінгі ағымдағы Операциялық күннің соңына дейін жібереді;
6) БҚКШ-да көзделген төлем қызметтерін жүзеге асырғаны үшін Клиенттен тиісті операция жасалған күні Банк белгілеген Банк Тарифтеріне сәйкес комиссиялық сыйақы алуға;
7) БҚКШ-да көзделген төлем қызметтерін жүзеге асырғаны үшін Ақша жіберушіден тиісті операция жасалған күні белгіленген Банк Тарифтеріне сәйкес комиссиялық сыйақы алуға;
8) «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» ҚР Заңында көзделген мақсаттар үшін бейрезиденттердің жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін жинауға;
9) БҚКШ-да көзделген тәртіппен және жағдайларда БҚКШ-ны бұзуға;
10) БҚКШ-да көзделген өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы.

7.20.2. Банк:

1) Қолданыстағы заңнаманың және БҚКШ талаптарына сәйкес Клиенттің нұсқауын орындауға;
2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, төлем қызметтерін көрсету кезінде алынған мәліметтердің құпиялылығын қамтамасыз етуге және оларды үшінші тұлғаларға ашуға жол бермеуге;
3) БҚКШ-да көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыруға міндетті.

Тараптардың жауапкершілігі:

7.21. Банк Ақша жіберушіге банктік қызмет көрсетуге байланысты бұзушылықтар жасағаны үшін Қолданыстағы заңнамаға сәйкес жауапты болады.

7.22. Ақша жіберуші:

7.22.1. төлем және(немесе) аударым жасалатын төлем және(немесе) аударым бенефициары және оның банктік деректемелері туралы;

7.22.2. төлемнің және(немесе) аударымның мақсатын сәйкестендіретін төлем деректемелері туралы;

7.22.3. төлем және(немесе) аударым сомасы және көрсетілуге жататын басқа да деректемелер туралы ақпараттың дұрыстығы үшін жауапкершілік көтереді. Көрсетілген ақпарат дұрыс болмаған жағдайда Банк Ақша жіберушінің төлем және(немесе) аударым бенефициарының алдындағы міндеттемелерді тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік көтермейді;

7.23. Ақша жіберуші Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзі жасайтын операциялардың заңдылығы үшін, сондай-ақ осы БҚКШ-да көзделген төлем қызметтерін жүзеге асыру үшін негіз болатын Банкке ұсынылатын құжаттардың дұрыстығы үшін жауапты.

7.24. Егер мұндай жағдайлар: уәкілетті мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шектеу-тыйым салу сипатындағы актілер\шаралар қабылдауын, бағдарламалық жасақтаманың іркілісін, электр энергиясының өшуін, байланыс желісінің

зақымдануын және Тараптардың еркіне тәуелді емес және осы БҚКШ мәніне тікелей қатысы бар басқа да мән-жайларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындау салдарынан болса, Тараптар БҚКШ бойынша міндеттемелерді орындамау және/немесе тиісінше орындамау жағдайлары үшін жауапкершілік көтермейді.

7.25. Банк мыналар үшін жауапкершілік көтермейді:

7.25.1. Ақша жіберушінің деректемелері дұрыс көрсетілмеген нұсқауларын орындау;

7.25.2. алушы банктің аударымды беруден бас тартуы, егер мұндай бас тарту бенефициар деректерінің сәйкес келмеуінен немесе бенефициардың алушы банктің ішкі құжаттарын бұзуынан туындаса;

7.25.3. ақша аударымдары жүйесі операторының, корреспондент-банктердің немесе алушы банктің кінәсінен аударымның берілуін кешіктіру;

7.25.4. егер Клиент беру валютасын таңдау құқығын пайдаланбаса, аударым сомасын ақша аударымдары жүйесінің операторы белгілеген бағам бойынша айырбастау;

7.25.5. ақша аударымдары жүйесі және басқа банктер алатын тарифтер;

7.25.6. Төлеушінің не үшінші тұлғалардың түсініксіз, толық емес немесе дәл емес нұсқамалары нәтижесінде және Банкке байланысты емес басқа да себептер бойынша туындаған осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау немесе тиісінше орындамау;

7.26. Кез келген жағдайда Банктің осы БҚКШ талаптарын бұзған кездегі жауапкершілігі Клиентке заңсыз әрекеттермен/әрекетсіздіктермен келтірілген нақты залалдың мөлшерімен шектеледі, оның мөлшері тиісті құжаттармен расталуға тиіс.

7.27. Тараптар БҚКШ-да көзделген өзге де жағдайларда жауапкершілік көтереді/жауапкершіліктен босатылады.

Банктік шот ашпай төлем қызметтерін көрсету кезінде БҚКШ-ның қолданылу шарттары

7.28. БҚКШ төлем қызметтерін көрсету кезінде осы БҚКШ-ның ажырамас бөлігі болып табылатын және БҚКШ-ны жасау фактісін растайтын Қосылу туралы өтініштің және кіріс кассалық ордердің (бұдан әрі – ККО) негізінде Банк кассасына төлемді және (немесе) аударымды жүзеге асыру мақсатында Клиент ақша енгізген сәттен бастап жасалған болып есептеледі. Өтініштегі Банктің тиісті белгісі және ККО ақшаны енгізу фактісін растау болып табылады.

7.29. Клиент осы БҚКШ 7.27-тармағына сәйкес құжаттар негізінде ақша енгізген күннен бастап БҚКШ күшіне енеді және Тараптар БҚКШ бойынша өз міндеттемелерін орындағанға дейін әрекет етеді.

7.30. Банктің Интернет-ресурсында, Банк филиалдарының операциялық залдарында және олардың Қосымша үй-жайларында көруге болатын қолжетімді жерде осындай өзгерістер және/немесе толықтырулар қолданысқа енгізілген күнге дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей ақпаратты орналастыра отырып, Банк БҚКШ-ға өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге бастама жасауға құқылы.

7.31. Қазақстан Республикасының заңнамасына өзгерістер енгізілсе және бұл БҚКШ-ға өзгерістер және\немесе толықтырулар енгізуді талап ететін болса, осы БҚКШ-ның 7-тарауында белгіленген тәртіпке сәйкес БҚКШ-ға өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін БҚКШ тараптары ҚР заңнамасының тиісті ережелерін басшылыққа алады.

7.32. Осы БҚКШ тарауында көзделген, келіссөздер жолымен реттелмеген төлем қызметтеріне байланысты барлық даулар БҚКШ талаптарына сәйкес қаралуға жатады.

7.33. Ақша жіберуші мен бенефициар арасындағы есеп айырысу бойынша өзара кінәрат-талаптарды Банктің қатысуынсыз, тікелей өздері қарайды.

8. БҚКШ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

8.1. Клиент:

8.1.1. өз қалауы бойынша Шоттағы ақшаны басқаруға;
8.1.2. Шартта көзделген шектерде Картаны пайдалануға;
8.1.3. Шарттың талаптарын ескере отырып, Картаны пайдаланудан бас тартуға (соның ішінде Картаның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін);
8.1.4. осы БҚКШ-мен және Банктің бекітілген Тарифтерімен белгіленген тәртіппен және мерзімде шот(тар) бойынша Үзінді көшірмелерді алуға;
8.1.5. Шоттан(тардан) ақшалай қаражаттың алынғанын растайтын құжаттардың көшірмелерін Банктен талап етуге;
8.1.6. оның Шоты(тары) бойынша Банк жүргізетін Операциялар туралы ақпаратпен, осы БҚКШ-да қозғалмағандарды қоса алғанда Операциялар жүргізу талаптарымен, Банктің Интернет-ресурсында орналастырылған банктік қызметтерге Тарифтер туралы ақпаратпен танысуға;
8.1.7. Барлық өзге де қызықтыратын мәселелер бойынша ауызша және/немесе жазбаша (жазбаша өтініш берілген жағдайда) түсініктемелер алуға;
8.1.8. Шоттардағы ақша қалдығы шегінде Шоттар бойынша Операциялар жүргізуге;
8.1.9. Қашықтан қызмет көрсету арналары арқылы Картаны жабуға/Шартты бұзуға;
8.1.10. Банк Шартқа(-тарға) және/немесе Банк Тарифтеріне енгізетін өзгерістермен және/немесе толықтырулармен келіспеген жағдайда Шартты(-тарды) бұзуға **құқылы.**

8.2. Банк:
8.2.1. БҚКШ 8.2-тармағының 8.2.20-тармақшасында хабарлау мерзімі белгіленген төлемдер және аударымдар бойынша Тарифтердің ұлғайтылуын қоспағанда, Банктің Интернет-ресурсында, Банк филиалдарының операциялық залдарында және олардың Қосымша үй-жайларында көруге болатын қолжетімді жерде осындай өзгерістер және/немесе толықтырулар қолданысқа енгізілген күнге дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей ақпаратты орналастыра отырып, Шарттың талаптарына сәйкес Банктің Тарифтеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізуге;
8.2.2. Клиентке алдын ала хабарлама жібермей, БҚКШ шеңберінде, сонымен қатар басқа шарттар бойынша Банкте және/немесе ҚР аумағындағы және одан тысқары жерлердегі кез келген басқа банктерде, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда және өзге де кредиттік ұйымдарда ашылған Клиенттің кез келген банктік шоттарынан тікелей дебеттеу арқылы тиісті келісімдер болған жағдайда кез келген валютада ақшаны мынадай мөлшерде:
- Шот бойынша операциялар;
- комиссиялар;
- Клиентке банктік қызмет көрсету нәтижесінде Банк тартқан кез келген залалдар мен шығындар;
- техникалық овердрафт, сондай-ақ Клиенттің Банк алдында кез келген берешегі туындаса;
- ақшаның Шотқа қате есепке жатқызылған фактісі анықталса;
- төлем құжаттарының қолдан жасалғанын растайтын құжаттар болған жағдайда;
- Банкке төлем талаптарын ұсынған кезде және Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес Клиенттің ақшаны алуға немесе банктік шотын тікелей дебеттеуге келісімін растайтын құжаттарды (шарттарды, кепілдіктерді) қоса бере отырып, Қолданыстағы заңнамада белгіленген жағдайларда;
- Банкке инкассолық өкімдер келіп түскен кезде және Қолданыстағы заңнамада көзделген негіздер бойынша алуға құқылы.

8.2.3. Банк халықаралық/үкіметаралық келісімдерде, халықаралық/ұлттық ұйымдардың, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымының актілерінде, халықаралық санкциялармен, шетелдік заңнамада, Қолданыстағы заңнамада, сот шешімдерімен, жалпы шарттармен көзделген жағдайларда және негіздер бойынша, оның ішінде Клиент жалпы шарттарды бұзған жағдайда және/немесе жалпы, сондай-ақ ҚР Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға

(жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою құралын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген негіздер бойынша, соның ішінде мына жағдайларда:

- операцияның ҚР заңнамасының талаптарына сәйкестігін растайтын, оның ішінде қашықтан банктік қызмет көрсету арқылы Клиентті, операцияларға Қатысушыны және/немесе клиентпен байланысты тұлғаларды тиісті түрде тексеру шараларын Банктің жүзеге асыруы мүмкін болмаған жағдайда;
- Клиенттің, операцияларға қатысушының және/немесе клиентпен байланысты тұлғаның деректері террористік қызметке қатысы бар тұлғалардың тізімінде, жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінде, алаяқтардың немесе жалған кәсіпкерлердің тізімдерінде, ҚР заңнамасында белгіленген теріс сипаттағы өзге де тізімдерде көрсетілген тұлғалардың деректерімен сәйкес келсе, сондай-ақ, егер жоғарыда аталған тұлғаларға қатысты қандай да бір санкциялар немесе санкциялық режимдерге сәйкес шектеулер болса, теріс сипаттағы ақпарат бар болса, Банктің пікірінше, Банк үшін кез келген теріс салдары болуы мүмкін өзге жағдайлар туындаса немесе туындау ықтималдығында;
- егер Клиент ҚР заңнамасының талаптарына, халықаралық талаптарға, Банктің ІНҚ-на сәйкес болуы міндетті өзінің сәйкестендірілуіне немесе өзі жүргізетін операцияларға қатысты ақпаратты негізсіз себептермен ұсынбаса;
- Клиент ұсынған мәліметтердің дұрыстығын тексерудің мүмкін болмауы не Клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы деректерді жаңарту үшін қажетті мәліметтер мен ақпаратты Клиенттің ұсынбауы жағдайында;
- Клиент іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік болған жағдайда;
- Клиент күмәнді, ерекше, күдікті операцияларды жүзеге асырған жағдайда (мән-жайлар анықталғанға дейін);
- алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясын анықтағанда (мұндай төлемді және (немесе) ақша аударымын жасау әрекетін, орындау процесіндегі төлемді және (немесе) ақша аударымын қоса алғанда) біржақты тәртіпте банктік қызметтерді/банктік және өзге де операцияларды ұсынудан бас тартуға, банктік қызмет көрсетуді/банктік және өзге де операцияларды жүргізуді тоқтата тұруға/тоқтатуға/бұғаттауға және Клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтатуға/Шотты жабуға құқылы;
- Клиенттің Шотында бір жылдан астам ақша болмаған/клиенттің Шотында (Арнайы Шотты қоспағанда) бір жылдан астам ақша қозғалысы болмаған жағдайда Банк Клиенттерге Шартты орындаудан (толық) бас тарту туралы хабарлама жібереді. Шот хабарламада көрсетілген күннен бастап жабылады, бұл ретте Тараптар арасында қандай да бір келісімдер жасау талап етілмейді.

8.2.4. егер валюталық шарттарға, оның ішінде шет мемлекеттердің банктерінде ашылған Банктің корреспонденттік шоттарын пайдалана отырып операцияны/қызмет көрсетуді жүзеге асыруға ҚР заңнамасында, осындай шет мемлекеттердің заңнамасында, халықаралық ұйымдардың актілерінде, соттардың және шет мемлекеттердің басқа да құзыретті органдарының шешімдерімен, Санкциялық режимдермен белгіленген шектеулермен тыйым салынса немесе Банкте Клиенттің/Операцияға қатысушының/Клиентпен байланысты тұлғаның іс-әрекеттері, соның ішінде Операциялар мен валюталық шарттар Санкциялық режимдерді бұзуға және/немесе айналып өтуге бағытталған деуге негіз болса, Клиенттің операцияларын тоқтата тұруға, операцияны жүргізуден және/немесе валюталық шарттарға (қолданыстағы және/немесе жаңа) банктік қызмет көрсетуден бас тартуға. Бұл ретте Банк операцияны жүргізу мерзімінің ұзаруына, тоқтатыла тұруына немесе Банктің операция жүргізуден және/немесе Клиентке банктік қызмет көрсетуден бас тартуына байланысты

туындаған Клиенттің барлық (кез келген) жоғалтулары және/немесе залалдары үшін қандай да бір жауапкершілік көтермейді/көтермейтін болады;

8.2.5. Мемлекеттік бюджеттен төленетін жәрдемақыларды және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан әлеуметтік төлемдерді есепке жатқызу үшін ашылған Арнайы шотқа ақшаны есептеуді көздейтін, егер есептелетін ақша сомасы көрсетілген жәрдемақыларға және төлемдерге байланысты болмаса, төлем құжаттарын орындаудан бас тартуға;

8.2.6. егер енгізілетін ақша сомасы кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды асырап-бағуға арналмаған болса, алименттерді есепке алу үшін ашылған Арнайы шотқа ақша аударуды көздейтін төлем құжаттарын орындаудан бас тартуға;

8.2.7. егер енгізілетін ақша сомасы зейнетақы төлемдерімен байланысты болмаса, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін есептеу үшін ашылған Арнайы шотқа ақша аударуды көздейтін төлем құжаттарын орындаудан бас тартуға;

8.2.8. кәсіпкерлік қызметті, жеке нотариустың, жеке сот орындаушысының, кәсіби медиатордың және адвокаттың қызметін жүзеге асырудан Ағымдағы шотқа ақша аударуды көздейтін төлем құжаттарын орындаудан бас тартуға;

8.2.9. БҚКШ-да немесе Шартта, сондай-ақ Қолданыстағы заңнамада айқындалған жағдайларда, Банкте Ағымдағы шот шарты бойынша және Банк пен Клиент арасында жасалған басқа да шарттар бойынша ашылған Клиенттің Шотынан (ұлттық және/немесе шетел валютасында) тікелей дебеттеу арқылы төлем ордері немесе төлем талабы негізінде ақшаны алуға (есептен шығаруға):

- Клиенттің қосымша келісімінсіз Банкке Шот валютасынан өзгеше валютада келіп түскен ақшаны операция жүргізілген сәтте Банкте қолданылатын қолма-қол ақшасыз валютаны сатып алу/сату бағамы бойынша айырбастау;
- Қолданыстағы заңнама талаптарының сақталуын тексеру мақсатында, сондай-ақ басқа банктен Банк иелік етпейтін, бірақ валюталық операцияны аяқтау үшін шетелдік корреспондент-банкке ұсынылуы қажет мәліметтерді, түсініктемелерді немесе құжаттарды беру туралы сұрау түскен жағдайда Клиенттен жүргізілетін операцияға қатысты қосымша ақпарат пен құжаттарды сұрату;
- Шот валютасынан өзгеше валютада келіп түсетін ақша сомаларын Шот валютасына айырбастау. Айырбастау Банк Тарифтерімен айқындалған мөлшерде айырбастау үшін Банктің комиссиясын бір мезгілде ұстай отырып, айырбастау сәтінде Банк белгілеген валюта бағамы бойынша жүзеге асырылады;
- Клиентке Шот бойынша операцияларды жүргізу үшін қаражаттың жеткіліксіздігі туралы хабарлау;
- дауға жол бермеу және дәлелдер қорын жинау мақсатында Шотты бұғаттау туралы мәлімдеуді қамтитын Клиентпен телефон хабарламасын, сондай-ақ Клиенттің Банкке/Банктің Байланыс орталығына жасаған барлық өзге телефон қоңырауларын жазып алу;

8.2.10. Қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзімде Клиенттің нұсқауларын акцептеуге;

8.2.11. Қолданыстағы заңнамаға, осы БҚКШ-ға, тиісті Шартқа, сондай-ақ Банктің ІНҚ-на қайшы келетін жағдайларда, оның ішінде төлемдерді/аударымдарды жүзеге асыруға байланысты Клиенттің Шотқа қатысты күшін жою туралы нұсқауларын/өкімдерін орындамауға;

8.2.12. Қолданыстағы заңнамада және БҚКШ талаптарында белгіленген тәртіппен Шотты жабуға;

8.2.13. Клиенттің Шоты бойынша жүргізілетін операция Қолданыстағы заңнаманың, Банктің ІНҚ талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, сондай-ақ Банкте операцияның аударымдарды жүзеге асыру ережелерін бұзумен жүзеге асырылатыны немесе алаяқтық сипатта екені туралы күдік туындаса, біржақты тәртіппен және себептерін түсіндірмей, Клиентке Банктің қызметтерін көрсетуден бас тартуға;

8.2.14. Клиенттен валюталық бақылауды жүзеге асыру және Қолданыстағы заңнама мен Банктің ІНҚ өзге де талаптарын орындау үшін қажетті құжаттарды және басқа ақпаратты сұратуға;
8.2.15. Клиент ұсынған ақпаратты тексеруге, Клиенттен қажетті ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Банктің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы ҚР заңнамасының талаптарын орындауы үшін сұратуға және Банк көрсеткен мерзімде алуға, бұл ретте Клиент осындай ақпарат пен құжаттардың дұрыстығына жауап береді;
8.2.16. Операцияларға шектеулерді және лимиттерді, сондай-ақ Банк Тарифтерін біржақты тәртіппен орнатуға және өзгертуге;
8.2.17. алаяқтық операцияларды болдырмау және Клиентті шотқа санкцияланбаған қол жеткізуден қорғау мақсатында және осындай операцияларды растау үшін аутентификация әдістерін дербес айқындай отырып, үшінші тұлғалардың пайдасына ақша аударымдарының сомасына шектеулер қоюға;
8.2.18. Клиенттің Банкте Салымы және/немесе банктік қарызы болған кезде Клиентке Ағымдағы шотты жабудан бас тартуға;
8.2.19. Клиент ҚР валюталық заңнамасына сәйкес талап етілетін құжаттарды ұсынбаған, күмәнді құжаттарды ұсынған не ҚР валюталық заңнамасында белгіленген әрекеттерді жүзеге асырмаған жағдайда Банк валюталық операция бойынша төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асырудан бас тартады.
8.2.20. Тарифтердің өзгеруінің болжамды күніне дейін кемінде үш ай қалғанда Клиентті хабардар еткеннен кейін төлемдер мен аударымдар бойынша Банктің Тарифтерін ұлғайту жағына өзгертуге;
8.2.21. Клиент Антифрод-орталықтың дерекқорына енгізілсе, Банк Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес Клиенттің нұсқауын тоқтата тұруға, банктік қызметтер көрсетуден бас тартуға немесе банктік қызметтердің шектеулі тізбесін ұсынуға;
8.2.22. Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес, алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары және құқыққа қайшы оқиғалар туралы Антифрод-орталыққа ақпарат беруге **құқылы;**

8.3. Клиент:
8.3.1. Өзін-өзі жұмыспен қамтығанның ағымдағы шотын қоспағанда, кәсіпкерлік қызметті жүргізуге, нотариаттық қызметке, адвокаттық қызметке, атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметке, дауларды медиация тәртібімен реттеу бойынша қызметке байланысты Операцияларды Шот бойынша жүргізбеуге;
8.3.2. Шот бойынша Операцияларды жүргізу кезінде Қолданыстағы заңнаманың талаптарын және Шарттың талаптарын сақтауға, Банктің сұрауы бойынша құжаттарды ұсынуға;
8.3.3. ҚР заңнамасы және Банк қоятын талаптарға сәйкес Банктің Шот бойынша Операцияларды жүзеге асыруы жөніндегі нұсқауларды рәсімдеуге және оларды Банк белгілеген Операциялық күн ішінде ұсынуға;
8.3.4. Шот ашу үшін Банктің талабы бойынша ҚР заңнамасына сәйкес, оның ішінде Банктің «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының талаптарын, ІНҚ және Шартты орындауы үшін қажетті тиісті түрде рәсімделген құжаттарды, оның ішінде ҚР Салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен Клиентке төленетін сыйақы сомасынан табыс салығын ұстап қалудан босататын, сондай-ақ қажет болған жағдайда, Шот бойынша Операцияларды жүргізу үшін, сондай-ақ FATCA талаптарына сәйкес, оның ішінде ҚР уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы, сондай-ақ Ақпарат берудің бірыңғай стандарты (CRS) бойынша қаржы шоттары туралы ақпаратты автоматты түрде алмасу туралы құзыретті органдардың Көпжақты келісімінің талаптарына сәйкес АҚШ салық

органдарына Клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауды, өңдеуді және беруді жүзеге асыру үшін тиісті құжатты беруге;

8.3.5. Банк кассасына қолма-қол ақша енгізу немесе шотта Банк Тарифтерін төлеу үшін қажетті ақша сомасын қамтамасыз ету арқылы Шот бойынша тиісті Операцияны жасаумен бір мезгілде Шот бойынша Операция жасау сәтінде қолданылып жүрген тарифтер бойынша Банктің банктік қызметтерін уақтылы және толық көлемде сөзсіз және даусыз төлеуге, сондай-ақ банк тарифтерін төлеу үшін қажетті ақша сомасын өтеуге, сондай-ақ Банктің Клиент нұсқауларын орындауына байланысты Банктің барлық комиссиялары мен тартқан шығындарын өтеуге;

8.3.6. Банкке мыналарды есепке жатқызу үшін ашылған Арнайы шотқа есепке жатқызуды көздейтін нұсқауларды (төлем құжаттарын) ұсынбауға:

- егер енгізілетін ақша сомасы көрсетілген жәрдемақылар мен төлемдерге байланысты болмаса, Мемлекеттік бюджеттен төленетін жәрдемақылар және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдер;
- алимент, егер енгізілетін ақша сомасы кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналмаған болса;
- зейнетақы, егер енгізілетін сома зейнетақы төлемдерімен байланысты болмаса.

8.3.7. құпиясөздер, логиндер туралы ақпаратты және БҚКШ шеңберінде ұсынылатын басқа да ақпаратты басқа тұлғаларға бермеуге (ақпараттың толық жарияланбауын қамтамасыз етуге);

8.3.8. Банктегі Шоттағы (Шоттардағы) ақшаны Қолданыстағы заңнамаға, Банктің ІНҚ-на және жасалған Шартқа сәйкес басқаруға;

8.3.9. Шотқа билік ету құқығын үшінші тұлғаларға берген кезде, сенімхат негізінде Шотқа билік етуге уәкілетті тұлғаларды ауыстырған кезде Банкті хабардар етуге және осындай өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын 1 (бір) жұмыс күні ішінде ұсынуға. Клиент хабарлау тәртібін орындамаған/тиісінше орындамаған жағдайда, Банк Клиентке келтірілуі мүмкін залал үшін жауаптылықтан босатылады;

8.3.10. Банк Тарифтерінің, сыйақы мөлшерлемелерінің (ұзарту кезінде) өзгеруі, Шарттардың талаптарының өзгеруі және толықтырылуы туралы Банктің Интернет-ресурсында және/немесе Банк филиалдарының операциялық залдарында және олардың Қосымша үй-жайларында өз бетінше білуге;

8.3.11. Клиент Арнайы шотты тек мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді; бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан біржолғы зейнетақы төлемдерін; ҚР Мемлекеттік уәкілетті органынан тұрғын үй төлемдерін; кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды асырап-бағуға алименттерді енгізу мақсатында ғана пайдалануға міндетті;

8.3.12. Карталар бойынша алаяқтық деңгейі жоғары елдерге барғаннан кейін Қазақстан Республикасына келген күннен бастап күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде негізгі/қосымша Картаны бұғаттау және Банктің Тарифтеріне сәйкес жаңасына қайта шығару/ауыстыру мақсатында Банкке жүгінуге міндетті. Көрсетілген талап сақталмаған жағдайда және осыған байланысты осы Карта бойынша алаяқтық Операциялар туындаған кезде Банктің барлық шығыстарын Карта ұстаушыға жіберілген Банктің жазбаша талабында көрсетілген мерзім ішінде Карта ұстаушы сөзсіз өтеуге тиіс.

8.3.13. Қаражаттың заңсыз шығу тегі, бұзушылықтар туралы айыптаулар немесе тыйым салынған мінез-құлықтың анықталған фактілері туралы мәліметтерді алған жағдайда Банкке хабарлауға;

8.3.14. Тыйым салынған мінез-құлыққа (оның ішінде алаяқтық, сыбайлас жемқорлық, ақшаны жылыстату, терроризмді қаржыландыру) жататын іс-әрекеттерге қатыспауға және қатысуға жол бермеуге **міндетті.**

8.4. Банк:

8.4.1. Клиентке Шарттардың талаптарына сәйкес қолданыстағы Тарифтер туралы хабарлауға;

8.4.2. ақпаратты, құжаттарды немесе олардың көшірмелерін 5 (бес) жыл бойы сақтауға және оларды Клиенттің жазбаша талап етуі бойынша ұсынуға;
8.4.3. Қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, Банк Клиенті туралы банктік құпияны жария етпеуге;
8.4.4. ҚР заңнамасына және БҚКШ-ға сәйкес Шот бойынша Операцияларды жүзеге асыруға;
8.4.5. Қолданыстағы заңнамада, осы БҚКШ-да және Банк пен Клиент арасында жасалған басқа да Шарттарда белгіленген жағдайларда және тәртіппен ғана Клиенттің шотынан оның келісімінсіз ақша алуға; Бұл жағдайда Клиенттің келісімінсіз ақшаны алудың негізділігі үшін жауапкершілік тиісті өндіріп алушыға жүктеледі;
8.4.6. Клиентке (оның талабы бойынша) осы БҚКШ және Банктің бекітілген Тарифтерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде шот(тар) бойынша Үзінді көшірмені беруге;
8.4.7. Банктің интернет-ресурсында енгізілген өзгерістерді орналастыру арқылы Клиентті осы БҚКШ-ға енгізілген өзгерістер туралы хабардар етуге;
8.4.8. Клиенттің Шоттары және олар бойынша жүргізілетін операциялар туралы ақпаратқа үшінші тұлғалардың санкцияланбаған қол жеткізуіне жол бермеу үшін шаралар қолдануға;
8.4.9. Қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес Клиенттің өкімдері мен тапсырмаларын орындауға;
8.4.10. Салымды қайтару және ол бойынша есептелген сыйақыны тиісті өтініште белгіленген мөлшерде және тәртіппен, БҚКШ және ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес ұсталған/алынған сомаларды, оның ішінде ҚР заңнамасына сәйкес төлем көзінен алынатын табыс салығының сомасын шегеріп төлеуге (егер мұндай ұстап қалу ҚР заңнамасында көзделген болса);
8.4.11. БҚКШ-да көзделген тәсілмен Мобильді қосымша/Веб-банкинг, Банкомат және өзге де ресурстар арқылы банктік қызметтерге қол жеткізуді үзуі және пайдалануға кедергі келтіруі мүмкін жүргізілетін техникалық жұмыстар туралы Клиентке хабарлауға;
8.4.12. банктік қызмет көрсету кезінде Клиенттен алынған басқа да ақпаратты жария етпеуге;
8.4.13. Клиентке Банк пен клиенттерді тарту бойынша қызметтер көрсететін тұлға арасындағы шартты (келісімді) танысу үшін ұсынуға **міндетті.**

8.5. Клиентке:
8.5.1. күйеуіне (әйеліне) және жақын туыстарына, сондай-ақ Қолданыстағы заңнамада белгіленген жағдайларда өзге де тұлғаларға осындай қолжетімділікті беруді қоспағанда, үшінші тұлғалардың төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға қол жеткізуіне әкелген үшінші тұлғаларға Шотқа не төлем құралына не сәйкестендіру құралына қол жеткізуді, сондай-ақ төлем құралын не сәйкестендіру құралын беруге;
8.5.2. материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда үшін үшінші тұлғаның мүддесінде немесе үшінші тұлғаның пайдасына төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға;
8.5.3. Қолданыстағы заңнамада белгіленген жағдайларда Шотты, төлем құралын не сәйкестендіру құралын күйеуінің (зайыбының) және жақын туыстарының, сондай-ақ өзге де тұлғалардың пайдалануын қоспағанда, Шотты, төлем құралын не үшінші тұлғалардың сәйкестендіру құралын пайдалана отырып, төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға **тыйым салынады.**

9. БҚКШ БОЙЫНША ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

9.1. Тараптар өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін ҚР заңнамасына, осы БҚКШ-ға және Шарттарға сәйкес жауапкершілік көтереді.
9.2. Банктің Клиент алдындағы жауапкершілігі Банктің заңсыз әрекеттері немесе әрекетсіздігі нәтижесінде Клиентке келтірілген, құжат түрінде расталған залалмен (нақты залал) ғана шектеледі. Бұл ретте Банктің іс-әрекеттері қасақана немесе өрескелдікпен абайсыз жасалуы тиіс. Ешбір жағдайда Банк Клиенттің алдында қандай да бір жанама, қосымша

немесе кездейсоқ шығындар немесе залал (соның ішінде жоғалған пайда) үшін, тіпті ол осындай залалдың немесе нұқсанның туындау мүмкіндігі туралы хабардар етілсе де жауапты болмайды.

9.3. Тараптардың ешқайсысы байланыс жүйелерінің немесе жабдықтардың кез келген зақымдануынан немесе істен шығуынан туындаған немесе табиғи катаклизмдерден, апаттардан, қоғамдық тәртіпсіздіктерден немесе Тараптардың еркіне тәуелді емес басқа да себептерден орын алған қызмет көрсетудегі үзілістер үшін тікелей немесе жанама қандай да бір нұқсан немесе залал үшін екінші Тараптың алдында жауап бермейді. Егер осындай жағдайлардың кез келгені Шартта белгіленген мерзімде міндеттемелердің орындалуына тікелей әсер етсе, онда бұл мерзім тиісті мән-жайдың әрекет ету уақытына ұзартылады. ҚР уәкілетті органының форс-мажор мән-жайларының туындағанын растайтын жазбаша куәлігі форс-мажордың дәлелі болады.

9.4. Қарыз алушы банктік қарызды қайтару және/немесе сыйақыны және/немесе комиссияны және басқа да төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда, Қарыз алушы Банкке оның талабы бойынша мерзімі өткен тоқсан күн ішінде мерзімі өткен төлем сомасының 0,5 (нөл бүтін оннан бес) %-нан аспайтын мөлшерде, мерзімі өткен тоқсан күннен кейін әрбір мерзімі өткен күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,03 (нөл бүтін жүзден үш) %-нан аспайтын мөлшерде, бірақ Банктік қарыз шарты қолданыста болатын әр жыл үшін берілген банктік қарыз сомасының 10 (он) %-нан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

9.5. Банктік қарызды мақсатсыз пайдаланған жағдайда, Қарыз алушы Банктік қарыз шартында белгіленген мөлшерде айыппұл төлеуге міндетті.

9.6. Қарыз алушы Банктік қарыз шартының талаптарында көзделген ерекше талаптарды уақтылы орындамаған жағдайда, Қарыз алушы Банкке БҚКШ-да/Банктік қарыз шартында белгіленген мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді.

9.7. Клиент БҚКШ талаптарын бұзған жағдайда Банк мына шаралардың бірін қолдануға құқылы:

- банктік қызмет көрсетудегі ықтимал шектеулер туралы ескерту;
- банктік қызмет көрсетуді шектеу және (немесе) тоқтата тұру;
- Мобильді қосымшаға/Веб-банкингке кіруді бұғаттау;
- біржақты тәртіпте БҚКШ бұзу.

9.8. Банк:

9.8.1. электр қуатының үзілуі, байланыс желілерінің зақымдануы салдарынан туындаған төлемдерді орындамағаны немесе орындауын кешіктіргені үшін, сондай-ақ Клиенттің түсініксіз, толық емес немесе дұрыс емес нұсқаулары салдарынан туындаған қателер, қате түсіндірулер және т.б. үшін, Клиент БҚКШ талаптарын және Қолданыстағы заңнама талаптарын бұзуы нәтижесінде және Банк еркіне байланысты емес басқа да себептер бойынша үшінші тұлғалардың төлемдерді орындамағаны немесе орындауын кешіктіргені үшін;

9.8.2. Банкке байланысты емес себептерден туындаған және Клиенттің Банк хабарламалары мен Клиенттің Шотынан Үзінді көшірмелерді алмауына немесе уақытылы алмауына әкелген Интернет, байланыс желілерінің жұмысындағы іркілістер үшін;

9.8.3. Банктің БҚКШ талаптарын орындамауына әкелген техникалық іркілістер жағдайында (электр қуат көздерінің және байланыс желілерінің өшуі/зақымдануы, Банктің Деректер базасының бағдарламалық жасақтамасының істен шығуы, төлем жүйелеріндегі техникалық іркілістер);

9.8.4. деректемелері дұрыс көрсетілмеген Клиенттің Төлем құжатын, оның ішінде қате орындалған Төлем құжатын орындағаны үшін, егер мұндай Төлем құжатында қатені Клиент жасаған болса;

9.8.5. Клиенттің не үшінші тұлғалардың түсініксіз, толық емес немесе дәл емес нұсқаулықтары нәтижесінде және Банкке тәуелді емес басқа да себептер бойынша Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін;

9.8.6. Клиент Шотқа билік етуге уәкілеттік берген тұлғалардың әрекеттері үшін, Клиент Банкті БҚКШ талаптарына сәйкес осындай тұлғаларды ауыстыру туралы хабарламаған/уақтылы хабарламаған жағдайда;
9.8.7. Клиенттің Шотынан оның келісімінсіз ақшаны алып қоюдың (есептен шығарудың) негізділігі үшін (өндіріп алушы жауапкершілік көтереді);
9.8.8. Шот бойынша Операцияларды тоқтата тұру және/немесе ҚР заңнамасына сәйкес жүзеге асырылған Шоттағы ақшаға тыйым салу нәтижесінде Клиентке келтірілген залалдар үшін;
9.8.9. Клиенттің Шотынан оның келісімінсіз үшінші тұлғалардың ақша алу (есептен шығару) нәтижесінде Клиентке келтірілген залалдар үшін;
9.8.10. егер Клиент сәйкестендіру құралдарының тиісті қауіпсіздігін және Клиентті сәйкестендіру және аутентификациялау үшін оларға тиісті аутентификаттарды қамтамасыз етпеген жағдайда, Санкцияланбаған операциялар үшін, сондай-ақ сәйкестендіру құралдарының көмегімен үшінші тұлғалардың өзге де Электрондық банктік қызметтерін алуы үшін;
9.8.11. Карта арқылы сатып алынған тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің сапасы үшін;
9.8.12. Банкоматтарда және басқа да электрондық-механикалық құрылғыларда пайдалану нәтижесінде Картаға келтірілген зиян үшін;
9.8.13. үшінші тараптың Картаға қызмет көрсетуден бас тартқаны үшін;
9.8.14. Егер Карта ұстаушының барған елінің валюталық шектеулері, сондай-ақ банкоматтарда немесе АБП-да қолма-қол ақша алу сомасына белгіленген шектеулер қандай да бір дәрежеде Карта ұстаушының мүдделеріне әсер ететін болса;
9.8.15. БҚКШ-да көзделген өзге жағдайларда;
9.8.16. үшінші тұлғалардың төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға қол жеткізуіне әкелген Клиенттің үшінші тұлғаларға Шотқа не төлем құралына не сәйкестендіру құралына қол жеткізуді, сондай-ақ төлем құралын не сәйкестендіру құралын үшінші тұлғаларға бергені үшін;
9.8.17. материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда үшін үшінші тұлғаның мүддесінде немесе үшінші тұлғаның пайдасына Клиенттің төлемдер (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруы үшін;
9.8.18. Клиенттің Шотты, төлем құралын не үшінші тұлғалардың сәйкестендіру құралын пайдалана отырып төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырғаны үшін;
9.8.19. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңына сәйкес ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тартқаны, тоқтата тұрғаны, тоқтату бойынша шараларды қолданғаны үшін, сондай-ақ іскерлік қатынас орнатудан бас тарту немесе іскерлік қатынастарды тоқтату үшін **жауапкершілік көтермейді,** тиісті Шарттардың талаптарын бұзғаны үшін Банктің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі үшін негіз болып табылмайды.

9.9. Банк:
9.9.1. Ағымдағы шот бойынша қате жүргізілген Операция үшін (жауапкершілік Банктің қате жүргізілген операцияның күшін жоюымен шектеледі);
9.9.2. Қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиенттің Операцияларына қатысты банктік құпияны жария еткені үшін;
9.9.3. клиенттерді тарту, Банктің талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру, клиенттердің құжаттарын банкке беру жөніндегі шарт (келісім) негізінде Банкке қызмет көрсететін тұлғаның (бұдан әрі - банкке қызмет көрсететін тұлға) көрсетілген тұлғамен Банктің тиісті шарты (келісімі) талаптарында заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін **жауапкершілік көтереді.**

9.10. Клиент:

9.10.1. БҚКШ-да және Шарттарда көзделген өз міндеттерін орындамағаны үшін;
9.10.2. Шот бойынша күдікті әрекеттер анықталған жағдайда, Шот бойынша Операцияларды бұғаттау туралы Банкке уақтылы жүгінбеу салдары үшін Банкке келтірілген залалдың толық көлемінде;
9.10.3. Клиентті сәйкестендіру және аутентификациялау үшін сәйкестендіру құралдарының, сәйкестендіргіштердің және оларға сәйкес аутентификаторлардың сақталуы және қауіпсіздігі үшін;
9.10.4. мерзімі өткен әрбір күн үшін өтелмеген (төленбеген) ақшаға өсімпұл түрінде осы БҚКШ-ға сәйкес Банкке тиесілі ақшаны және/немесе комиссияларды уақтылы өтемегені (төлемегені) үшін;
9.10.5. Банк сұрау салғанда жалған мәліметтер ұсынғаны үшін;
9.10.6. жасаған мәмілелердің заңдылығы, төлемнің заңдылығы және төлем құжаттарының тиісті түрде рәсімделуі үшін;
9.10.7. сәйкестендіруді және аутентификацияны пайдалана отырып, Мобильді қосымша/Веб-банкинг арқылы Банк бөлімшелерінде жүзеге асырылатын барлық Операциялар үшін;
9.10.8. Банкте көрсеткен ұялы телефон нөмірі және басқа да деректері туралы өзекті ақпаратты қамтамасыз ету үшін;
9.10.9. осы БҚКШ-ның және Шарттардың кез келген (әрбір) ережесін бұзуға байланысты туындаған барлық залалды толық көлемде және Банк тиісті хабарламада көрсеткен мерзімде өтеу үшін;
9.10.10. егер Клиент Клиентті сәйкестендіру және аутентификациялау үшін сәйкестендіргіштерді және оларға сәйкес аутентификаторларды сәйкестендіру құралдарына тиісті қауіпсіздікті қамтамасыз етпеген жағдайда, Санкцияланбаған операциялар, сондай-ақ үшінші тұлғалардың өзге де Электрондық банктік қызметтерді алғаны үшін;
9.10.11. егер Клиент сәйкестендіру құралдарының, сәйкестендіргіштердің және оларға сәйкес келетін аутентификаторлардың деректерін Клиентті сәйкестендіру және аутентификациялау үшін үшінші тұлғаларға берген жағдайда, Санкцияланбаған операциялар, сондай-ақ үшінші тұлғалардың өзге де электрондық банктік қызметтерді алуы үшін;
9.10.12. үшінші тұлғалардың төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруға қол жеткізуіне әкелген Клиенттің үшінші тұлғаларға Шотқа не төлем құралына не сәйкестендіру құралына қол жеткізуді, сондай-ақ төлем құралын не сәйкестендіру құралын үшінші тұлғаларға бергені үшін;
9.10.13. материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда үшін үшінші тұлғаның мүддесінде немесе үшінші тұлғаның пайдасына Клиенттің төлемдер (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыруы үшін;
9.10.14. Клиенттің Шотты, төлем құралын не үшінші тұлғалардың сәйкестендіру құралын пайдалана отырып, төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асырғаны үшін **жауапкершілік көтереді.**

10. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ (ФОРС-МАЖОР)

10.1. Тараптар осы БҚКШ-ның қолданылу кезеңінде еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажорлық жағдайлар) туындауы мүмкін екенін мойындайды және келіседі.
10.2. Тараптар еңсерілмейтін күш жағдайларына (форс-мажорлық жағдайларға) мыналарды жатқызады, бірақ олармен шектелмейді: өрт, апат, катастрофа, табиғи және басқа да апаттар, эпидемия, пандемия, соғыстар, көтерілістер, бүліктер, тәртіпсіздіктер, толқулар, ұлттандыру, мемлекет мұқтажы үшін алып қою, нормативтік құқықтық актілердің немесе орындауға міндетті басқа да шешімдердің, санкциялардың, актілердің шығарылуы, ұшу аппараттарының немесе олардың қалдықтарының құлауы, метеориттердің құлауы, Банк қызметкерлері болып табылмайтын тұлғалардың қылмыстық әрекеттері, сондай-ақ ҚР Ұлттық Банкі және басқа банктердің электрондық жүйелеріндегі/желілеріндегі ақаулар, қауіпті қателер, екінші деңгейдегі банктердің банктік операцияларды жүзеге асыруына кедергі келтіретін өзге де мән-

жайлар, техникалық ақаулар, ереуілдер, бой көрсетулер және басқа да осыған ұқсас оқиғалар, әуе тасымалдаушыларына, автомобиль, темір жол тасымалдаушыларына, басқа да қызмет жеткізушілерге міндеттемелерін уақтылы орындауға мүмкіндік бермейтін кәсіподақ ұйымдарының шешімдері, өзге де төтенше және алдын алуға болмайтын оқиғалар.

10.3. Еңсерілмейтін күш жағдайларына Тараптардың, олардың уәкілетті тұлғаларының, Банк қызметкерлерінің немесе агенттерінің, сондай-ақ үлестес тұлғалардың немқұрайлылығы немесе кінәсінен туындаған кез келген іс-әрекеттер жатпайды.

10.4. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған кезде мүдделі Тарап екінші Тарапқа 5 (бес) жұмыс күні ішінде өзінің БҚКШ ережелеріне сәйкес әрекет ете алмау себебі туралы жазбаша хабарлауға тиіс.

10.5. Егер Тарап екінші Тарапқа БҚКШ және Шарттардың ережелерін орындай алмайтыны немесе БҚКШ-ның 9.4-тармағында белгіленгендей еңсерілмейтін күш жағдайларының туындауына байланысты орындауды кешіктіруі туралы хабарламаса, еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан мұндай Тараптың басқа Тарапқа хабарлама жіберуі мүмкін болмаған жағдайларды қоспағанда, ол осы бапта ескерілген құқығын жоғалтады. Екінші Тарап міндеттемелерді орындамауды немесе орындауды кешіктіруді бұзушылық ретінде қарастырып, Шарттың және осы Талаптардың ережелеріне сәйкес әрекет ете алады.

10.6. Жалпыға белгілі сипаттағы еңсерілмейтін күш жағдайлары қосымша дәлелдемелерді немесе хабарламаларды қажет етпейді. Барлық басқа еңсерілмейтін күш жағдайларына қатысты дәлелдемелерді мүдделі Тарап ұсынады.

10.7. Еңсерілмейтін күш жағдайлары олар басталғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен аса жалғасатын болса, Тараптар өзара келісім бойынша БҚКШ-ның қолданылуын тоқтатуға құқылы, бұл ретте мүдделі Тарап бұл туралы екінші Тарапты мұндай тоқтатуға дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей жазбаша хабардар етеді.

11. БҚКШ ШЕҢБЕРІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫ

11.1. БҚКШ ұсыну кезінде қолданылатын қауіпсіздік саясаты Банктің уәкілетті органымен бекітіледі және Банктің интернет-ресурсында орналастырылады.

11.2. Банктік құпияны құрайтын ақпаратқа заңсыз қол жеткізу, оны заңсыз өзгерту, үшінші тұлғалар тарапынан заңсыз әрекеттерді не жеке тұлғаның банктік қарызымен өзге де заңсыз (алаяқтық) әрекеттерді жүзеге асыру анықталған кезден бастап Банк:

бір жұмыс күні ішінде бұл туралы Клиентке және уәкілетті органға хабарлайды;

екі жұмыс күні ішінде заңсыз әрекеттерді жою үшін шаралар қабылдайды;

он жұмыс күні ішінде мұндай әрекеттердің салдарын жою үшін шаралар қабылдайды.

11.3. БҚКШ шеңберіндегі қауіпсіздік рәсімдерінің тізбесін Банк дербес айқындайды. Оларға өзгерістер мен толықтырулар Қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен енгізіледі.

11.4. Бұл ретте Банк БҚКШ-ға сәйкес көрсететін қызметтерге және Клиентке қатысты ақпараттың құпиялылығын, қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Банк өзіне байланысты болатын барлық шараны қолданатынына кепілдік береді.

11.5. Клиенттің (немесе салымшының) кінәсінен құпиялылық бұзылса немесе құпия ақпарат үшінші тұлғаларға өзге дереккөздерден белгілі болса немесе белгілі болып шықса, Банк жауапкершілік көтермейді.

11.6. Клиент Банкке ұсынылған және тиісті шарттарда/өтініштерде/сауалнамаларда/Банкке ұсынылған құжаттарда көрсетілген өзінің деректері/деректемелері, мәліметтері және/немесе құжаттарының кез келген өзгерістері туралы Банкті жазбаша түрде хабардар етіп, осындай өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқаларын (куәландырылған көшірмелерін) қоса тіркеп, олар өзгерген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Банкке хабарлауға міндеттенеді деген қайтарып алынбайтын келісімді өзіне қабылдайды, бұған ұялы телефон нөмірінің, ұялы телефон нөмірі және/немесе Мобильді қосымша орнатылған Мобильді құрылғының өзгеруі немесе ұрлануы/жоғалуы/басқаша айырылу жағдайлары жатпайды, бұл

туралы Клиент Банкті дереу хабардар етуге, кейіннен жазбаша хабарлап, жоғарыда көрсетілген мерзімде қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті.
11.7. Банк бұрын Клиенттен қабылдаған Клиенттің ұялы байланыс абоненттік құрылғысының нөмірін үшінші тұлға пайдалануда деп күдіктенсе немесе растаса, Банк Клиентке осындай ұялы телефон нөмірін пайдалана отырып, БҚКШ-да көзделген кез келген қызметті көрсетуден бас тартуға құқылы.

12. БҚКШ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ, БҰЗУ ТӘРТІБІ

12.1. БҚКШ-да көрсетілген жағдайларды қоспағанда, осы БҚКШ талаптары мерзімі шектеусіз қолданылады және БҚКШ-да көрсетілген талаптарды сақтай отырып, Қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен Тараптардың кез келгені бұза алады.
12.2. Тараптар БҚКШ қолданылу мерзімі Банкте ашылған соңғы Шот жабылған сәтте, сондай-ақ БҚКШ-да көзделген өзге банктік қызметтерді пайдалану аяқталған кезде тоқтатылатынын таниды.
12.3. БҚКШ шеңберінде орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелер болмаған жағдайда, тиісті Шарттар бойынша, егер тиісті Шартта(тарда) өзгеше тәртіп көзделмесе, Клиент Банк белгілеген нысан бойынша Банкке БҚКШ немесе тиісті Шартты(тарды) бұзу туралы жазбаша өтініш беру арқылы Банкті осы ниеті туралы күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабардар ете отырып, БҚКШ немесе тиісті Шартты(тарды) орындаудан біржақты тәртіппен толық бас тартуға құқылы.
12.4. БҚКШ-ны бұзу деп оның шеңберінде жасалған барлық Шартты бұзу түсініледі. БҚКШ және/немесе тиісті Шарттың қолданылуы Банк алдындағы берешекті (Банк комиссияларын, тұрақсыздық айыбын, өсімпұлдарды және т.б. қоса алғанда) толық өтегеннен кейін тоқтатылады.
12.5. Клиент БҚКШ және/немесе тиісті Шарт талаптарын, сондай-ақ Қолданыстағы заңнама талаптарын бұзған жағдайда және БҚКШ-да көзделген басқа жағдайларда, егер Банк хабарламасында басқа мерзім белгіленбесе, болжалды тоқтату күніне дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірмей Банк Клиентті жазбаша түрде хабардар етіп, БҚКШ-ны немесе Клиентпен жасалған тиісті Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы.
12.6. БҚКШ талаптарын орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде, Банк Клиентке оның Банктегі Шоттарындағы ақша қалдығын қолма-қол ақшалай қайтарады немесе Клиенттің тапсырмасы негізінде Банк Тарифтеріне сәйкес комиссия ұстай отырып, ақшаны басқа банк шотына аударады.
12.7. Мәліметтерді, оның ішінде дербес деректерді, банктік құпияны және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын мәліметтерді, биометриялық және (немесе) өзге де деректерді жинауға және (немесе) өңдеуге келісім талаптары Банктің Интернет-ресурсында орналастырылған. Клиенттің осы БҚКШ шеңберінде Банкке берген (дербес деректерді жинауға және (немесе) өңдеуге, оның ішінде үшінші тұлғаларға беруге, таратуға, трансшекаралық беруге, Банктің банктік құпияны ашуға, кредиттік бюроға ақпарат беруге, Банктің кредиттік бюродан кредиттік есепті алуына және өзге де) әрбір (кез келген) келісімі осы БҚКШ және/немесе Шартты тоқтатқаннан/бұзғаннан кейін Қолданыстағы заңнамада көзделген мерзім ішінде қолданысын жалғастырады.

13. БҚКШ ӨЗГЕ ДЕ ТАЛАПТАРЫ

13.1. БҚКШ және оның шеңберінде жасалған Шарттардың талаптарын түсіндіру және орындау Қолданыстағы заңнамамен реттеледі.
13.2. Даулы жағдайларға, келіспеушіліктерге, оның ішінде рұқсат етілмеген төлемдерге қатысты барлық кінәрат-талаптар мен өтініштер Тараптар қол қойған соңғы Шартта/өтініште көрсетілген, ал егер Шартта/өтініште Банктің орналасқан жері көрсетілмесе, осы БҚКШ-да көрсетілген мекенжайлар бойынша жазбаша түрде беріледі.

13.3. Кінәрат-талаптар мен өтініштерге жауап Қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзімде берілуге тиіс. Бұл ретте тараптар БҚКШ орындауға байланысты туындайтын келіспеушіліктер мен дауларды күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде келіссөздер арқылы шешуге барлық күш-жігерін салатындығымен келіседі.
13.4. Егер көрсетілген мерзімде Тараптар келіспеушіліктер мен дауларды екіжақты келіссөздер арқылы шеше алмаса, олар Қолданыстағы заңнамада көзделген тәртіппен, Банктің немесе Банктік қызмет көрсету шартын жасаған оның филиалының орналасқан жері бойынша сотта шешіледі.
13.5. БҚКШ талаптарымен реттелмеген барлық басқа өзара қатынастар жекелеген Шарттармен, ал Тараптармен реттелмеген бөлігі Қолданыстағы заңнаманың талаптарымен айқындалады.
13.6. БҚКШ жасау тәртібіне Қолданыстағы заңнамада белгіленген жария оферта ережелері қолданылады.
13.7. Тараптар БҚКШ, тиісті Шарттар, өтініштер тілі ретінде мемлекеттік және орыс тілдерін белгіледі. Тараптар БҚКШ-ның, тиісті Шарттардың, өтініштердің тілі оларға толығымен түсінікті, сондай-ақ мағынасы мен мазмұны жалпы және жекелеген бөліктерінде толық айқын екенін мәлімдейді. Егер әртүрлі тілде берілген БҚКШ-ның, тиісті Шарттардың, өтініштердің мәтінінде әртүрлі оқылу (қайшылықтар) немесе түсіндірулер немесе әртүрлі мағыналық мән орын алса, Тараптар БҚКШ-ның және/немесе тиісті Шарттардың, өтініштердің орыс тілінде жасалған мәтінін басшылыққа алады.
13.8. Егер БҚКШ-ның қандай да бір ережесі Қолданыстағы заңнамаға сәйкес заңсыз, жарамсыз болса немесе жарамсыз болып шықса, БҚКШ-ның және Шарттардың қалған ережелері толық күшін және жарамдылығын сақтайды.
13.9. Клиент/Қарыз алушы осы арқылы Банкке оның қарауы бойынша кез келген мақсатта, оның ішінде алаяқтықтың алдын алу, аудит, кез келген үшінші тұлғаның қызметтер көрсетуі, борышты өндіріп алу (оның ішінде проблемалық банктік қарыздармен жұмыс істейтін ұйымдардың), уәкілетті мемлекеттік органның сұранысын қанағаттандыру, процессингтік (компьютерлік) орталықтардың қызмет көрсетуі, ҚР тыс жерде хабарламалар мен электрондық хаттарды өңдеу, Клиенттің/Қарыз алушының тапсырмаларын орындау, Клиент/Қарыз алушымен жасалған басқа да шарттарды орындау үшін Клиент/Қарыз алушы және оның операциялары туралы ақпаратты Банктің үлестес тұлғаларына және мүшелеріне, акционер(лер) тобының үлестес компанияларына, үшінші тұлғаларға табыстауына қайтарып алынбайтын келісімін береді.
13.10. БҚКШ-ға қосылу арқылы Қарыз алушы Банктік қарыз шарты бойынша құқықты (талаптарды) беруге, сондай-ақ дербес деректерді, құпия және «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» ҚР Заңында көзделген теріс ақпараттан бөлек, Қарыз алушыға қатысты кез келген басқа теріс ақпаратты қоса алғанда, өзге де ақпаратты жинауға және өңдеуге, оның ішінде Банк өз қалауы бойынша қажет деп санайтын кез келген мақсатта, сондай-ақ FATCA талаптарын орындау мақсатында пайдалануға келісім береді.
Қарыз алушының немесе Банктің үшінші тұлғалар туралы Тараптар иелік ететін, осындай тұлғалардың ҚР заңнамасына сәйкес қорғалатын құпияны құрайтын дербес деректері болып табылатын ақпаратты кез келген беруі Тарап осындай ақпаратты (өңдеуге, оның ішінде тиісті мақсаттар үшін пайдалануға) осындай үшінші тұлғалардан және осындай келісімдерде айқындалған көлемде беру туралы тиісті келісімдерді алғаннан кейін ғана жүреді. Осы келісім Қарыз алушы Банк алдындағы шарттық және өзге де міндеттемелердің барлық көлемін толық орындаған сәтке дейін қолданылады, бұған Банкке өңдеу үшін мерзімсіз берілетін, кез келген дереккөздерден Қарыз алушыға қатысты Банк алған теріс ақпарат жатпайды.
13.11. Банктік қарыз шарты тараптарының әрқайсысы екінші тараптан алынған банктік, қаржылық, коммерциялық және өзге де ақпараттың (жалпыға қолжетімді ақпаратты қоспағанда) қатаң құпиялылығын сақтауға міндеттенеді. Мұндай ақпаратты, сондай-ақ банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты үшінші тұлғаларға беру, оның

ішінде оны жариялау ақпараты екінші тараппен жарияланатын тараптың алдын ала жазбаша келісімімен ғана мүмкін болады, мынадай жағдайларды қоспағанда:

a) Қарыз алушының Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді бұзуына байланысты Банктің кез келген шараларды қолдануы;
b) Банктік қарыз шарты бойынша құқықтарды және/немесе міндеттерді толық немесе ішінара басқаға беру;
c) Банктің Қарыз алушының мәміле жасауына тікелей және/немесе жанама мүдделі үшінші тұлғаларды Қарыз алушының оларды жасау үшін/жасалуы туралы Банкті хабардар етуге/Банктің алдын ала келісімін алуға міндетті екені, Банктік қарыз шартында ондай мәмілелерді жасаудың белгіленген тәртібі және Қарыз алушының оны бұзуына байланысты туындайтын ықтимал салдарлар туралы хабардар етуі;
d) ҚР және/немесе Қарыз алушының тіркелген елі және/немесе резиденттік елі заңнамасының талаптарына сәйкес үшінші тұлғаларға ақпарат беру;
e) Банктің өзінің контрагентіне (контрагенттеріне) құпия ақпаратты ашуы, бұл жағдайда Банк ондай тұлғамен (тұлғалармен) контрагент(тер) Банктен алынған/алынатын құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға, Банктің акционерлеріне жария етпеу туралы міндеттеме қабылдайтын келісім(дер) жасауы шартты;
f) Банктің Банктік қарыз шарты және/немесе қамтамасыз ету шарттары бойынша өз құқықтарын іске асыруы.

13.12. Клиентке барлық хабарламалар Клиент Банк үшін байланыс ретінде нөмірін жазбаша көрсеткен телефон бойынша, Қашықтан қызмет көрсету арнасы арқылы, SMS-хабарламалар, Push-хабарламалар арқылы, электрондық поштамен, пошта жөнелтімдері арқылы және Клиенттерге ақпарат алуға және оның Банктен жіберілгенін анықтауға мүмкіндік беретін өзге де тәсілдермен БҚКШ-да және Қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзімде жіберіледі.

13.13. БҚКШ-ға қосылу арқылы Клиент:

- өзінің банктік шотына не төлем құралына, не сәйкестендіру құралына қолжетімділікті үшінші тұлғаға заңсыз беру не оларды материалдық сыйақы және (немесе) мүліктік сипаттағы пайда үшін не оларды алу мақсатында үшінші тұлғаға пайдалануға заңсыз беру;
- материалдық сыйақы немесе мүліктік сипаттағы пайда үшін банктік шотты не төлем құралын не сәйкестендіру құралын пайдалана отырып, үшінші тұлғаның мүддесінде немесе үшінші тұлғаның пайдасына төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын заңсыз жүзеге асыру;
- заңсыз төлемдерді жүзеге асыру және ақша аудару мақсатында банктік шотты не төлем құралын, не сәйкестендіру құралын басқаруға қолжетімділікті заңсыз сатып алу үшін қылмыстық жауапкершілік туралы хабардар екенін растайды.

13.14. БҚКШ-ға қосылу арқылы Клиент хабардар етілгенін растайды және Қолданыстағы заңнамада, БҚКШ-да көзделген жағдайларда банктік қызметтердің шектеулі тізбесін алуға келісім береді.

14. «KMF Банк» АҚ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ:

«KMF Банк» акционерлік қоғамы
БСН 061240001583,
БеК 14;
БСК KMFBKZKK;
Пошталық мекенжайы: A26F8P9, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 50;
Электрондық мекенжайы: info@kmf.kz
Интернет-ресурс: https://kmf.kz/
Байланыс телефоны: +7 (800) 080 58 00; 7474;

1-қосымша

«KMF Банк» АҚ-да АҒЫМДАҒЫ ШОТ АШУ ТУРАЛЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ №_____ӨТІНІШІ (бұдан әрі – «Шот шарты»)		**ЗАЯВЛЕНИЕ №_____ ФИЗИЧЕСКОГО ЛИЦА НА ОТКРЫТИЕ ТЕКУЩЕГО СЧЕТА В АО «KMF Банк» (далее – «Договор счета»)**	
_____ қ.	**«_____» _____ 202__ж.**	**г. _____**	**«_____» _____ 202__г.**
Клиенттің аты-жөні	_____ _____ _____	**Ф.И.О. Клиента**	_____ _____ _____
ЖСН		**ИИН**	
Жеке басын куәландыратын құжат	_____ № _____ __.__.____ ж. бастап __.__.____ ж. дейін, ҚР берді	**Документ, удостоверяющий личность**	_____ № _____ от __.__.____ г. до __.__.____ г., выдано ___ РК
Резиденттігі:	Резидент/Бейрезидент	**Резидентство:**	Резидент/Нерезидент
Тіркелген мекенжайы		**Адрес регистрации**	
Нақты тұрғылықты мекенжайы		**Адрес факт.проживания**	
Байланыс нөмірі		**Контактный номер**	
Email (бар болса)		**Email (при наличии)**	
Ағымдағы шот бойынша кепілдіктің ең жоғары (шекті) сомасы («Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген сома): [1] ұлттық валютада 10 миллион теңгеден аспайды; шетел валютасында 5 миллион теңгеден аспайды. Егер Банкте түрлері мен валютасы бойынша әртүрлі бірнеше депозит (салым) орналастырылған болса, онда барлық депозит (салым) бойынша соманың жиынтық қалдығына кепілдік беріледі, бірақ депозиттің (салымның) әрбір түрі бойынша кепілдік берілген өтем төлеу шектерін ескере отырып, кепілдік берілген өтемнің ең жоғары сомасынан – 20 миллион теңгеден аспайды. Кепілдік берілген өтемді депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым салым бойынша есептелген сыйақыны және шоттағы қалдық сомасын ескеріп, депозиттегі (салымдағы) қалдық сомасын негізге ала отырып, бірақ «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңының 18-бабында белгіленген, Банкті лицензиясынан айыру күніндегі кепілдіктің ең жоғары (шекті) мөлшерінен аспайтын мөлшерде төленеді.		Максимальная (предельная) сумма гарантии по Текущему счету (сумма, установленная Законом Республики Казахстан «Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан»): [2] не более 10 миллионов тенге в национальной валюте; не более 5 миллионов тенге в иностранной валюте. Если в Банке размещено несколько депозитов (вкладов), различных по видам и валюте, то гарантируется совокупный остаток суммы по всем депозитам (вкладам), но не более максимальной суммы гарантийного возмещения – 20 миллионов тенге, с учетом пределов выплаты гарантийного возмещения по каждому виду депозита (вклада). Гарантийное возмещение выплачивается, организацией, осуществляющей обязательное гарантирование депозитов, исходя из суммы остатка на депозите (вкладе) с учетом начисленного вознаграждения по вкладу и суммы остатка на счете, но не более максимального (предельного) размера гарантии, установленного статьей 18 Закона РК «Об обязательном гарантировании депозитов, размещенных в банках второго уровня Республики Казахстан», на дату лишения Банка лицензии.	
Мен осы Шот шартына қол қою арқылы «KMF Банк» АҚ Банктік қызмет көрсету шартына (бұдан әрі – Банктік қызмет көрсету шарты/БҚКШ) қосыламын, сондай-ақ ағымдағы шот (бұдан әрі – Ағымдағы шот) ашуды сұраймын:		Я, подписанием настоящего Договора счета присоединяюсь к Договору банковского обслуживания в АО «KMF Банк» (далее – Договор банковского обслуживания/ДБО), а также прошу открыть текущий счет (далее – Текущий счет):	
Банктік шот түрі: □ ағымдағы шот □ арнайы шот (алимент/жәрдемақы/зейнетақы үшін).		**Вид банковского счета:** □ текущий счет □ специальный счет (для алиментов/пособий/пенсии).	
Шот валютасы: _____ KZT / USD / RUB		**Валюта счета:** _____ KZT / USD / RUB	
Банктік шотқа қызмет көрсету үшін комиссия: Банктің интернет-ресурсында (https://kmf.kz) орналастырылған Банк тарифтеріне сәйкес		**Комиссия за обслуживание банковского счета:** Согласно тарифам Банка, размещенным на интернет-ресурсе Банка (https://kmf.kz)	
Төмендетілмейтін қалдық сомасы:*		**Сумма неснижаемого остатка:***	
Ең көп сома:*		**Максимальная сумма:***	
Сыйақы (жылдық %):*		**Вознаграждение (% годовых):***	
Сыйақы төлеу:*		**Выплата вознаграждения:***	
Ағымдағы шот ашудың және оған қызмет көрсетудің жалпы шарттары		**Общие условия открытия и обслуживания Текущего счета**	

[1] Кепілдіктің ең жоғары (шекті) сомасы ағымдағы шоттың валютасына сәйкес көрсетіледі/Максимальная (предельная) сумма гарантии указывается в соответствии с валютой текущего счета

* Қаржы өнімінің картасына сәйкес валютада (USD) ағымдағы шот ашқан кезде/При открытии текущего счета в валюте (USD), в соответствии с карточкой финансового продукта

Осы Шот шартына қол қою арқылы Банктік қызмет көрсету шарты, Депозитор хабарламасы, Банк Тарифтері https://kmf.kz сілтемесі бойынша Банктің Интернет-ресурсында орналастырылғаны туралы, сонымен қатар құжаттармен танысқаным, олардың мәтінін түсінетінім, олармен толық келісетінім және оларды тиісінше орындауға міндеттенетінім туралы хабардар етілдім.	Подписанием настоящего Договора счета, уведомлен о том, что Договор банковского обслуживания, Уведомление депозитора, Тарифы Банка размещены на Интернет-ресурсе Банка по ссылке https://kmf.kz, а также о том, что я ознакомлен с документами, понимаю их текст, согласен с ними в полном объеме и обязуюсь их выполнять надлежащим образом.
Ағымдағы шотты ашу банктік шот бойынша кәсіпкерлік қызметке, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін арнаулы салық режимі шеңберіндегі қызметке, нотариаттық қызметке, адвокаттық қызметке, атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметке, дауларды медиация тәртібімен реттеу жөніндегі қызметке қатысты операцияларды жүзеге асыруға байланысты емес.	Открытие Текущего счета не связано с осуществлением по банковскому счету операций, связанных с предпринимательской деятельностью, деятельностью в рамках специального налогового режима для самозанятых, деятельностью в рамках специального налогового режима для самозанятых, нотариальной деятельностью, адвокатской деятельностью, деятельностью по исполнению исполнительных документов, деятельностью по урегулированию споров в порядке медиации.
Осы арқылы Банкте ашылған Ағымдағы шоттан, теңгемен, сонымен қатар шетел валютасымен ашылған өзге шоттардан аталған банктік шоттарды тікелей дебеттеу арқылы мына: - Банк Тарифтеріне сәйкес Ағымдағы шот бойынша операцияларды жүргізу бойынша банктік қызмет көрсеткені үшін; - кез келген шарттар (келісімдер), оның ішінде Ағымдағы шот, өзге шоттар бойынша операцияларды жүргізу үшін және Банк көрсететін өзге қызметтер үшін Банк қызметтерін төлеу бойынша Банк алдында берешек туындаған жағдайда Банк алдындағы берешек мөлшерінде; - Банк микроқаржы ұйымынан банкке айналғанға дейін Банк пен Клиент арасында жасалған микрокредит беру туралы шартты (шарттарды) орындау шеңберінде Клиенттің берешекті төлеу міндеттемелері бойынша; - сонымен қатар Банкпен жасалған шарттар (келісімдер) (оның ішінде микрокредит беру туралы шарттар) бойынша өз міндеттемелерімді бұзуға байланысты Банктің өзге де шығыстары мен шығындарының сомаларын; - ҚР заңнамасында және БҚКШ-да көзделген өзге де жағдайларда ақша алуға (есептен шығаруға) келісімімді беремін.	Настоящим предоставляю свое согласие на изъятие (списание) денег с Текущего счета, иных счетов, как в тенге, так и иностранной валюте, открытых в Банке, путем прямого дебетования указанных банковских счетов: - за банковское обслуживание по ведению операций по Текущему счету по Тарифам Банка; -в случае образования задолженности перед Банком по любым договорам (соглашениям), в том числе по оплате услуг Банка за ведение операций по Текущему счету, иным счетам и за иные услуги, оказываемые Банком, в размере имеющейся задолженности перед Банком; - по обязательствам оплаты Клиентом задолженности в рамках исполнения договора(-ов) о предоставлении микрокредита, заключенного (-ых) между Банком и Клиентом до конвертации Банка из микрофинансовой организации в банк; - а также суммы иных расходов и убытков Банка, связанных с нарушением моих обязательств по заключенным с Банком договорам (соглашениям) (в том числе договорам о предоставлении микрокредита); - в иных случаях, предусмотренных законодательством РК и ДБО.
Шот шарты Ағымдағы шот ашылған сәттен бастап акцептелген, Банкпен жасалған болып есептеледі.	Договор счета считается акцептованным, а равно заключенным с Банком, с момента открытия Текущего счета.
Ақпарат беруге/алуға келісім	**Согласия на предоставление/получение информации**
Осы арқылы мен «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес «KMF Банк» АҚ-ға БСН 061240001583 (бұдан әрі - Банк): - дербес, биометриялық және/немесе өзге де деректерді жинауға, өңдеуге және осы деректерді кредиттік бюроларға беруге; - Банктің мемлекеттік және мемлекеттік емес дерекқорларынан (бұдан әрі – МДҚ) мен туралы ақпарат алуына; - кредиттік бюроның Банкке МДҚ-дан алынған мен туралы ақпаратты беруіне; - кредиттік бюроның МДҚ операторларынан/иелерінен МДҚ-дан мен туралы ақпаратты алуына; - МДҚ иелерінің мен туралы ақпаратты беруіне; - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаға мен туралы қолда бар және болашақта келіп түсетін ақпаратты беруге; - Банктің «Туыстық байланыс» МДҚ-дан немесе туыстық байланыс жөніндегі өзге де МДҚ-дан мен туралы ақпаратты, оның ішінде балалар туралы мәліметтерді алуына; - Банктің МДҚ-дан салық құпиясын құрайтын мәліметтерді, дербес медициналық деректерді, сонымен қатар заңмен қорғалатын құпияның өзге де түрлерін қамтитын мен туралы ақпаратты алуына; - менің биометриялық аутентификациямды СДАО пайдаланып жүргізуге; - электрондық цифрлық қолтаңба кілттерін жасауға және электрондық цифрлық қолтаңба сертификатын беруге, оның ішінде Банкте жеке келген кезімде алған; - - Банкке және үшінші тұлғаларға, оның ішінде Банк акционерлеріне, үлестес және Банкпен байланысты өзге де тұлғаларға, Банк серіктестеріне, коллекторлық агенттіктерге, уәкілетті органдарға, құқық қорғау органдарына және өзге де арнайы мемлекеттік органдарға, лауазымды және өзге де уәкілетті тұлғаларға (бірақ олармен шектелмей) қазіргі уақытта және болашақта, сондай-ақ Банк мәміле бойынша қатысушы немесе тарап болатын ұйымға (бұдан әрі – Ұйым), «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ БСН 120940011577, «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС БСН 040940002421, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ БСН 971240002115, «КаР-Тел» ЖШС БСН 980540000397 (бұдан әрі бірлесіп және жекелей «Операторлар» деп аталады) менің дербес	Настоящим в соответствии с Законом Республики Казахстан от 21 мая 2013 года № 94-V «О персональных данных и их защите» и иными нормативными правовыми актами Республки Казахстан предоставляю свое конкретное, информированное и сознательное согласие АО «KMF Банк» БИН 061240001583 (далее - Банк), на: - на сбор, обработку персональных, биометрических и/или иных данных и на передачу этих данных в кредитные бюро; - на получение Банком из государственных и негосударственных баз данных (далее – ГБД) информации обо мне; - на предоставление кредитным бюро Банку информации обо мне, полученной из ГБД; - на получение кредитным бюро информации обо мне из ГБД от операторов/владельцев ГБД; - на предоставление владельцами ГБД информации обо мне; - юридическому лицу, осуществляющему по решению Правительства Республики Казахстан деятельность по оказанию государственных услуг в соответствии с законодательством Республики Казахстан, предоставлять имеющуюся и поступающую в будущем обо мне информацию; - на получение Банком информации обо мне из ГБД «Родственные связи» или иной ГБД по родственным связям, в том числе сведений о детях; - на получение Банком информации обо мне из ГБД, содержащих сведения, составляющие налоговую тайну, персональные медицинские данные, а также иные виды охраняемой законом тайны; - на проведение моей биометрической аутентификации с использованием ЦОИД; - на создание ключей электронной цифровой подписи и выдачу сертификата электронной цифровой подписи, в том числе, полученное при моем личном присутствии в Банке; - на сбор и обработку Банком и третьим лицам, включая (но, не ограничиваясь) акционерам Банка, аффилированным и иным лицам, связанным с Банком, партнерам Банка, коллекторским агентствам, уполномоченным органам, правоохранительным органам и иным специальным государственным органам, должностным и иным уполномоченным лицам, как в настоящее время, так и в будущем, а также организации, где Банк выступает участником или стороной по сделке (далее – Организации)), АО «Государственное кредитное бюро» БИН 120940011577, ТОО «Первое кредитное бюро» БИН 040940002421, АО «Единый накопительный пенсионный фонд» БИН 971240002115, ТОО «КаР-Тел» БИН 980540000397 (далее совместно и

деректерімді (Клиенттің және заңды өкілінің дербес деректерін) жинауға және өңдеуге өзімнің нақты, ақпараттандырылған және саналы келісімімді беремін, олар соның ішінде мына деректерді қамтиды: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса); жынысы, туған күні, айы, жылы және туған жері; азаматтығы; резиденттігі (резиденттік елі және салық резиденттігі); FATCA белгісі туралы мәліметтер; жария лауазымды тұлға мәртебесінің болуы немесе жария лауазымды тұлғаға қатысы туралы мәліметтер; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжат деректері; кіріс және шығыс төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша төлем деректемелері; ақшаның шығу көзі; менің геолокациям; IP-мекенжайым; ұялы байланыстың абоненттік нөмірі; банктік шот бойынша операциялар жүргізілген ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының параметрлері (сәйкестендіргіштер: IMEI/IMEISV, Device ID, Android ID); ұялы байланыс абоненттік құрылғысының микрофонына қолжетімділік; электрондық банктік қызметтер ұсынылған жағдайда, сондай-ақ қолданыстағы және жабық төлем карталары; ұялы байланыстың абоненттік нөмірлері және бұрын пайдаланылған ұялы байланыстың абоненттік құрылғысының параметрлері туралы мәліметтер; биометриялық деректер; тұрғылықты жері, заңды мекенжайы (тіркелген жері), жұмыс орны туралы мәліметтер; пошталық және электрондық мекенжайы, телефон нөмірлері; іскерлік қатынастардың мақсаты мен сипаты туралы мәліметтер; сәйкестендіру/аутентификация/авторизация үшін пайдаланылатын қолтаңба (өз қолымен және/электрондық-цифрлық), мөрлер, факсимиле, алгоритмдер, кодтар, код сөздері (идентификатор сөздері) немесе сәйкестендіру кодтары және өзге де деректер; фотосурет және бейнекөрініс; білімі, мамандығы туралы мәліметтер; отбасы жағдайы және отбасы құрамы туралы мәліметтер (оның ішінде кәмелеттік жасқа толмаған балаларының дербес деректері); мүліктік жағдайы, табысы, кредиттік тарихы және берешегі туралы мәліметтер; банк, сақтандыру, салық құпиясын құрайтын мәліметтер, дербес медициналық деректер, сонымен қатар заңмен қорғалатын құпияның өзге де түрлері; кез келген өзге де дербес деректер.

Мен туралы, соның ішінде дербес деректерді және банктік құпияны қамтитын мәліметтерді жинауға және өңдеуге және талаптарға осы келісім жиынтығында Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына жауап беретін дербес деректерді және банктік құпияны қамтитын мәліметтерді, яғни Банк қызметі барысында Банкке белгілі болатын немесе белгілі болған, сауалнамаларды, өтініштерді, шарттарды, Банктің өзге де құжаттарын толтыру барысында мен ұсынған мәліметтерді (бірақ олармен шектелмей) қоса алғанда, электрондық, қағаз нұсқада және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште берілген барлық мәліметтерді 1) Банк Жарғысына және банктік және өзге де операцияларды атқаруға берілген лицензияға сәйкес банктік және өзге де қызметтерді/операцияларды көрсету/жүргізу, қызметті жүзеге асыру; 2) кез келген шарттарды/мәмілелерді жасау және оларды әрі қарай орындау барысында өзара іс-қимылды жүзеге асыру; 3) Банктің акциялар, сауалнамалар, зерттеулер жүргізуі, көрсетілетін қызметтер, өнімдер туралы, жаңа өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді әзірлеу туралы ақпарат пен ұсыныстар беру; 4) статистикалық есептілікті қалыптастыру, оның ішінде үшінші тұлғаларға ұсыну үшін; 5) алаяқтық, шоттан (шоттардан) ақша ұрлау, өзге де құқыққа қайшы әрекеттер (оқыс оқиғалар) жағдайларын анықтау, болашақта осындай құқыққа қайшы әрекеттердің (оқыс оқиғалардың) алдын алу және осындай әрекеттердің салдарын оқшаулау; 6) тиісті тексеру, сондай-ақ банктік операцияларға қатысты қаржылық мониторинг бойынша шараларды жүзеге асыру; 7) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті орган мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында мәліметтер мен құжаттар алмасуды жүзеге асыру; 8) СДАО пайдаланып биометриялық аутентификация жүргізу мақсатында; 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес дербес деректерді жинау, өңдеу қажеттілігі туындайтын өзге де мақсаттар үшін жинауға және өңдеуге жазбаша келісімді танытатынын түсінемін.

Осы келісім Банктің банктік және өзге де операцияларды/қызметтерді көрсету/жүзеге асыру, сондай-ақ банктік қызмет көрсету шарттарының, азаматтық-құқықтық және (немесе) өзге де құқықтық қатынастардың қолданылу кезеңіне және Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банктің ішкі нормативтік құжаттарында көзделген тиісті құжаттарды/шарттарды және дербес деректерді сақтау кезеңіне берілді. Келісімді мен жоғарыда көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті менің

по отдельности именуемые как «Операторы») моих персональных данных (персональных данных Клиента и законного представителя), которые включают, в том числе следующие данные: фамилия, имя, отчество (при наличии); пол, год, месяц, дата и место рождения; гражданство; резидентство (страна резидентства и налоговое резидентство); сведения о признаке FATCA, сведения о наличии статуса публичного должностного лица или причастности к публичному должностному лицу; индивидуальный идентификационный номер; данные документа, удостоверяющего личность; платежные реквизиты по входящим и исходящим платежам и (или) переводам денег; источнике происхождения денег; мою геолокацию; IP-адрес; абонентский номер сотовой связи; параметры абонентского устройства сотовой связи (идентификаторов: IMEI/IMEISV, Device ID, Android ID) с использованием которых проведены операции по банковскому счету; доступ к микрофону абонентского устройства сотовой связи; в случае предоставления электронных банковских услуг, а также сведений о действующих и закрытых платежных карточках; абонентских номерах сотовой связи и параметрах абонентского устройства сотовой связи, ранее использованных; биометрические данные; сведения о месте жительства, юридическом адресе (месте регистрации), месте работы; почтовый и электронный адреса, номера телефонов; сведения о цели и характере деловых отношений; подпись (собственноручная и/электронно-цифровая), печати, факсимиле, алгоритмы, коды, кодовые слова (слова-идентификаторы) или идентификационные коды и прочие данные, используемые для идентификации/аутентификации/авторизации; фотографическое изображение и видеоизображение; сведения об образовании, профессии; сведения о семейном положении и составе семьи (в том числе персональные данные несовершеннолетних детей); сведения об имущественном положении, доходах, кредитной истории и задолженности; сведения, составляющие банковскую, страховую, налоговую тайну, персональные медицинские данные, а также иные виды охраняемой законом тайны; любые иные персональные данные.

